



«АДАЛ АЗАМАТ»

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ



10–11 СЫНЫП БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
ЭССЕЛЕР ЖИНАҒЫ



Астана, 2025

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК**

**«АДАЛ АЗАМАТ» ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ
10-11 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
ЭССЕ ЖИНАҒЫ**

Астана, 2025

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұсынымы негізінде республика мектептерінде «Білімім – Отаныма!» тақырыбындағы сынып сағаты аясында эссе байқауы ұйымдастырылды. Эссе байқауы 2025 жылғы 8 – 23 мамыр аралығында өтті.

Мақсаты: білім алушылардың өз білімдері мен іс-әрекеттерін ел дамуына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына қосқан үлесі ретінде бағалап, болашаққа саналы мақсаттар мен жоспар құруына ықпал ету.

10-11 сынып білім алушылары «Адал азамат» тақырыптық бағыты бойынша:

- Сен үшін «Адал азамат» деген кім?
- Қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді?
- Ар-ұждан мен намыс адалдыққа қалай әсер етеді? – тақырыптарына эссе жазды.

Үздік жұмыстар 2025 жылғы 23 мамыр «Білімім – Отаныма» бірыңғай сынып сағаты барысында оқылып, білім алушылар марапатталды.

Эссе жинағына 10–11 сынып білім алушыларының құқықтық сана, әділеттілік және азаматтық жауапкершілік тақырыптарына арналған шығармашылық жұмыстары енгізілген. Жас авторлар адалдық ұғымына терең үңіліп, оның тұлғалық қасиет ретіндегі маңызын, қоғам мен мемлекетті дамытудағы рөлін өз пайымдары арқылы баяндайды. Эсселерде оқушылар заңға құрмет, адамгершілік қағидалар, белсенді азаматтық ұстаным және қоғамдық тәртіптің маңызы жайлы жазған. Жинақта 198 жұмыс ұсынылған..

Жинақ жоғары сынып оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, адалдық пен әділеттілікке негізделген көзқарасын нығайтуға бағытталған.

Сейтқадыр Гүлім

Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Адал азамат

Қазақстанның болашағы–жастардың қолында. Әрбір азаматтың адалдығы мен адамгершілігі қоғамның негізін қалайды. Адалдық – бұл тек шындықты айту ғана емес, ол–уәдеге беріктік, әділдікке ұмтылу, өз ісіне және Отанына деген жауапкершілік. Адал болу – ардың, ұяттың, тәрбиенің көрінісі. Адал азамат қоғамда сенімге ие болып, өзгелерге үлгі бола алады.

Адал азамат – елінің дамуына үлес қосатын, заң мен тәртіпті құрметтейтін, халықтың сенімін ақтайтын тұлға. Мұндай азамат әрқашан өз арының алдында таза болуға тырысады. Ол қандай жағдай болмасын, әділдік пен шындықты жақтайды. Қызметінде де, күнделікті өмірінде де адалдықты серік етіп, жалпы жұрттың игілігі үшін еңбек етеді. Адалдық - адамды кемелдікке жеткізетін қасиет. Қоғамда мұндай тұлғалар көп болса, елдің болашағы жарқын болады.

Қазіргі таңда қоғамға адал, білімді және еңбекқор жастар ауадай қажет. Мемлекетіміздің өркендеуі де осындай азаматтардың көп болуына байланысты. Ата-бабаларымыз адалдықты басты құндылық ретінде ұстанып, ұрпағын соған тәрбиелеген. Бүгінгі ұрпақ сол рухани мұраны жалғастыруы тиіс. Мектеп қабырғасынан бастап, жастарға адалдық, жауапкершілік, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру маңызды. Себебі, адал азамат – кез келген қоғамның тірегі.

Қорытындылай келе, әрбір адам өз өмірінде адал болуға ұмтылса, қоғамда сенім, тұрақтылық және әділеттілік орнайды. Адал азамат – жарқын болашақтың кепілі. Ол – тек өзінің емес, айналасындағы адамдардың да болашағына оң әсер ететін күш. Сондықтан адалдықты өмірлік ұстанымымыз етіп, жауапты, әділ және иманды азамат болуға тырысайық!

Мұратбек Жанел

Астана қаласы Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы, 11 «А» сынып оқушысы

Адал азамат кім? Адал азамат қандай болуы керек?

Адал, парасатты, иманды, адами қасиеттері бар тұлға деп айтар едім. Адалдық – шыншылдық, айнымастық, әділдік сияқты игі қасиеттері болуы қажет. Жаныңызда адал адамдар болса оны бағалай білу керек. Оған өзінде шынайылығыңды көрсете білген жөн. Қазақ пайымында адам бойындағы адалдық – ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді, тағы басқа асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады.

Өмірде мен өз әкемді адал азамат деп айтар едім. Мен үшін әкем парасатты, ізденімпаз, сауатты, жан-жағындағы адамдарға қамқор, өз ісінің шебері, білімді, патриот азамат. Ол Тұран университетінде бірнеше жылдан бері қызмет етеді. Әкем Бауыржан Искаков - экономика ғылымдарының докторы. Ол кісінің бір ерекшелігі - әрбір студенттің жүрегінен жол таба біледі. Студенттерге қаржылық сауаттылыққа байланысты лекциялар оқиды, олардың пікірін тыңдайды.

Еліміздің экономикасына байланысты бірнеше мақалалары бар және теледидардан сұхбат береді. Әкемнің берген сұхбаттарында қазіргі жастарға қаржылық сауаттылық туралы нақты пікірлер айтылған. Сонымен қатар, отбасымыздағы бала тәрбиесіне де ерекше мән береді. Әрқайсысымызға үнемі әкелік мейірімін бере алады. Біз көпбалалы отбасымыз. Отбасының үлкені болғандықтан ең алдымен ата-анамға қарап бой түзеймін. Әкем шыншылдықты, шынайылықты, жанашыр болуды, көмек керек кезде қол ұшын соза білуді ақыл-кеңес ретінде айтып отырады. «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады» - деп бізге жиі еске түсіріп отырады.

Мен үшін әкем өмірдегі ең сыйлы адам. Көбінесе ер азаматтар әкем сияқты шынайы болса екен деп ойлаймын. Осындай ата - анам бар мен Тәуелсіз елімнің бақытты азаматымын!

Жекен Оразгүл

№3 мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық-адамның шынайы болмысы мен ішкі рухани тазалығының белгісі. Бұл қасиеттің қалыптасуына ар-ұждан мен намыс тікелей әсер етеді. Олар адамды өтірік пен әділетсіздіктен сақтап, шыншыл болуға итермелейді.

Ар-ұждан – адам жанындағы рухани таразы. Ар-ұжданы ояу жан қандай жағдай болмасын, дұрыс шешім қабылдауға тырысады. Бұл туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады». Яғни, ар-ұждан адамның адамдық деңгейін көрсететін маңызды қасиет. Мысалы, тауып алған мүлікті иесіне қайтарған жан ар-ұжданның үніне құлақ асқанының айғағы.

Намыс - адамның абыройын, қадір-қасиетін биік ұстауға деген ішкі ұмтылысы. Намысты адам үшін өтірік айту немесе біреуге зиян келтіру- арға қарсы шығумен тең. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Арың-өмірің, арсыз болма!» деп ар мен намыстың адам өміріндегі орнын анық көрсеткен. Намыссыз адам өзгеге қиянат жасаудан тайынбаса, намысты жан мұндайға ешқашан жол бермейді.

Ар -ұждан мен намыс адамды қиын сәттерде де тура жолдан тайдырмайды. Мәселен, әділетсіздікке тап болғанда, ар-ұждан үнсіз қалуға жол бермейді, ал намыс шындық үшін күресуге серпін береді. Бұл орайда Бауыржан Момышұлының: «Намысты нанға сатпа!» - деген жалынды сөзі әрбір қазақтың жүрегінде жаңғырып тұруы тиіс.

Ұзын сөздің қысқасы, ар-ұждан мен намыс— адалдықты қалыптастыратын басты рухани тіректер. Бұл екеуі адам болмысының мәнін айқындайтын терең құндылықтар. Нағыз адал болу - ар мен намысты бәрінен биік қояудан басталады.

Абилова Аружан

№3 мектеп-гимназиясы, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық-адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Адал адам - шыншыл, әділетті, ішкі сеніміне қарсы келмейтін тұлға. Ал бұл қасиетті қалыптастыруда ар-ұждан мен намыстың орны ерекше.

Ең алдымен, ар - ұждан адамның іс- әрекетіне баға беретін ішкі төреші іспеттес. Егер адам өтірік айтса немесе біреуге қиянат жасаса, ары маза бермейді. Мұндай жағдайда адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, шыншыл болуға тырысады. Бұл ар - ұжданның адалдыққа итермелейтін күші.

Ал намыс - адамның сыртқы мінез-құлқына әсер ететін рухани ұйым. Намысты адам ешқашан өз абыройына кір келтіретін әрекетке бармайды. Мысалы, ұрлық жасау немесе өтірік айту намыссыздықтың белгісі. Өз қадірін білетін адам адал жолмен өмір сүруге ұмтылады. Бұл оның тек өзін ғана емес, ата-анасын, ұлтын, тәрбиесін құрметтейтін білдіреді.

Ар - ұждан мен намыстың ықпалы болмаса, адам шындық пен өтірікте ажырата алмай, моральдық құндылықтың негізі, рухани тірегі болып тамылады. Адал адам - қоғам үшін үлгі, себебі, ол әділеттілік пен сенімділікті дәріптейді.

Қорытындылай келе, ар-ұждан мен намыс – адам бойындағы адалдықтың басты қайнар көздері. Бұл қасиеттердің арқасында адам дұрыс пен бұрыста айырады.

Наношкина Алина

№3 мектеп-гимназиясы, 11 «Б» сынып оқушысы

Закон и порядок - это основа любого цивилизованного общества. Без них невозможно представить стабильное и безопасное существование людей. Закон регулирует поведение граждан, устанавливает границы дозволенного и запрещенного, а порядок обеспечивает соблюдение этих правил в повседневной жизни.

Для меня, как ученицы 11 класса, важно понимать, что закон - это не просто набор правил, а гарантия наших прав и свобод. Он защищает нас от несправедливости, беззакония и хаоса. Порядок же помогает обществу функционировать эффективно: когда люди соблюдают закон, они чувствуют себя защищенными и уверенными в завтрашнем дне.

Но нельзя забывать, что закон и порядок - это не только ответственность государства, но и каждого человека. Мы должны уважать правила, выполнять свои обязанности, не нарушать права других и жить по законам того государства, в котором живем. У каждой страны свои порядки и свои законы. Только так можно создать гармоничное общество, где царит справедливость и взаимное уважение.

В заключение хочу сказать, что закон и порядок - это фундамент, на котором строится наше будущее. Без них невозможно развитие и процветание любой страны. Поэтому каждый из нас должен ценить и поддерживать этот

важный принцип жизни. Только уважая закон, исполняя свои обязанности и сохраняя порядок, мы сможем построить общество, в котором будут царить справедливость, мир и уверенность в завтрашнем дне.

Хандилова Аружан

№5 гимназия, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық адамның ең асыл қасиеттерінің бірі. Адал азамат өз Отанына, еліне, отбасына шын берілген, шыншыл, әділ жауапты адам. Мұндай адам әрқашан шындықты ту етіп ұстайды, ешқашан өтірік пен екіжүзділікке жол бермейді. Адал азамат болу – тек заңды сақтау ғана емес, ішкі ар-ұяттың тазалығы. Адал жан уәдесіне берік, аманатқа қиянат жасамайды. Негізінде адал азамат болу – әрдайым оңай емес. Себебі, шынайы өмірде адалдық жиі сынаққа түседі. Алайда тура жолдан таймай, ар - ұжданын сатпай, шындықты жақтай білетін адам ғана адал азаматтықтың үлгісі бола алады.

Адал жандар қоғамға үлгі бола отырып, айналасындағы адамдарға сенім ұялатады. Қарапайым еңбек адамы өз ісіне адал болса, ел дамуына үлес қосады. Мұғалімнің адалдығы–шәкіртінің жүрегіне жол табуы. Сонымен қатар адал - халық саулығының тірегі. Адамның өмірі – ең қымбат құндылық. Сол өмірге тікелей жауапты маман – дәрігер. Адал дәрігер болу–үлкен жауапкершілікті, адалдықты талап ететін қасиет. Ауруханаға көмек сұрап келген әрбір адам дәрігерге сенім артады. Бұл сенімді ақтау үшін дәрігер өз ісіне адал, білікті, шыншыл болуы тиіс. Пандемия кезінде дәрігерлердің адалдығы мен жанқиярлығы нағыз ерлік. Олар өз өмірлерін қатерге тігіп, мыңдаған жанның аман қалуына себепші болды.

Адал адам ұғымы туралы айтылған ұлағатты ойлар өмірде көптеп кездеседі. Атап айтар болсақ, Абай Құнанбайұлы «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой-бес асыл іс, көнсеңіз» - деп адал ұғымының негізгі ұстамдарын ұсынады. «Адалдық - ардың ісі», «Адал кісі арымас» деген секілді халық даналығы да бекерге айтылмағаны анық. «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен» деген М. Әуезов те саналы ойдың сәулесін түсіреді. Осындай ұлағатты ойлардан тәлім-тәрбие алған біздер, Отанымызға адал қызмет етуіміз қажет. Әрқайсымыз Елбасымыз айтқан «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» деген қағидалы сөзін бойтұмарымыздай сақтасақ, адал азамат боларымыз анық. Егер әр азамат адал болуға ұмтылса, елімізде сенім, әділет пен тұрақтылық орнайды. Адалдық–мәңгілік құндылық.

Қорыта айтқанда, адал азамат - елдің болашығын қалыптастыратын негізгі тұлға.

Осындай ұлағатты ойлардан тәлім-тәрбие алған әр азамат адал болуға ұмтылса, елімізде сенім, әділет пен тұрақтылық орнайды.

Амангелді Нұрәлі
№5 гимназия, 11 «А» сынып оқушысы

Қоғамның өркендеуі мен дамуы әрбір азаматтың ішкі мәдениетіне, адамгершілік қасиетіне тікелей байланысты. Осындай асыл қасиеттердің бірі – адалдық. Адал болу – тек шындықты айту емес, бұл – жандүниенің тазалығы, істеген ісіңе жауапкершілікпен қарау, әділ болу және өзгелерге зиян келтірмеу. «Адалдық – адамның ең басты байлығы» деп бекер айтылмаған. Өйткені адал адам қай қоғамда, ұжымда, ортада болсын құрметке ие болады.

Мен үшін «адал азамат» дегеніміз – сөзі мен ісі бір жерден шығатын, ешкімге қиянат жасамайтын, шыншыл әрі әділетті жан. Мұндай адам өз пайдасынан бұрын елдің, халықтың игілігін ойлайды. Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!» – деп адамға деген махаббат пен адалдықты ұлықтаған. Адал азамат – ел ішінде сыйлы, жастарға үлгі, үлкендерге құрмет көрсете білетін парасатты тұлға.

Қоғамның дамуына адал азаматтардың қосар үлесі зор. Себебі адал адамдар – жемқорлыққа қарсы, әділеттілікті ту еткен, шындықты қорғайтын жандар. Ондай азаматтар өмірде әділ шешім қабылдайды, қиын сәтте ар мен ұждан жолын таңдайды. «Арым – жанымның садағасы» деген қағидалы сөзді өмірлік ұстаным етеді.

Ар - ұждан мен намыс – адамның ішкі бағдары. Бұл екеуі жоқ жерде адалдық та болмайды. Арын сақтаған адам ғана ел алдында таза жүреді. «Арынан айырылған адам – адам емес» дейді халқымыз. Намысты азамат өз еліне, жеріне, тіліне, дініне адал болады. Қазіргі қоғамда дәл осындай тұлғалар ауадай қажет.

Қорытындылай келе түсінгеніміз – адал азамат елдің болашағы. Адалдық – тәрбиемен бірге дамитын асыл қасиет. Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, адал азамат болу – парыз деп білемін. Адамдық, азаматтық, адал азамат – бұл адам бойындағы құнды қасиеттер адам баласының адастырмас қазығы. Сондықтан біз, жас ұрпақ, елімізде адал қызмет ететін азамат болуға ұмтылуымыз қажет. Тек сонда ғана жарқын болашаққа қол жеткізе аламыз.

Даирова Айгерім
№5 гимназия, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адамның ең басты асыл қасиетінің бірі. Адал азамат дегенде мен, ең алдымен, сөзінде тұратын, елі мен жеріне шын ниетімен қызмет ететін, ар-ұяты таза адамды елестетемін.

Мен үшін адал азамат – өз пайдасынан бұрын елінің болашағын ойлайтын, қиын сәтте қашпай, жауапкершілікті мойнына ала алатын адам. Мысалы: Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан сынды Алаш қайраткерлері өз ұлтының жарқын болашағы үшін жанын қиған. Олар үшін адалдық тек жеке қасиет емес, бүкіл халық алдындағы борыш еді. Осыған қарап, адалдық – жай ғана мінез емес, үлкен азаматтық ұстаным екенін ұғуға болады.

Қоғамның дамуы үшін адал адамдардың рөлі ерекше. Егер әр азамат өз ісіне адал болса, жемқорлық азаяды, әділет орнайды, заң үстемдігі күшейеді. «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» деген сөз бар. Мысалы, ұстаздар оқушыларға сапалы білім беруге шын көңілмен тырысса, дәрігерлер наукастарды емдеуде адалдық танытса, бүкіл қоғам алға жылжиды.

Демек, адалдық - даму мен өркендеудің негізі. Ар - ұждан мен намыс - адалдықтың ішкі тірегі. Ар-ұяты бар адам ешқашан қиянат жасамайды, себебі ол өз ішкі дүниесімен есептесе біледі.

Адалдық пен ар-ұят бір-бірімен тығыз байланысты: ар - ұяты бар адам намысты биік ұстайды, өтірік айтпайды, өз ісіне ұялмайтындай әрекет жасайды.

Қорыта айтқанда, адал азамат – қоғамның қозғаушы күші. Ондай адам тек өзіне ғана емес, айналасына, тіпті тұтас елге үлгі болады. Адалдық – жүректен шыққан тазалық. Егер әрбіріміз адал болуға тырыссақ, еліміздің болашағына қосқан зор үлесіміз болар еді. «Адалдық ардың ісі, ауырлықты көтеру – нардың ісі» - деген тәлімді сөзден тәрбие алсақ, алар асуларымыз мол болмақ.

Бенгард Дарья

№5 гимназия, 11 «Б» сынып оқушысы

Как честность влияет на развитие общества?

Честность - это основа устойчивого и здорового общества. Без неё невозможно выстроить подлинное доверие ни между людьми, ни между обществом и государственными институтами. Быть честным - значит говорить правду, быть открытым, не бояться признавать свои ошибки. Благодаря именно этим качествам формируется атмосфера доверия, которая необходима для гармоничной работы в масштабах всей страны.

Честность оказывает заметное влияние на многие сферы нашей жизни. Особенно ощутимо это в экономике. Когда люди уверены в завтрашнем дне, они охотнее вкладывают деньги - в банки, компании, проекты. Они знают: вложения не исчезнут, а принесут плоды. Такая уверенность подталкивает к активному участию в жизни общества и способствует росту уровня жизни. Нельзя забывать: честность - это и основа справедливости. В честном мире человек получает по заслугам, а не по хитрости. Там, где ценится искренность, меньше места для обмана и махинаций. Но значимость честности особенно проявляется в обыденной жизни. Не списывать, не лгать родным, не подводить друзей - всё это укрепляет внутренний стержень человека. Подростковый возраст - ключевой период, когда эти качества особенно важно развивать, потому что закладываются основы личности. Кроме того, честность играет важную роль в воспитании будущего поколения. Дети смотрят на поведение взрослых: родителей, учителей, лидеров. Если они видят, что взрослые поступают честно, то воспринимают это как норму. Но, если ложь становится обыденностью, молодое поколение может

вырасти с искажённым пониманием добра и справедливости. Поэтому честность - это вклад не только в настоящее, но и в будущее общества.

Я поняла очень важную вещь: честность - это не просто нравственная черта, а фундамент, на котором держится сильное, справедливое и благополучное общество. А начинается всё с каждого из нас. Чем больше среди нас тех, кто живёт честно, тем крепче становится общество и выше качество жизни. Будь честен - и мир ответит тебе взаимностью. Именно так открывается дорога в светлое будущее.

Епифанцева Анна

№5 гимназия, 10 «В» сынып оқушысы

Кто для тебя «адал азамат»?

Когда я думаю о добропорядочном человеке, мне не приходит в голову какой-то идеальный герой из учебника. Для меня это просто человек, который честен, даже если это не всегда легко. Например, мой сосед, который никогда не пройдёт мимо чужой беды. Или учитель, который одинаково относится ко всем ученикам. Такой человек, у которого слова и поступки всегда совпадают.

Я помню слова замечательного казахского писателя и общественного деятеля Абиша Кекильбаева о том, что «честь – это не что-то внешнее, а то, что живёт внутри нас». Настоящий добропорядочный человек – это не тот, кто красиво говорит, а тот, кто делает правильные вещи, даже если никто не видит, кто всегда честен. Честность – это как воздух: мы её не замечаем, пока она есть, но если её нет, всё рушится. Если каждый будет честен хотя бы с собой, то многое в обществе изменится. Сейчас кажется, что добропорядочных людей становится всё меньше, поэтому важно не забывать, что простая искренность, человечность и честность – это то, что действительно ценно. Добропорядочный человек не будет прятаться за чужими спинами, а будет идти по жизни гордо и прямо. Понятие «добропорядочный человек», на мой взгляд, неразрывно связано и с понятием «совесть». Совесть – это такой внутренний компас. Даже если нет чётких правил, она помогает понять, что правильно, а что нет. Об этом же писал великий Абай: «...без совести человек теряет лицо, а без чести - смысл жизни».

Быть добропорядочным в современное время непросто, но важно оставаться собой, потому что именно это делает мир лучше.

Оралбай Дилназ

№5 гимназия, 10 «Б» сынып оқушысы

Кто для тебя «Адал азамат»?

В современном обществе, полном разнообразия, важно не отрекаться от собственных моральных ценностей, ведь потерять их бывает очень легко. На мой взгляд, важно быть не просто гражданином своей страны, а стремиться к тому, чтобы наши жизненные принципы были прочными, нравственными и полезными

не только нам, но и обществу. Что же для меня значит понятие «Адал азамат»? Смогут ли добропорядочные люди в дальнейшем помочь развитию нашего общества?

Я считаю, что настоящий успех развития страны и общества кроется в том, чтобы сохранять честность и совесть в первую очередь перед самим собой. Благочестивый человек не обманывает, не предает и не идет на компромисс со своей совестью. В обществе такие люди становятся примером для подражания. Их поведение учит окружающих быть справедливыми, добрыми и честными. Благодаря им формируется культура доверия и уважения. Именно этот фактор играет большую роль в становлении сильного и справедливого сообщества. Также стоит обратить внимание на ключевой момент, связанный с совестью. Поведение всех людей формируется и в дальнейшем развивается под влиянием различных факторов. Одним из таких факторов выступают моральные ценности, которые помогают человеку ориентироваться в окружающем мире. Данные ценности усваиваются не в силу того, что человеку удобно или выгодно принимать их во внимание, а в силу того, что они функционируют таким образом, что оказывают воздействие на убеждения и стремления человека. Коротко говоря, это наш внутренний судья, который как бы свидетельствует о том, насколько наши поступки заслуживают одобрения или неприятия, или более того – осуждения. Основная функция наших установок – моральный самоконтроль.

Основные принципы, которыми руководствуется добропорядочный человек, – это совесть и честность. Совесть учит быть честным, а честность укрепляет совесть. Вместе они формируют внутренний стержень человека, который впоследствии будет оказывать мощное влияние на образ жизни, духовное развитие и моральные принципы человека. В обществе, где ценится честность, меньше обмана, предательства и несправедливости. Такие отношения делают людей ближе, а государство сильнее. Честь и совесть вместе формируют сильную личность, а именно – добропорядочного человека. Если человек живет с чувством личного достоинства и имеет высокие нравственные принципы, то его по праву можно назвать «Адал азамат».

Таким образом, «Адал азамат» – это не просто идеал, а реальная жизненная цель. Стремясь к честности, справедливости и доброте, мы не только формируем свою личность, но и вносим вклад в общее развитие нашего общества. И именно такие люди становятся его настоящей опорой.

Соболева Ярослава

№ 6 гимназия, 10 «А» сынып оқушысы

Что значит быть честным гражданином?

Честным гражданином в первую очередь считается человек бескорыстный, он делает все на благо общества. Такие качества важны во все времена, ведь

именно благодаря им может быть построено справедливое, здоровое общество, где все уважают друг друга. Я считаю, что каждый человек обязан быть честным гражданином. И вот почему.

В литературных произведениях можно найти множество примеров как честных граждан, так и бесчестных. В романе-эпопее «Война и мир» Л. Н. Толстого одним из самых добропорядочных героев является Андрей Болконский. Это персонаж, наделённый богатым внутренним миром, постоянно развивающийся. Его честность и чувство справедливости сначала выражаются в отречении от светского общества, наигранность и фальшь которого были ему противны. Но далее Андрей раскрывается как настоящий патриот, готовый защищать свою Родину от внешнего врага. Его стойкость на поле боя и готовность отбить вторжение французов служат отличным примером того, каким должен быть честный гражданин.

Примером честного гражданина может также служить Беликов из рассказа А. П. Чехова «Человек в футляре». Он был учителем греческого языка в гимназии. Всякого рода нарушения, отклонения, отступления от правил приводили Беликова в уныние, ведь он боялся абсолютно всего, а правила дарили ему чувство контроля. Такая честность, доведённая до абсурда, не приносила никому счастья. Все в городе его боялись и сторонились, ведь он на всех собраниях жаловался, предлагая исключать учеников и наказывать за несоблюдение порядков. Его чрезмерная порядочность и честность не привели его ни к чему хорошему, а наоборот, окружили его оболочкой и оттолкнули людей вокруг. Таким образом, Беликов в рассказе показывает, что во всем должна быть мера, даже в честности и добропорядочности.

В мировой литературе существует также примеры бесчестных героев. Например, в поэме Н. В. Гоголя «Мёртвые души». Главным героем произведения является Павел Иванович Чичиков, бывший коллежский советник. Он приезжает в некий город N и пытается войти в доверие ко всем обитателям города. Лишь в конце поэмы мы узнаем, что Чичиков - мошенник. Его целью была скупка умерших крестьян, которые еще числились живыми. Но по мере знакомства Чичикова с чиновниками становится понятно, что он не единственный отрицательный персонаж. Чиновников автор рисует как безликую массу, погрязшую во взятках и коррупции. Поэма Н.В. Гоголя наполнена бесчестными персонажами, души которых начали разлагаться из-за лжи и желания наживы.

В заключение хочу сказать, что оставаться честным гражданином может быть сложно, но не оставаться вовсе - невозможно, ведь честность и справедливость - это те качества, которые делают нас людьми и способствуют взаимоуважению.

Евстафьева Дарья

№ 6 гимназия, 11 «В» сынып оқушысы

Честность - это не просто черта характера, а основа доверия между людьми и обществом. Быть честным человеком - значит не бояться говорить правду, поступать справедливо даже тогда, когда это сложно. В Казахстане, как и во всем мире, от личной честности каждого человека зависит будущее страны

Честный гражданин уважает законы, не берёт и не даёт взятки, не обманывает ради выгоды. Он понимает: любая мелкая ложь со временем разрушает общественное доверие.

На земле, где особенно важно продолжить формирование сильного и справедливого государства, честность становится основой для развития. Она начинается с малого: с честного труда, уважения к окружающим, бережного отношения к природе и Родине. Такие люди вдохновляют других своим примером и становятся опорой общества.

Честность - это выбор каждого дня. От того, насколько мы честны перед собой и своей страной, зависит, каким Казахстан увидят будущие поколения. Лишь будучи честными, мы сможем построить сильное, устойчивое и справедливое государство.

Талғат Діннияз

Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 11 «Ғ» сынып оқушысы

Қоғамның негізі – адам. Адамсыз қоғам болмайды, ел өркендемейді. Бірақ та әр адам бірдей болмайды және кез келген адам қоғам ұйытқысы бола бермейді. Қоғамды алға жетелейтін, халық сенетін азаматтар – нағыз адал азаматтар. Ал шын мәнінде адал азамат болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы керек?

Ең бастысы – адалдық. Адалдық – адамгершілік пен тазалықтың, әділеттілік пен ұяттылықтың көрінісі. Адал азамат – елдің тірегі, халықтың сеніміне ие болатын, өз ар-ұяты мен жауапкершілігін жоғары қоятын тұлға. Адал азамат болу – ең әуелі жауапкершілік, әділеттілік сияқты қасиеттерді жинақтау деген сөз. Мұндай адам өз пайдасы үшін өзгеге зиян келтірмейді.

Адалдық қоғамның дамуына үлкен ықпал етеді. Егер әр адам өз ісінде адал болса, мемлекет те дамып, әділетті қоғам қалыптасады. Адал мұғалім – болашақтың шынайы жолын көрсететін тұлға. Адал дәрігер – адам өмірін қорғайтын азамат. Адал басшы – елдің тірегі. Осындай азаматтар көбейсе, еліміздің болашағы жарқын болмақ. Адалдықтың тағы бір мәні – ұрпаққа үлгі болуында. Ата-ананың адалдығы баланың бойында да қалыптасады. Отбасында адалдық үстемдік құрса, әл-қайда да елге де әділетті болуға тырысады.

Адал ұрпақ – ел болашағының кепілі. Сондықтан үлкендер тарапынан адалдықтың үлгісі көрсетілуі аса маңызды. Сонымен қатар, адал адам – рухы биік адам. Ол ішкі жан дүниесімен тазарған өмір сүреді. Өйткені ол өтірік айтудан, алаяқтық жасаудан аулақ жүреді. Мұндай адам өзгенің емес, өз еркімен келетін жеңіске жетеді. Олар – нағыз бағытта адаспаудың көрінісі.

Ар - ұят – адалдықтың ішкі тірегі. Бұл үшін адамның өзі де адалдықты мақсат етіп қоюы керек. Ар-ұятты жоғары қойған адам адалдықтан

ауытқамайды. Ар-ұятты таза адам қандай жағдай болса да, шындық пен әділетті ұстанады.

Қорытындылай айтқанда, адал азамат – ел болашағының кепілі. Егер әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, адалдықты өмірлік ұстаным етсе, қоғамымыз әділетті, мейірімді әрі берекелі болады. Адалдық пен ар-ұятты басты құндылық ретінде бағалай білсек, біз шын мәнінде дамыған, рухани бай ел бола аламыз.

Куштова Аза

Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

В слове «честность» заложена суть человека. И каждый должен понимать её важность. Ведь это позволяет почувствовать и себе, и другим, что человек достоин доверия. Честность укрепляет доверие, заполняет сердца и является залогом светлого будущего.

Самое главное, это внутренняя вселенная мира. Ведь честность - это проявление настоящих поступков человека. Она может быть в мелочах: сообщить правду, признать ошибки, быть честным даже перед собой.

Честность - это не просто знание законов, а следование внутреннему компасу, который подсказывает, что правильно. Быть верным своим словам и обещаниям - значит быть человеком, которому можно доверять.

Эта черта становится заметна всем, кроме самого человека. Если человек не замечает, насколько он нечестен, он боится только закона и осуждения окружающих. Именно поэтому с детства слово «честность» должно иметь большое значение в воспитании. Важно формировать её не через наказание, а через понимание и примеры.

Если каждый будет честен - общество станет безопаснее и добрее. Закон и справедливость будут строиться не на страхе, а на доверии. Люди, окружающие честного человека, учатся уважать других. Это воспитывает культуру, снижает агрессию и объединяет.

Я считаю, что честность - это основа сильного общества. Она начинается с малого: сказать правду, не обмануть, выполнить обещанное. И тогда человек будет честен перед другими и - самое главное - перед собой.

Жәнібек Толғанай

№8 мектеп-лицейі, 11 «А» сынып оқушысы

Мен үшін адал азамат – өз ісіне, сөзіне, еліне және халқына шын берілген, әділдікті ту еткен, ар-ұжданын бәрінен жоғары қоятын тұлға. Адал адам – аманатқа қиянат жасамайтын, шындықты бетке айтатын, қандай жағдай болмасын, өз ұстанымынан таймайтын жан. Оның ішкі дүниесі мен сыртқы әрекеті үйлесімді, сөзі мен ісі сәйкес келеді.

Адалдық – қоғамның дамуы мен өркендеуінің негізі. Егер әр азамат өзіне жүктелген міндетке адал қараса, елімізде әділдік, сенім, тәртіп орнайды. Адалдық бар жерде жемқорлық, қылмыс, алдау-арбау секілді теріс әрекеттерге жол берілмейді. Осылайша, әділетті қоғам қалыптасады, адамдар бір-біріне сеніммен қарайды, ал бұл–тұрақтылық пен өркендеудің кепілі. Адал азамат болу – тек заңға бағыну емес, ол – жүректен шығатын ниет. Мұндай адам өз пайдасын емес, елдің болашағын ойлайды.

Мысалы, мектеп оқушысы емтиханда «шпаргалкасыз», ұялы телефоннан көшірмей, өз білімімен жақсы баға алса, бұл да – адалдықтың белгісі. Ал мұғалім оқушыларды шын ниетпен тәрбиелеп, оларға жан-тәнімен білім беріп қана қоймай, адалдықтың символы бола білсе –келешекте еліне, халқына адал қызмет ететін азамат тәрбиелегені, қоғамға қосқан үлкен үлесі.

Ар - ұждан мен намыс – адалдықтың бастауы. Адам өзінің ар-ұжданы алдында таза болуға тырысса, әрбір ісінде әділдік пен шындықты ту етеді. Намысы бар адам ешқашан елінің абыройын түсірмейді, керісінше, халқының мүддесін бәрінен жоғары қояды.

Қорытындылай келгенде, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі» дегендей, егер еліміздегі әрбір азамат адал болуға ұмтылса, өзінің емес, халқының қамын ойлайтын білімді, адалдық пен әділдікті ту еткен, ар-ұжданын бәрінен жоғары қоятын азамат болып тәрбиеленсе, еліміз мықты, әділетті, өркениетті мемлекетке айналары сөзсіз. Сондықтан адал азамат болу – әр адамның парызы екенін ұмытпайық, жас ұрпақ!

Байғожа Жазира

№8 мектеп-лицейі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Менің ойымша, адал азамат - бұл тек қана заңға бағынатын емес, ең алдымен жүрегі таза, ниеті түзу, елі мен жеріне жанашыр адам деп ойлаймын. Адалдық-адамның ішкі тазалығы, мінездің беріктігі және жауапкершіліктің көрінісі. Адал азаматтың сөзі мен ісі бір-бірімен қабысып тұрады. Ол екіжүзділік пен әділетсіздікке жол бермейді, қандай жағдай болса да шындықты айтады.

Мен ойлаймын, нағыз адал азамат - еліне, отбасына, айналасындағы адамдарға жанашыр, сенімді адам. Ол - уәдесіне берік, ешкімге қиянат жасамайтын, мемлекетінің игілігі үшін аянбай тер төгетін тұлға. Мұндай адамдар қоғамда сирек кездессе де, сондай адамдарды көргенде шынайы адамгершілік пен әділдіктің бар екендігіне сенуге болады. Олар ақша мен мансапқа қызықпай, адал еңбекпен, таза жүрекпен өз жолын қалыптастырады.

Бүгінгі қоғамда адалдықтың маңызы бұрынғыдан да жоғары деп есептеймін. Себебі кейде пайда табу үшін өтірікке жүгініп, өзгеге зиян келтіруден тайынбайтын жандар көбейіп кетті. Осындай жағдайда ар-ұятына адал, принципін сатпайтын азаматтар - шын мәнінде елдің тірегі. Меніңше, дәл осындай жандардан мемлекетіміздің болашағын қалыптастыратын қайраткерлер

шығады. Олардың бойындағы шынайылық, әділеттілік пен табандылық - кейінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс.

Әркім үшін «Адал азамат» ұғымы әртүрлі мағына беруі мүмкін. Біреулер үшін бұл – заңды бұзбайтын, ешкімге зиян келтірмей өмір сүретін адам болуы мүмкін. Енді біреулер үшін – отбасына адал, бала-шағасының қамын ойлайтын әке болуы мүмкін. Ал кейбіреулер үшін адал азаматты – мемлекет мүддесін бәрінен жоғары қоятын, еліне аянбай маңдай терімен қызмет ететінді патриот деп қабылдайды. Ал менің ойымша, адалдық – әр адамның өмірлік ұстанымына айналған, қалыптасатын қасиет. Бірақ қалай болғанда да, мен адал азаматты ішкі ар-намысы мен ұятына қарсы шықпайтын, шынайылықты сүйетін тұлға деп есептеймін.

Қорытындылай келе, мен үшін адал азамат – бұл тек сөзбен емес, іспен дәлелдейтін, жүрегі таза, ойы адал адам. Адалдық – адамның ішкі әлемінің айнасы. Мұндай қасиет кез келген адамды биікке көтеріп, өзгелерге үлгі етеді. Егер әр азамат өзінің адалдығын жоғалтпай, шынайы өмір сүрсе, қоғамымыз әділетті, мемлекетіміз мықты болатынына сенемін.

Букенбаева Анеля

№8 мектеп-лицейі, 11«Б» сынып оқушысы

Қазіргі қоғамда адалдық - ең маңызды адамгершілік қасиеттердің бірі. Ол қасиетке балаларды мектеп жасынан бастап бойына сіңдіріп тәрбиелейді. Соның арқасында ол бала болашақта еліне, өзіне адал қызмет етіп, нанын адал тауып өмір сүре алады.

Адал азамат болу - тек заңды бұзбау ғана емес, өз парызына адал болу, ешкімнің ала жібін аттамау. Мұғалім, ата-ана, достарына деген адалдық - адамның тұлға ретінде қалыптасуының негізі.

Өмірімізде көптеген адамдар әртүрлі бейнеде кездесіп жатады: бірі атақты, бірі ақылды, енді бірі бай. Дегенмен, адаммен адамды біріктіретін, әрбір адамға күш қуат беріп, әрі қарай дамуына үлкен әсер ететін адами құндылықтардың бірі “адалдық. Меніңше, нағыз құрметке ие адам - «адал адам». Адал адам болу арқылы өзіне кез келген бастама да, қиын жағдайларда өзіне қолдау білдіріп, сенім артатын адамдарды табуымызға болады. Адал адаммен араласу — жанға жайлы, себебі оның сөзі мен ісі үнемі бір жерден шығады.

Адалдықтың арқасында адам тек достар мен қолдаушылар ғана емес, өмірлік мүмкіндіктер де таба алады. Яғни ол адамның адалдығы міндетті түрде байқалады Сол жан жұмыста болсын, оқуда болсын дәрежесі жоғарылап, жақсы жетістікке жетеді.

Бірақ кейде адал болу қиын болады. Оған мысал менің қазіргі жағдайым: ҰБТ-ға дайындық кезінде жастар қысқа әрі тез орындалатын жол іздеп, жақсы нәтижеге жетіп жатқанын көргенде, өзіңнің қаншама ұйқысыз түндерің, қаншама еңбекпен жазылған конспекттерің көз алдыға елестейді. Тіпті, кей кездері сенің

нәтижең оның нәтижесінен төмен болып жатады. Бұл бір қарағанда өте ауыр тиеді, тіпті оқуға құлшынысың болмай қалуы да мүмкін. Бірақ бәрібір түбінде адалдық өз жемісін береріне сенімдімін.

Мен өз өмір жолымды адалдықпен ұштастырғым келеді.

Қабылбек Малика

№ 9 «Зерде» мамандандырылған мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Әр адамға үлгі боларлық, әділ әрі шыншыл азаматтар ел тағдырында үлкен рөл атқарады. Мен үшін адал азамат - өз халқына адал қызмет ететін, шындық пен ар-ұждан жолынан таймайтын тұлға. Адалдық - әр адамның бойындағы ең асыл қасиет. Абай Құнанбайұлы: «Адал еңбекпен мал іздемек-ол арлы адамның ісі» деп, адам адал еңбекпен ғана өсіп, елге пайда әкелетінін айтқан.

Біз 10-сыныпта Абайдың өмірі мен шығармаларын оқып, оның адалдық туралы ойларымен таныстық. Абай - шыншылдық пен адалдықтың үлгісі. Оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде елінің мүшкіл халіне алаңдауы - үлкен азаматтық. Ал «Сегіз аяқ» өлеңінде «Адал бол - бай тап, Адал бол - мал тап» деген үзіндіде, надандық, өтірік, ұрлық сынға алынып адал өмір сүру насихатталды. Абай атамыз адам болу үшін ақыл, ар, еңбек керек екенін айтады. Бұл - адал адамзат болудың басты шарты.

Адал азаматтың тағы бір үлгісі - Ғабит Мүсірепов. Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасында Мүсіреповтің бейнесі өте жақсы ашылған. Ол халқының аштық пен жапа шегуін көре тұра үнсіз қалмаған. Ол өз халқын қорғап тарихи хатқа қол қойып, үлкен батылдық көрсетті. Ғабит Мүсіреповтің «Адалдық: өзі алданса алданар, өзі ешкімді алдамас» деген сөзі оның адал азамат екенін, ішкі тазалығын сипаттайды.

Қорыта айтқанда, мен үшін адал азамат - Абай атамыздай және Ғабит Мүсіреповтей еліне адал, шындық үшін күресе алатын, ар-ұлты биік тұлға. Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиет. Мен де болашақта сондай азамат болуға, ел үшін адал еңбек етуге тырысамын. Себебі, адалдық қана - елді алға жетелейтін күш.

Рахмет Аружан

Жұмабек Тәшенов атындағы №10 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылық – жай ғана ұран емес, ол нақты заң мен тәртіпке негізделеді. Әрбір азаматтың қауіпсіздігі мен бостандығы, қоғамның дамуы осы екі ұғымның беріктігімен тікелей байланысты. Алайда заң қағазда емес, адамның санасында өмір сүруі тиіс. Меніңше, заңды сақтау – бұл қорқыныштан емес, жауапкершіліктен туындайтын қасиет болуы керек.

Біріншіден, заңды сақтау адамның өзінен басталуы керек.

Көп жағдайда адамдар заңды сыртқы күштің талабы ретінде қабылдайды. Бірақ заң — қорқыныш емес, ортақ тәртіп ережесі. Егер әркім заңды өзінің ішкі тәртібімен байланыстырса, қоғамда бейберекетсіздік болмайды. Мысалы, автобуста кезексіз алға ұмтылатын адам — кішкентай болса да, заңсыздыққа жол беріп отыр. Осындай ұсақ тәртіп бұзушылықтар жиналып келіп, үлкен мәселе тудырады. Әр азамат «бұл — менің таңдауым, мен заңды сыйлаймын» деген ішкі сеніммен өмір сүруі керек.

Екіншіден, заң үстемдігін орнатуда әділ басқару шешуші рөл атқарады.

Қоғамда заң бұзушыға емес, әділ жанға қарап бой түзейді. Егер шенеунік пара алып, жазасыз қалса, халықта "бәрі рұқсат" деген түсінік қалыптасады. Керісінше, кішкентай құқық бұзушылықтың өзі әділ түрде жазаланса, заңға деген сенім артады. Әділеттілік тек сотта емес, күнделікті өмірде де көрінуі керек. Мысалы, бай мен кедейдің, таныс пен бейтаныстың заңы — бірдей қолданылуы тиіс.

Үшіншіден, заң — құр ереже емес, мәдениет болуы керек.

Батыс елдерінде адамдар заңды полициядан қорыққаннан емес, ұяттан, қоғамның сынынан қорыққаннан сақтайды. Бұл — құқықтық мәдениеттің нәтижесі. Бізде де заңды сақтау тек жазадан қашу емес, қоғам алдындағы жауапкершілікке айналуы керек. Ол үшін бала кезден бастап "не істеуге болады, неге болмайды?" деген жатталған формуланы емес, "неге керек?" деген сұрақты санаға сіңіру қажет. Сонда ғана адам заңды шын түсінеді.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіптің сақталуы — тек биліктің немесе полицияның жұмысы емес, бұл — баршаның ортақ ісі. Егер қоғамда әр адам заңға өз жүрегімен бағынса, әділет пен тәртіп өздігінен орнайды. Ұсыныс ретінде: мектеп бағдарламасына құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті тереңірек енгізіп, баланы жастайынан заңды сүйуге тәрбиелеу — шынайы өзгерістің бастамасы болар еді.

Барзу Аружан

Жұмабек Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

Заң мен тәртіп — кез келген мемлекеттің іргетасы. Онсыз тұрақтылық та, әділет те, бақыт та болмайды. Қазіргі қоғамда бұл тақырыптың өзектілігі артып отыр: әлеуметтік теңсіздік, құқық бұзушылық, жемқорлық — күнделікті жаңалыққа айналды. Бұл дерттен айығу үшін рухани және құқықтық сана қажет. Ендеше, заң мен тәртіп сақтау жолында не істеу керек?

Алдымен әр азамат өзін мемлекет алдындағы жауапты тұлға ретінде сезінуі тиіс. Қоғам заңмен өмір сүрсе ғана өркениетке қадам басады. Мұны ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары жақсы түсінді. Мысалы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды тұлғалар тек білім мен мәдениетті ғана емес, заңға негізделген әділетті қоғам құруды мақсат етті. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал тағдыры — әділетсіздік

пен тәртіпсіздіктің құрбаны. Бұл шығарма арқылы автор сол кездегі заңсыздық пен еркіндіктің жоқтығын сынға алады.

Сондай-ақ, С.Жүнісовтің «Ақан сері» романындағы Ақан образы – рухани еркіндікті аңсаған, бірақ қоғамдағы қатігез тәртіп пен әділетсіз заңдарға қарсы тұрған кейіпкер. Оның еркіндігі заңға сыймай, түптің-түбінде қоғамнан оқшауланды. Бұл да заң мен адамгершілік арасындағы қайшылықты көрсетеді. Тіпті халқымыздың ерлік пен парасаттың символына айналған Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп кесіп айтты. Бұл – еркіндікті заңсыз елестететіндерге берілген сілкініс. Шын еркіндік – тәртіп пен заңды мойындағанда ғана мағына алады, ал бассыз еркіндік – хаосқа апарар жол екенін ұғыну керек.

Қазіргі таңда заң мен тәртіптің сақталуы тек жоғары деңгейде ғана емес, білім беру жүйесінде де өзекті. Мектеп – болашақ азамат қалыптасатын алғашқы орта. Өкінішке қарай, бүгінгі мектептерде тәртіпсіздік, әлімжеттік секілді көріністер жиі байқалады. Бұл – заңға құрметтің төмендігінен. Сондықтан құқықтық тәрбиені бастауыш сыныптан бастап, өмірлік мысалдармен ұштастырып оқыту қажет. Оқушыларды құқық қорғау органдарымен таныстыру, тәртіп сақтау ұйымдар мен арнайы сабақтарға қатыстыру – олардың бойында заңға деген сенім мен жауапкершілікті қалыптастырады. Міне осындай жүйелі біркелкі жұмыс арқылы ғана тәртіп – санаға айналады.

Заң мен тәртіп – сыртқы бақылау мен бағыну емес, ішкі сенім мен рухани тұрақтылық. Алаш арыстары мен көркем шығармалардағы кейіпкерлер бізге тек заңға бағынуды емес, оны әділетпен ұштастыруды үйретеді.

Сулейман Шыңғыс

Жұмабек Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы - әрбір азаматтың қауіпсіз өмір сүруінің негізі. Бұл тыныштықтың кепілі - заң мен тәртіп. Егер қоғамда заң сақталмаса, бейберекетсіздік пен әділетсіздік белең алып, адамдардың бір-біріне деген сенімі жойылады. Сондықтан заң мен тәртіптің сақталуы - кез келген мемлекет үшін ең маңызды мәселе.

Заң мен тәртіп сақтау алдымен әр адамның өзіне, яғни ішкі жауапкершілігі мен санасына байланысты. Егер әр азамат өз әрекетінің салдарын түсініп, заңға бағынып жүрсе, қоғам да тыныш болады. Мысалы, мектептегі оқушылар ережені сақтап, бір-біріне құрметпен қараса, тәртіп те сақталады. Бұл - үлкен қоғамның шағын үлгісі.

Заңның әділдігі мен дұрыс орындалуы үшін құқық қорғау органдары мен сот жүйесі де адал жұмыс істеуі қажет. Егер заң бәріне бірдей қолданылса, халықтың оған деген сенімі артады. Сондай-ақ, адамдардың құқықтық сауаттылығы да маңызды. Көп жағдайда адамдар заңды білмегендіктен, оны бұзып жатады. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап құқықтық білім беру

маңызды. Бұған қоса, отбасындағы тәрбие де үлкен рөл атқарады. Ата-ана баласына заңды құрметтеу мен тәртіпке бағынудың маңызын түсіндірсе, ол бала болашақта саналы азамат болып өседі.

Бұл мәселелер қазақ әдебиетінде де көтерілген. Мәселен, «Абай жолы» романында Абайдың әділетке ұмтылысы мен қарапайым халықты қорғауға деген талпынысы - заң мен тәртіпке деген ішкі жауапкершіліктің жарқын мысалы.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп сақтау - тек мемлекеттің емес, әрбір азаматтың міндеті. Заңға бағыну арқылы біз қоғамға деген құрметімізді көрсетеміз. Егер әр адам осыны түсініп, әділдікті бірінші орынға қойса, тәртіп те, тыныштық та өздігінен орнайды.

Абдыкадиров Алмаз

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы № 11 мектеп-лицейі, 10 «А» сынып оқушысы

Қазақ халқы ежелден адалдықты, әділеттікті, адамгершілікті жоғары бағалаған халық. «Арыңды сатпа, барым кетсе де» деген нақыл сөздерден-ақ халқымыздың рухани биік, ұлттық құндылықтарға бай екенін байқаймыз. Осындай ұлы қасиеттердің ішінде адалдық – нағыз азаматтың белгісі.

Адал азамат – елін сүйетін, ар-намысын биік ұстайтын, халыққа шын ниетімен қызмет ететін тұлға. Бұл ұғымды сөзбен емес, өмірімен дәлелдеген ұлы Абай Құнанбайұлы – менің рухани ұстазым, үлгі тұтар тұлғам. Абай өзінің қара сөздері мен өлеңдерінде шыншылдықты, адалдықты, ғылым-білімге құштарлықты насихаттады. Ол «Адам баласының ең жаманы – надан, жалқау, өтірікші» деп, адал еңбектің қадірін терең түсіндірді. Абай үшін нағыз азамат – ойы таза, жүрегі кең, ісі әділ жан болатын.

Ұлттық құндылықтардың бірі – имандылық, құрмет, еңбекқорлық сынды қасиеттер де адалдықпен тығыз байланысты. Адал адам ата-анасын сыйлайды, ұстазына құрметпен қарайды, елдің игілігіне үлес қосуға ұмтылады. Осындай қасиеттерді бойына сіңірген азамат – ел тірегі.

Мен де болашақта елімнің адал азаматы болғым келеді. Абай атамыз айтқандай, «Адам болам десеңіз» – әр күнімді пайдалы білім мен адал істерге арнағым келеді. Елімнің дамуына, халқымның өркендеуіне өз үлесімді қосу – менің армандарымның бірі.

Қорытындылай келе, адал азамат болу – ұлттық болмысымызды сақтау, Абай сынды ұлы тұлғалардың аманатына адал болу. Егер әрбір жас ұрпақ осы жолды таңдаса, Қазақстанның болашағы жарқын боларына сенемін.

Ким Екатерина

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы № 11 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

В современном обществе важно не только быть умным и образованным, но и оставаться честным человеком. Честный гражданин - это человек, который

живёт по совести, соблюдает законы, уважает других и берёт на себя ответственность за свои поступки. Именно такие люди делают наше общество сильным и справедливым.

Честность проявляется в самых разных ситуациях. Иногда это значит сказать правду, даже если это трудно. Иногда - не списывать во время контрольной работы, не брать чужое, даже если никто не видит. Честный человек не совершает плохих поступков не потому, что боится наказания, а потому, что считает это неправильным.

С детства нас учат быть честными: не обманывать родителей, учителей, друзей. В школе мы сталкиваемся с первыми настоящими испытаниями честности. Например, можно ли подсмотреть ответ на экзамене? Можно ли взять чужую вещь? Каждый из нас делает выбор, и этот выбор формирует наш характер.

Честный гражданин - это также тот, кто заботится о своей Родине. Он не равнодушен к тому, что происходит вокруг. Он не пройдёт мимо несправедливости, всегда поможет тем, кто в беде, будет защищать природу, уважать труд других людей.

Каждое государство нуждается в гражданах, которые не только уважают законы, но и живут, по совести. Один из важнейших нравственных качеств человека - это честность. Честный гражданин - это тот, кто честен не только перед окружающими, но прежде всего перед самим собой и своей страной.

Честность - это основа доверия между людьми. Когда человек честен, ему верят, его уважают, на него можно положиться. В масштабах всей страны это качество становится основой сильного, справедливого общества. Именно честные граждане становятся примером для подражания, строят справедливое государство, борются с коррупцией, защищают права других людей.

Честный гражданин никогда не обманет во благо себе, не воспользуется чужим трудом, не нарушит закон ради выгоды. Он не только соблюдает правила, но и осознаёт свою ответственность перед обществом. Например, он не выбрасывает мусор на улице, платит налоги, уважает других, честно трудится и помогает тем, кто в этом нуждается.

Честность начинается с малого. Мы, школьники, проявляем её в простых вещах: не списывать на контрольной, не обманывать учителя или родителей, выполнять свои обещания. Именно с таких, на первый взгляд, незначительных поступков начинается формирование настоящего гражданина.

Очень важно воспитывать честность с раннего возраста семье, в школе, в обществе. Государству нужны не только образованные, но и морально устойчивые, принципиальные, адал (честные) азаматтар. Когда каждый человек будет жить по совести, страна будет процветать, а народ - жить в мире и согласии.

Кроме того, честный гражданин - это патриот. Он любит свою Родину не на словах, а на деле. Он не равнодушен к её судьбе, он участвует в жизни

С самого детства нас учат быть честными: не обманывать родителей, говорить правду в школе, не списывать на контрольных. На первый взгляд кажется, что честность - это дело личное. Но если задуматься, можно понять, что честность играет огромную роль в жизни всего общества.

Честность помогает строить доверие между людьми. Когда люди честны друг с другом, они могут спокойно работать вместе, договариваться, помогать и поддерживать друг друга. К сожалению, из-за обмана и жадности одного человека страдает всё общество.

В экономике честность играет важную роль. Честные предприниматели платят налоги, не обманывают покупателей, следят за качеством своей продукции. В стране, где трудятся такие люди, для жизни народа создаются хорошие условия.

Наконец, честность - это пример для подражания. Молодёжь смотрит на взрослых. Если они видят, что родители, учителя и руководители честны, то и сами стараются быть такими же.

Честность - основа для счастливой, стабильной и развитой жизни всего общества. Если каждый человек будет стремиться к честности, мир станет лучше.

Талап Кунай

№39 кешкі (ауысымды) мектеп, 11 сынып оқушысы

Честность – одна из тех добродетелей, которые кажутся простыми на первый взгляд, но требуют огромные внутренние силы. Настоящий честный человек – не просто тот, кто избегает лжи, а тот, чьи мысли, слова и поступки гармонично отражают его принципы. Это личность, для которой правда становится основой существования, даже если ее следствием становится трудности или непонимание.

Истинная честность начинается с искренности перед самим собой. Как писал Сократ, познание себя - первый шаг к подлинности. Человек, который признает свои слабости, ошибки и противоречия, не боится смотреть в лицо реальности. Например, герой романа Ф.М. Достоевского, Родион Раскольников, проходит мучительный путь осознания своей вины. Его честность с собой становится ключом к искуплению. Честный человек строит доверительные отношения, ведь его слова не расходятся с делами. Однако правда не всегда удобна. Вспомним героя пьесы А.Н. Островского «Гроза», Катерину, которая предпочла смерть жизни в лицемерии. Ее трагедия показывает, как общество

может подавлять тех, кто отказывается играть по его правилам. Но даже в таких условиях, честность ставится мерилom человеческого достоинства.

Қадыр Данель
№41 орта мектеп, 10 сынып оқушысы

Если у меня спросят: «Какой он - честный гражданин?» Я отвечу, что честный гражданин – это мой отец. Мой отец — это не просто человек, который следует законам. Это тот, кто осознанно принимает на себя ответственность за свои поступки, уважает других людей, заботится о своей стране и её будущем.

Честность — это внутренняя сила, которая проявляется в поступках. Я могу точно сказать, что мой папа всегда говорит правду, какая бы она не была, он не ищет выгоду. Я иногда спрашиваю: «Папа, ну почему ты такой правильный?» Он отвечает: «Я просто делаю так, как меня научили мои родители, и я всегда знаю, что на меня смотрят мои дети, я для них пример, своими поступками я воспитываю их». Честный гражданин соблюдает правила не из страха наказания, а потому что понимает, что это правильно. Мой папа никогда не пройдёт мимо несправедливости, постарается помочь, где может, и не останется равнодушным. Быть гражданином - значит быть частью общества. А значит, важно не только думать о себе, но и заботиться о том, что происходит вокруг. Мой отец никогда не бросит мусор на улице, не будет портить общественное имущество, не примет участие в коррупции. Он не только знает свои права, но и выполняет свои обязанности: постоянно чему-то учится, работает, помогает другим.

Мне кажется, особенно важно быть честным в мелочах. Именно с малого начинается настоящее гражданское сознание. Если каждый будет честным в своей семье, в школе, на работе, тогда и общество в целом станет крепче и справедливее. Честный гражданин — это человек, на которого можно положиться. Это основа сильной и достойной страны. Я хочу быть именно таким гражданином и верю, что наше поколение сможет сделать Казахстан лучше.

Пшембаева Айым
№ 46 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 10 «А» сынып оқушысы

Уильям Шекспир писал: «Моя честь – моя жизнь, они неразлучны: возьмите у меня честь – и жизни конец». Эти слова не теряют актуальности и сегодня. Великий драматург подчёркивал, что честь для человека — не просто слово, а жизненная основа. Почему же понятие чести так важно для каждого из нас?

Честь — это внутреннее достоинство, основа совести и моральных принципов. Это не формальный закон, а нечто глубоко личное и духовное. Человек, обладающий честью, поступает правильно не из страха наказания, а

потому что по-другому просто не может. Он живёт в гармонии с собой и с окружающим миром.

Во-первых, человек чести никогда не предаёт свои принципы, даже если это приносит трудности. Пример тому князь Андрей Болконский из романа Льва Толстого «Война и мир». Он отказывается от пустых светских развлечений ради настоящей службы Отечеству и сражается на поле боя с чувством долга. Он не гонится за славой, не стремится к выгоде — его поступки продиктованы честью, благородством и внутренней правдой. Даже перед лицом смерти он остаётся верен себе. Этот образ показывает, как глубоко честь может определять жизненный путь человека.

Во-вторых, честь проявляется и в повседневной жизни — в честности, умении держать слово и отстаивать справедливость. Однажды в моей школе случилась непростая ситуация: одного ученика несправедливо обвинили в списывании. Многие отводили глаза и молчали, боясь быть замешанными. Но мой друг нашёл в себе смелость рассказать правду — даже зная, что учителя могут не поверить. Благодаря его словам правда восторжествовала. Тогда я впервые по-настоящему поняла, что честь — это не громкие слова, а готовность поступать честно даже тогда, когда это неудобно или страшно.

Таким образом, честь - это не просто красивое слово, а прочный внутренний стержень, без которого личность теряет своё достоинство. Человек без чести может внешне казаться успешным, но рано или поздно он столкнётся с пустотой внутри. И наоборот, человек чести может быть незаметным, но именно он - настоящая опора для семьи, общества и страны.

Поэтому Шекспир был прав: потеря чести - это и есть настоящая утрата жизни. Потому что без неё жизнь лишается смысла и достоинства.

Полумордвинова Алина

№ 46 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 10 «В» сынып оқушысы

Иногда человеку достаточно остаться одному, чтобы услышать голос совести. А иногда - нужно смотреть в глаза другим, чтобы почувствовать вес чести. И тогда, между ними, как мост, возникает честность.

Честность - это не просто говорить правду. Это жить так, чтобы самому не было стыдно. Но откуда рождается честность? Из страха наказания? Нет. Из страха потерять самого себя - свою честь и совесть.

Вспомним Раскольникова из романа Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание». Он пытался оправдать убийство теорией о «праве сильного». Но совесть - не теория. Она шептала, мучила, не давала спать. Его поступок не был честным, потому что он пошёл против своей совести. А значит, потерял и честь. Только через страдания и покаяние он начал восстанавливать в себе человека. Или другой пример - Пьер Безухов из романа Л.Н Толстого «Война и мир». Он

богат, влиятелен, но чувствует внутреннюю пустоту. Он задаётся вопросами: зачем он живёт, и что такое быть честным? Только пережив личную трагедию и оценив достоинство простых людей, он начинает понимать, что настоящая честь — не в дворянском звании, а в честности перед собой и другими. Его совесть становится компасом, а честь опорой.

Интересно, что честь часто связана с тем, как нас видят другие. Совесть с тем, как мы видим себя. А честность - это когда между этими взглядами нет разницы.

В реальной жизни это особенно важно. Человек может обмануть других, но он не сможет обмануть свою совесть. И если внутри него есть честь - он не допустит, чтобы честность стала жертвой выгоды. Поэтому совесть и честь - как два крыла птицы. Без одного из них честность не взлетит. Она либо превратится в наивную прямолинейность, либо в лицемерие под маской добродетели.

В мире, где границы между ложью и правдой размыты, именно совесть и честь могут удержать человека на пути к истине. Моя твердая позиция в жизни заключается в том, что нужно жить не ради награды, не ради похвалы - а ради себя самого. Жить честно - значит не терять лицо даже тогда, когда никто не смотрит.

Лукашевич Дарья

№ 46 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 11 «В» сынып оқушысы

Честность - одно из важнейших нравственных качеств человека. Она означает правдивость, искренность, умение поступать справедливо даже тогда, когда это невыгодно. Именно честность лежит в основе человеческого достоинства, потому что без неё невозможна ни гармония, ни уважение со стороны других.

Честный человек вызывает доверие. Его слова не расходятся с делом, а поступки соответствуют внутренним убеждениям. Он не лжёт, не обманывает, не скрывает правду ради выгоды. Такая искренность требует мужества и силы характера. Нередко честность связана с трудностями: сказать правду бывает непросто, особенно если она неприятна. Но именно в такие моменты проявляется настоящее достоинство умение стоять за правду, даже рискуя оказаться в невыгодном положении.

Это можно показать на примере романа «Абай жолы», в котором сам Абай выступает символом правды, мудрости и честности. Он не боится высказывать своё мнение, даже если оно противоречит взглядам старейшин и большинства. Именно благодаря своей честности и стремлению к справедливости Абай становится уважаемым и достойным человеком. А вот ложь и лицемерие разрушают достоинство. Человек, который обманывает других или самого себя, рано или поздно теряет уважение. Его слова перестают иметь вес, его поведение

вызывает сомнение. Даже если ложь кажется безобидной или удобной, она постепенно разрушает внутреннюю целостность личности.

Таким образом, честность - это не просто нравственный выбор, это фундамент, на котором строится достоинство. Я думаю, что только честный человек может чувствовать себя по-настоящему свободным и уважаемым. В современном мире, полном лицемерия и обмана, особенно важно сохранять в себе это качество, ведь именно оно делает нас настоящими людьми.

Ли Анна

№ 47 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 10 «А» сынып оқушысы

Жизнь, словно горная река, несет нас сквозь бурные пороги испытаний и тихие заводи размышлений. И в этом бурном потоке, среди мелькающих пейзажей, легко потерять ориентир, поддаться соблазну кривых дорог, обещающих легкую наживу и мгновенный успех. Но внутренний голос настойчиво шепчет: «Надо жить честно».

Я помню, как в детстве меня захватила жажда признания. Хотелось быть лучшей, первой, особенной. И ради этого я была готова немного приукрасить правду, немного схитрить, немного умолчать. Казалось, это мелочи, маленькие компромиссы, которые помогут мне быстрее достичь желаемого. Но каждый такой компромисс оставлял горький осадок, разъедал душу изнутри. Однажды мой обман повлек за собой серьезные последствия. Я подвела человека, который мне доверял. Боль, которую я увидела в его глазах, стала для меня самым суровым наказанием. В тот момент я поняла, что ни слава, ни успех, ни признание не стоят того, чтобы потерять доверие, потерять себя. С тех пор я стараюсь жить по принципу честности. Это не значит быть идеальным, это значит быть искренним, в первую очередь, перед самим собой. Признавать свои ошибки, говорить правду, даже когда это трудно. Да, иногда это больно, иногда это требует мужества. Но это приносит невыразимое облегчение, дает ощущение внутренней гармонии и свободы. Жить честно – это смотреть в зеркало без стыда, видеть в отражении человека, поступки которого не запятнаны ложью, предательством, лицемерием. Это когда слова не расходятся с делом, когда обещания не превращаются в пустой звук, а намерения чисты, как горный ручей.

Я не знаю, что ждет меня впереди. Но я точно знаю, что хочу оставить после себя след, который не будет запятнан ложью и лицемерием. Я хочу, чтобы мои дети гордились мной, чтобы мои друзья мне доверяли. Потому что честность – это не просто моральный принцип, это фундамент, на котором строится настоящая, полноценная жизнь. Это эхо, которое возвращается к нам с благодарностью и уважением. Когда ты живешь честно, ты излучаешь свет, который притягивает к себе таких же людей. Ты становишься примером, вдохновением для других. Ты меняешь мир вокруг себя, делая его чуточку лучше, справедливее, добрее.

Вопреки искушениям, вопреки соблазнам, вопреки страху – надо жить честно. Потому что это единственный способ сохранить себя, свою душу, свою человечность. Потому что это единственный способ оставить после себя след, которым можно гордиться. Потому что только так жизнь обретает истинный смысл.

Свободно, просто, честно жить – хочу!

Мечтать, творить и Мир любить!

Сегодня я одна – как никогда...

Но верю, что придут – другие времена!

Ахмедов Абдулазим

№ 47 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 11 «А» сынып оқушысы

«Честность — это неотъемлемая часть счастья»

Лев Толстой

Честность - это не просто моральная категория. Это основа, на которой строится общество, государство, доверие между людьми. Быть честным - значит жить в согласии с совестью, не идти на компромисс с ложью даже тогда, когда это кажется самым лёгким выходом. Особенно важна честность гражданская - та, что проявляется в жизни человека как члена общества.

Когда я думаю о честном гражданине, первым делом вспоминается Андрей Болконский из романа Л.Н. Толстого «Война и мир». Это человек, который не боялся говорить правду - себе, окружающим, власти. Он не стремился казаться, он хотел быть. Даже на войне он оставался верен своим убеждениям, не поддавался пафосу, был справедлив и требователен прежде всего к себе. Такой человек - опора для государства. Другой пример - герой повести А.И. Солженицына «Один день Ивана Денисовича». Шухов - простой человек, но и он, оказавшись в нечеловеческих условиях лагеря, сохраняет внутреннее достоинство и честность. Он не крадёт, не доносит, не пресмыкается. Его честность - тихая, незаметная, но именно она даёт ему силу выжить. Не менее значимый пример можно найти у Фёдора Михайловича Достоевского в произведении «Преступление и наказание». Главный герой Родион Раскольников, пытаясь оправдать убийство, сталкивается с внутренними противоречиями, и его внутренний конфликт становится ключевым моментом в сюжете. Он постепенно осознаёт, что честный человек - это тот, кто принимает на себя ответственность за свои поступки, кто борется с совестью и стремится к искуплению.

Честный гражданин - это не обязательно герой с бронзовым взглядом. Это может быть сосед, который платит налоги и не даёт взятки. Учитель, не пишущий ложные отчёты. Врач, который лечит по совести, а не ради выгоды. В моей семье есть такой пример - мой дедушка. Всю жизнь он работал на заводе,

не был начальником, не имел наград, но всегда говорил правду, не участвовал в подлости и учил нас одному: «Честным быть трудно, но, если ты человек - другого пути нет».

Лично для меня честность - это обязательство. Я стараюсь не списывать на контрольных, не лукавить с родителями, говорить правду, даже если она кому-то неприятна. Иногда это приводит к конфликтам, иногда больно, но я чувствую: именно в такие моменты я учусь быть настоящим гражданином своей страны. Честный гражданин - это не идеал где-то в будущем. Это выбор, который каждый делает сегодня. Потому что государство начинается не с конституции, а с правды в душе каждого из нас.

Аканбаева Сабира

№ 47 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 10 «А» сынып оқушысы

Где начинается честность? Не с громких заявлений о принципах и морали, а с тихой борьбы внутри себя. С того момента, когда ты стоишь перед выбором: сказать правду, пусть и горькую, или укрыться за спасительной ложью. Честность начинается там, где заканчивается комфорт.

Русская литература, с её пристальным вниманием к моральным дилеммам и глубинным переживаниям человеческой души, всегда ставила вопрос честности в центр повествования. В гоголевском «Ревизоре» перед нами разворачивается панорама всеобщего лицемерия и коррупции. Чиновники, охваченные страхом разоблачения, готовы на любую подлость, чтобы казаться лучше, чем они есть на самом деле. Ложь становится нормой, а честность – аномалией, несовместимой с успешной карьерой. Гоголь показывает, что отсутствие честности разрушает не только моральные устои общества, но и саму его структуру, превращая его в фарс, где истина подменяется видимостью. В этом мире, где правят деньги и страх, честному человеку нет места. Еще один пример – «Вишневый сад» А.П. Чехова. Герои, каждый по-своему, нечестны. Нечестны с собой, с окружающими. Любовь Андреевна, утопающая в воспоминаниях и иллюзиях, не способна принять реальность и признать, что сад необходимо продать. Гаев, живущий в мире фантазий и красивых фраз, не предпринимает никаких действий для спасения имения. Отсутствие честности и искренности в их поступках приводит к трагическому финалу.

Писатели в своих произведениях рассматривали честность как краеугольный камень нравственности, как необходимое условие для гармоничной жизни и построения справедливого общества. Они показывали, что ложь и лицемерие разрушают не только личность, но и весь мир вокруг. Честность же, напротив, является компасом, указывающим путь к истине, к любви и к спасению. Она требует мужества, самоотверженности и готовности к самопожертвованию, но именно она дарует человеку подлинную свободу и счастье. Читая произведения русских классиков, я вновь и вновь убеждаюсь в

непреодолимой ценности честности и ее важности для каждого из нас. А как же в обычной повседневной жизни? Лично в моей жизни было немало моментов, когда честность требовала от меня смелости и решительности. В тот момент, мне пришлось проявить честность не только перед собой, но и перед всем классом. И хотя это было нелегко, чувство удовлетворения, которое я испытала, перевешивало любые возможные последствия.

К сожалению, в современном мире часто встречается принцип «выжить любой ценой». Манипуляции, обман, коррупция – все это высасывает из общества моральные устои, как засуха высосала бы из земли всю влагу. Вместо этого, мы должны помнить о том, что честность – это не слабость, а сила. Сила, способная изменить мир к лучшему.

Я так думаю, что честность – это не всегда громкие поступки. Это также и маленькие, ежедневные решения. Это отказ от взяток, это искреннее признание своих ошибок, это готовность помочь ближнему, не рассчитывая на награду. Это то, что каждый из нас должен культивировать в себе. Вот откуда берёт своё начало честность.

Сагатбеков Санжар

№ 47 балабақша-мектеп-гимназия кешені, 11 «Д» сынып оқушысы

В современном обществе понятие «честный гражданин» звучит как моральный ориентир, к которому призывают с экранов, со страниц учебников и в публичной риторике. Но кто он этот честный гражданин, и возможен ли он на практике?

Честный гражданин - это не просто человек, не совершающий преступлений. Это тот, кто уважает законы не из страха, а из убеждения, кто платит налоги, голосует на выборах, не мусорит на улицах и, казалось бы, ведёт себя так, как и положено. Однако возникает вопрос: всегда ли честность оправдана? Если закон несправедлив - должен ли гражданин подчиняться ему? А если система поощряет лицемерие - сможет ли честный человек выжить и сохранить принципы?

История знает примеры, когда именно честные граждане становились изгоями. Их называли «идеалистами», «неудобными», «наивными». Тем не менее именно такие люди двигали общество вперёд. Протест против лжи, против коррупции и социальной несправедливости часто начинался с одного честного человека.

Важный аспект - это внутренняя честность. Быть гражданином - значит не только требовать от государства, но и самому вносить вклад. Это готовность признавать ошибки своей страны, участвовать в её развитии, а не стоять в стороне. Быть честным - значит не только говорить правду другим, но и себе.

Таким образом, честный гражданин - не идеалист из учебника, а человек, способный к критическому мышлению, гражданской ответственности и

моральной смелости. В будущем именно такие граждане будут определять вектор развития обществ. И если мы хотим справедливого мира - нужно не бояться быть честными, даже если это неудобно.

Шәріп Аяулым

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №4 8 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Адалдық-адамның ең асыл қасиеттерінің бірі. Ол тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның негізі, сенім мен әділдіктің тірегі. Адал адам – ішкі дүниесі таза, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, өзіне де өзгеге де әділ қарауға тырысатын жан. Осы себепті «Адалдық- азаматтың айнасы» деп бекер айтпайды.

Адалдықтың қадірі қиын сәттерде анық байқалады. Адам қандай жағдайда болмасын шыншыл болса, ол ел алдында да, қоғам алдында да сенімге ие бола алады. Мұндай адамға айналасы сенеді, құрметтейді. Адал азамат әділдікті ту етіп ұстап, ешкімге қиянат жасамақ емес. Өз ұстанымына берік болады. Адалдық тек сөзде емес, істе де көрінуі керек. Оқушы болса сабақта, жұмысшы болса еңбек етуде, шенеунік болса халыққа қызмет ету жолында адал болуы тиіс. Өкінішке қарай қазіргі заманда жалған сөйлеу, жеке бас пайдасы үшін ардан безу сияқты жағдайлар кездесіп жатады.

Әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы бабамыз Әл-Фараби: «Ар-ождан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты», - деп тұжырымдайды.

Шығыс шайыры Низами былай жырлайды:

Адам болсаң, болғайсың адал жанды,

Жауыздықтан аулақ бол, сүй адамды.

Жақсылықты жақсылық табар іздеп,

Жамандықпен жақсы атақ кім шығарды?

Мұндағы адамды жақсы ететін қасиеттің бірі адалдық екенін көреміз.

Қорытындылай келе адалдық - адамның ішкі жан-дүниесі тазалығының, рухани биіктігінің белгісі. Ол - уақытша емес, мәңгілік құндылық. Әр азамат өз өмірінде адалдықты серік етсе , қоғам да таза, әділ дамитыны анық.

Қанат Аружан

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, 11 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді?

Адалдық пен әділдік – болашақтың іргетасы. Олар – адамзат қоғамының ең басты құндылықтарының бірі. Бұл қасиеттер әрбір тұлғаның мінез- құлқының, іс-әрекетінен, өмірлік ұстанымынан көрініс табады. Адалдық дегеніміз- шыншыл болу, адалдық баршаға бірдей, тең қарау. Осындай биік қасиеттерсіз қоғамның дамуы, елдің өркендеуі мүмкін емес. Сондықтан да адалдық пен әділдік - болашақтың іргетасы.

Ел болашағы - жастар. Ал, жас ұрпақтың бойында адалдық пен әділдік болмаса, ол қандай қоғам құрады? Адал болу ар - ұятты жоғары қою, әділ болу, шындық пен әділет үшін күресу. Мысалы мемлекеттік қызметте , білім беру саласында немесе сот жүйесінде болсын бұл құндылықтардың сақталуы елдің өркендеуі мен халықтың сенімі үшін өте маңызды. Егер шенеуніктер әділ шешім қабылдамаса, мұғалімдер мен оқушылар адал еңбек етпесе, онда қоғамда әділетсіздік пен сенімсіздік орын алмақ. Адалдық адамның ішкі тазалығының көрінісі. Әділдік те дәл солай. Бұл өмірде әділ жолмен жүру қиын болса да, ұзақ мерзімді нәтижесі оң болады.

Қоғам – әрбір адамның жиынтығынан тұратын күрделі жүйе. Бұл жүйенің тұрақты дамуы, өркендеуі мен болашағы халықтың бойындағы адамгершілік құндылықтарға, соның ішінде адалдыққа тікелей байланысты. Адалдық – шыншылдық пен сенімділікке негізделген асыл қасиет. Ол – адамның ғана емес, тұтас қоғамның өркендеуіне жол ашатын басты факторлардың бірі.

Адалдық – адамдар арасындағы сенімді нығайтады. Егер қоғамда әрбір адам өз ісіне, сөзіне, уәдесіне адал болса, онда адамдар бір-біріне сеніп, ортақ мақсатқа бірлесе ұмтылады. Мұндай ортада әділетсіздікке, жемқорлыққа, сатқындыққа орын жоқ. Сенім бар жерде бірлік пен татулық орнайды, ал бірлік бар жерде даму болады.

Абай Құнанбайұлы «Адал еңбек – ердің атын өсіреді» деп бекер айтпаған. Адалдықпен жасалған әрбір іс – болашаққа қалдырған үлгі, қоғамға қосылған үлес. Сондықтан ұрпақ тәрбиесінде де адалдықты басты құндылық ретінде сіңіру – ел дамуының кепілі.

Қорыта айтқанда, кез келген ұлттың жарқын болашағы тек білімімен немесе экономикасымен өлшенбейді, ол адами құндылықтарға, адалдық принциптеріне негізделсе ғана қоғамның дамуына оң әсер ете алады.

Фахратова Зейнеп

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, 11 «Ә» сынып оқушысы

Ар-ұждан мен намыс адалдыққа қалай әсер етеді?

Адалдық - адам мінезіндегі бағалы қасиет, жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогресспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады.

«Алдау қоспай адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі – қазақтың әулиесі сол», - дейді хакім Абай. Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады. Адалдық жеке тұлғалар мен адамдардың абырой атағын арттыратын ізгі қасиет. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте

болуын ашып көрсетеді. Ал, меніңше, адам өміріндегі асыл қасиеттер, адам өмірінің рухани тіректері – ар-ұждан, намыс және адалдық. Бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты әрі адамның ішкі әлемінің тазалығы мен моральдық деңгейін айқындайды. Ар-ұждан мен намыс – адамның ішкі бақылаушысы, ал адалдық – осы ішкі бақылаудың сыртқы көрінісі, әрекеттегі шынайылығы.

Ар-ұждан – адамның жақсы мен жаманды ажыратуға көмектесетін ішкі сезімі, жан дүниесінің даусы. Ол адамды теріс әрекеттен тежеп, жақсылық жасауға итермелейді. Егер адам ар-ұжданын тыңдай білсе, ол қателіктерін мойындай алады, шыншыл болуға тырысады. Ар-ұжданы таза адам өтірікке, сатқындыққа, әділетсіздікке бармайды. Демек, ар-ұждан адалдықтың бастауы десе де болады.

Намыс – адамның өзіне және өзгеге деген құрметі, абыройын сақтау сезімі. Намысты адам өз қадірін төмендететін істерден аулақ жүреді, өзгеге зиян тигізуден қорқады. Ол үшін адал болу – намысын сақтау.

Ар-ұждан мен намыс адам бойындағы адалдықты тәрбиелейді. Адал адам өтірік айтпайды, уәдесінде тұрады, аманатқа қиянат жасамайды. Оның ішкі сенімі мен моральдық ұстанымдары мықты, себебі ол ар-ұждан мен намысқа сүйенеді.

Мысалы, Абай атамыз «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан, жақсы ата-анадан» деп айтқан. Мұндай тәрбиені көрген бала ар-ұжданын биік ұстайды, намысын қорғай біледі, адал болуға тырысады.

Қорытындылай келе, ар-ұждан мен намыс – адалдықтың рухани тіректері. Бұл қасиеттер адамды ішкі жан дүниесімен тазартып, өмір жолында тура жүруге жетелейді. Адал болу – ар-ұжданның алдында жауапты болу, ал намысты болу – сол адалдықты сақтап қалуға күш салу. Сондықтан бұл үш қасиетті бойымыздан жоғалтпай, ұрпаққа аманат ету – әрбір саналы азаматтың парызы.

Құлжан Әдемі

Қошке Кеменгерұлы атындағы № 49 мектеп-гимназиясы, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адал азамат - бұл өз Отанына, отбасына, айналасындағы адамдарға шын көңілімен берілген, шыншыл, әділ, жауапкершілігі жоғары адам. Мен үшін адал - азамат сөзі мен ісі сәйкес келетін, өз ар-ожданына қарсы келмейтін, қиын сәтте де шындықтан таймайтын тұлға. Адал азамат болу - бұл тек заңды бұзбау ғана емес, сонымен бірге ішкі тазалықты, адамгершілікті сақтау. Ондай адам өз пайдасын емес, елінің болашағын, қоғамның мүддесін ойлайды. Ол өтірік айтудан, алдаудан, екі жүзділіктен аулақ жүреді.

Менің ойымша, адал азамат - бұл сенуге болатын адам. Ол өз уәдесінде тұрады, достарын сатып кетпейді, қиын кезде көмектесуге дайын. Ондай азамат елге үлгі, жастарға тәрбие көзі болады. Адалдық-адамның ең басты қасиеттерінің бірі. Адал азаматтар көп болса, қоғам да әділетті, әрі мейірімді бола түседі. Мен үшін адал азамат - бұл шыншыл, әділ, сенімді елге жанашыр адам. Әрбір адам

осы ұғымға сай болуға тырысса, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз. Өмірімдегі адал азаматтардың жарқын бейнесі-менің ата-анам. Олар шындықты, еңбекқорлықты, әділдікті өз ісімен көрсетіп келеді. Әрқашан ар-намыс пен адамгершілікті бірінші орынға қояды.

Мухаметгали Жандос

Қошке Кемеңгерұлы атындағы № 49 мектеп-гимназиясы, 10 «Ә» сынып оқушысы

Мен үшін адал азамат-елдің дамуына үлес қосатын, әділ, жауапты, шыншыл және отансүйгіш адам. Әрбір елдің болашағы, адал азаматтардың қолында. Адал азамат өз әрекеттерімен үлгі болады, адал азаматтардың қолында. Адал азамат өз әрекеттерімен үлгі болады, қоғамда тәртіп пен әділеттілікті қолдайды. Ол заңды бұзбай керісінше оны құрметтейді және өзгелерді де соған үйретеді. Оқушылар үшін адалдық- өз оқуына, достарына шынайы болу. Ересек адам үшін адал болу- еңбек ету, уәдесінде тұру, өз міндетін дұрыс атқару. Адал адам айналасындағыларға сенім бар жерде-бірлік пен татулық болады. Адал азамат қоғамда белсенді, өзінің ел алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Ол қиындықтардан қашпай керісінше, оны шешуге тырысады. Мысалы, дәрігердің адалдығы ол науқасқа көмектесу, ал мұғалімдердің адалдығы оқушыға саналы білім беру. Әр мамандықта адалдықтың өзіндік маңызы бар.

Қорытындылай келе, адал азамат болу үлкен мәртебе. Егер әрбіріміз өз ісімізге жауапкершілікпен қарап, елге адал қызмет еткен Қазақстанның болашағы жарқын болары сөзсіз.

Нұрхан Құзар

Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 10-сынып оқушысы

Адалдық – адам баласына жаратылысынан берілген асыл қасиет. Бірақ оны сақтап қалу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Адамның адамшылығы – оның жүрегінің тазалығында, сөзінің шындығында, ісінің дұрыстығында. Осындай қасиеттерге ие болған жанды ел ішінде адал азамат деп таниды.

Адал азамат – жұртына сүйеніш, халқына тірек. Ондай жан жалған сөйлемейді, біреудің обалына қалмайды, өз пайдасын емес, ел қамын ойлайды. Абай хакім айтқандай, «толық адам» болу үшін адамда әділет, рақым, қанағат секілді қасиеттер болуы тиіс, яғни ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстауы керек. Міне, осы «толық адам» – нағыз адал азамат! Өйткені адал азамат бас пайдасын көздемейді, ел игілігі үшін қызмет етеді. Ол – өзінің болмысына жауап беретін, сөзі мен ісі бір жерден шығатын кісі. Халықтың қадірлісі де, жастың үлгі тұтар тәлімгері де – осындай жан.

Адал болу – жеңіл шаруа емес. Бұл – тойымсыздықтың қалауына ермей, шындықтың жолымен жүру. Адалдықты сақтау – иманның, тәртіптің, тәрбиенің

белгісі. «Адал адам көбеймей, қоғам түзелмейді» деген Ахмет атамыздың сөзінің астары да осыны меңзейді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» келтірер болсам, бүгінгі таңда әр азамат адал болуға ұмтылса, ел болашағы нұрлы болмақ. Олай болса, нұрлы болашақ үшін адалдығымызды сақтап, келер ұрпаққа адал қоғам аманат етейік!

Бегали Жанель

Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 11 «Ә» сынып оқушысы

Адамның адалдығы – оның адалдығында. Адамдық – жүректің тазалығы, ниеттің ақтығы, істің шынайылығы. Осындай асыл қасиетті бойына сіңірген жанды халқымыз ежелден «адал азамат» деп ерекше қадірлеген. Адал азамат – елдің тірегі, халықтың үміті мен сенімі.

«Адалдық – ардың ісі» дейді дана халқымыз. Бұл сөздің тереңінде үлкен мағына жатыр. Адал адам ешқашан өтірікке, сатқындыққа, жалғандыққа бармайды. Ол өзіне сенген жұртты жерге қаратпайды, қандай жағдайда да әділеттіліктен таймайды. Мұндай азаматтар ел арасында үлкен беделге ие болады, өйткені олар – сөзі мен ісі үйлескен тұлғалар.

Тарихқа көз жүгіртсек, халқына адал қызмет еткен небір асыл азаматтарымыз болған. Алаш арыстары – ұлты үшін басын бәйгеге тіккен адал жүректі қайраткерлер. Олар үшін атақ, мансап та емес, ұлт тағдыры бірінші орында тұрды. Бұл – нағыз адамдықтың, шынайы отансүйгіштіктің үлгісі.

Бүгінгі таңда да қоғамға адал азаматтар ауадай қажет. Олар парасатты ұстаз, мейірімді дәрігер, шыншыл журналист, ұлтжанды жас болуы мүмкін. Бастысы – әркім өз ісіне адал болса, қоғам да гүлдене түседі. Себебі олар әділеттілік орнатуға, жемқорлықпен күресуге, ел болашағын жарқын етуге атсалысады.

Түйіндей келе, адал азамат болу – әр адамның борышы. Бұл жол – жеңіл жол емес, бірақ жүрегі таза, ниеті түзу жан бұл жолдан ешқашан таймайды. Ол өз пайдасын емес, халықтың қамын ойлайды, өтірікке жоламай, ақиқаттың жүгін арқайды. Осындай жандар барда қоғамда сенім мен әділдік орнайды. Ендеше, әр адам адалдықты өмірдің темірқазығы етіп алса, еліміздің келешегі жарқын, болашағы баянды болары сөзсіз.

Амирбек Аңсар

Мұстафа Шоқай атындағы № 51 «мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Қоғамның тұрақты дамуы мен өркениетті өмір сүруі үшін ең маңызды құндылықтардың бірі - заң және тәртіп. Заң - мемлекеттің жазбаша ережесі болса, тәртіп - осы заңды орындаудың көрінісі. Екеуі қатар жүрмесе, ел ішінде

әділетсіздік, бейберекетсіздік, адам құқығын таптау сынды мәселелер туындайды.

Біріншіден, заң - халықтың тыныштығын, мемлекеттегі әділеттілікті қамтамасыз ететін құрал. Ол барлық азаматтарға бірдей талап қояды, ешкімді алаламайды. Тәртіп - осы заңды орындау арқылы қоғамда қалыптасқан тәрбие мен мәдениеттің көрінісі. Мысалы, көшеде бағдаршамның қызыл түсіне тоқтау - бұл тәртіпке бағынудың қарапайым мысалы. Бірақ бұл кішкентай әрекет арқылы біз үлкен қоғамдық тәртіптің бір бөлшегін орындаймыз.

Екіншіден, бүгінгі таңда заңды сыйлау мен тәртіпке бағыну - елдің дамуына, қауіпсіздігіне, болашағына тікелей әсер ететін фактор. Заңсыз әрекеттер - жемқорлық, ұрлық, алдау секілді келеңсіз жайттар қоғамда сенімсіздік пен алауыздықты тудырады. Ал тәртіпке бағынған, заңды құрметтеген қоғамда бейбіт өмір, әділеттілік пен тұрақтылық орнайды.

Үшіншіден, әр адам заң алдында тең екенін түсініп, өз құқығы мен міндетін білгенде ғана шынайы азаматтық қоғам қалыптасады. Ал жастар тәртіпке бойұсынып, заңды құрметтеуді үйренсе, болашақта еліміздің еңсесі биік, болашағы жарқын болары сөзсіз.

Қорыта айтқанда, заң - елдің тірегі, тәртіп — соның жүзеге асуы. Екеуін қатар ұстанған халық ешқашан жойылмайды, қайта биікке көтеріледі. Сондықтан әрбір азамат «Мен — заңды сыйлайтын, тәртіпке бағынатын тұлғамын» деген ұстанымды өмірлік қағида етіп алуы керек.

Шералы Саят

Мұстафа Шоқай атындағы № 51 «мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Қоғам – күрделі құрылым. Оның тұрақтылығы мен дамуы белгілі бір ережелерге, яғни заңға және тәртіпке негізделеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың әділетті, үйлесімді болуы – заңның үстемдігі мен тәртіптің сақталуына тікелей байланысты. Сондықтан да «заң – ортақ, тәртіп – талап» деген қағида кез келген мемлекеттің іргетасы болып табылады.

Біріншіден, заң – адам мен қоғамның шекарасын белгілейтін моральдық әрі құқықтық құрал. Ол баршаға ортақ және бәріне бірдей қызмет етеді. Тәртіп – осы заңды күнделікті өмірде орындау, сақтау мәдениеті. Егер заң болмаса, әлсізді күшті жеңіп, хаос орнайды. Ал тәртіп болмаса, тіпті ең керемет заңның өзі қағаз жүзінде қалып қояды.

Екіншіден, заң мен тәртіп – егіз ұғым. Бірі болмаса, екіншісінің мәні жойылады. Қоғамда тәртіп болуы үшін әр азамат өз құқығын біліп, өзгелердің құқығын сыйлауы керек. Бұл – заңға деген құрметтің көрінісі. Заң үстемдік құрған жерде әділеттілік орнайды. Әділет бар жерде сенім, тұрақтылық пен даму болады.

Үшіншіден, Қазақстан – құқықтық мемлекет. Бізде Ата Заң бар, ол – бүкіл заңнаманың қайнар көзі. Президентіміз де, Парламент те, қарапайым халық та осы заң аясында әрекет етуі тиіс. Бұл – шынайы демократияның кепілі.

Тәртіпке бас иген құл болмайды демекші, тәртіпсіз ел болмайды, – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, тәртіп – ел болудың басты шарты. Жас ұрпақ тәрбиесі де осы ұстаныммен басталуы керек. Мектептегі, отбасындағы, қоғамдағы тәртіп – болашақтағы заңға құрметтің негізі.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – ел ертеңінің кепілі. Оны сақтау – әр азаматтың борышы. Заңмен өмір сүрген халық – әділетке, ал әділетке сүйенген мемлекет – мәңгілікке бет алады.

Тайжанова Инабат

Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Адам өмірінің мәні - тек материалдық табыстарда емес, рухани биіктікте. Сол рухани биіктіктің өзегі адалдық. Адалдық-адамгершіліктің бастауы, кісіліктің кепілі. Бұл қасиетті ұғым адам бойында табиғи болмыспен келмейді, ол-тәрбиемен, жүрек тазалығымен, өмірлік тәжірибемен қалыптасатын құндылық. Ал адал адамзат-сол құндылықты бойына сіңіріп, өмірінің темірқазығына айналдырған жан.

Адал азаматты тану оңай емес. Себебі ол жар салып, өзін көрсетпейді. Ол-іспен дәлелдейтін, үндемей үлгі болатын адам. Ондай жандар қашан да әділетті жақтайды, жалғандыққа жол бермейді, уәдесіне берік, сөзіне жауапты келеді. Олар үшін шындық -шегінбес шынар, ар-сатылмас байлық. Қазақ халқы үшін адалдық-ұрпақтан ұрпаққа берілетін қасиет. Ата-бабаларымыз «Адалдық жүрген жерде арамдықтың күні баспайды», - деп бекер айтпаған. Бұл-адам мен қоғам арасындағы сенімді байланысты бекітетін алтын көпір. Адал адамзат-айналасына сенім ұялататын тірек. Ұлы Абай: «Ар ұялар істі істеме, ұят сөзді айтпа», -десе, Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды», әр сөзінде адалдықтың, шыншылдықтың маңызын еске алады. Осы ойлар-әр азаматқа бағдар, әр жасқа ұран. Алаш арыстары - Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов - адалдықтың, ұлтқа деген шынайы махаббаттың үлгісін көрсетті. Олар ел болашағы үшін өз өмірлерін құрбан етті. Адалдық-олардың жүрек таңдауы, тарихи мұрасы болды. Бүгінгі күннің де адал азаматтары бар. Олар-пара алмайтын дәрігер, білімін аямайтын ұстаз, әділеттен таймайтын сот, халқы үшін тер төгетін басшы. Олар өз ісімен қоғамды іргелетеді. Әрқайсысы-шындықтың шамшырағы, адалдықтың жаршысы. Меніңше, адал адам-өзгелердің алдында емес, өз-өзіне адал бола білген адам. Қазақ халқында: «Адалдықпен өткен өмір-артта қалған өшпес із» деген сөз бар. Бұл тек естелік емес, бағыт. Адалдықсыз береке болмайды. Бүгінгі күні адал болу-надандық емес, керісінше даналықтың бейнесі. Менің ойымша, бізге қазір ар-ожданын ақшаға айырбастамайтын, танымал болу үшін шындықты бұрмаламайтын

тұлғалар керек. Адал азамат-өз ұлтының рухани қалқаны. Ол шындықты қорғап, әділетті жолынан таймайды. Менің көзқарасымда, адал болу-ең жоғары қасиет, жетістік. Өйткені ол - әр адамның өз жүрегімен жасаған таңдауы.

Қорытындылай келе, адал адамзат болу-бүгінгі қоғамның ең үлкен қажеттілігі. Қазіргі таңда, технология мен ақпарат заманында, сырттай жарқырап көрінгенімен, шыншылдық пен адалдық жетіспейтін тұстары бар. Осындай кезде әр адамның өз-өзіне «Мен кімін?» деген сұрақ қойып, адал болуға талпынуынағыз рухани жаңғырудың бастауы болмақ. Себебі, ұлттың болашағы-адал ұрпақтың қолында. Мен сенемін: адал сөз, адал адам, адал еңбек, адал ниет-ешқашан ескірмейді. Уақыт сынағына тек шынайылық қана төтеп бере алады. Сондықтан, әрқайсысымыз өмірімізге адалдық сәулесін жағып, қарапайым, бірақ таза өмір сүре алсақ-еліміздің де, адамзаттың да болашағы жарқын болмақ. Бұл жол ауыр, бірақ құрметті. Қазақстанымыз үшін «Адал адамзаттардың» болуы аса маңызды.

Шұғай Назерке

Ақселеу Сейдімбек атындағы № 54 мектеп-лицейі, 11 «Г» сынып оқушысы

Адалдық - адамгершіліктің, адамдықтың белгісі. Адалдық адам бойындағы бар қасиеттерден де асылы. Себебі адалдық адамгершіліктің негізі, сенімнің тірегі. Ол - шыншылдықтың, әділдіктің, ар-намыстың, жауапкершіліктің көрінісі. Адалдық адам бойындағы бағаланатын ең көркем қасиет. Дегенмен де адал азамат қандай болмақ?

Адам өз бойындағы қасиеттері арқылы өлшенбек. Адамның беделі оның жиған байлығынан емес, бойына жиған кіршіксіз таза қасиеттерімен, адалдығымен артпақ. Адал азамат тек шындықты айту емес, оның іштей таза болуы, адалдықты жүрегімен сезіне білуі. Адам өзіне де өзгеге де адал болғанда ғана ол адал азамат бола алады. Адал азамат өз әрекетімен өзгелерге үлгі бола алатын адам. Адал азамат қандай жағдай болмасын өз жолынан, әділдіктен таймайтын, бас пайдасы үшін арамдыққа бармайтын, адал еңбегімен биіктерді шыңдайтын тұлға. Міне сондықтан да адалдық қазіргі қоғамның дерті, адам бойындағы бұл қасиет баға жетпес қазына. Адал еңбек, адалдықпен тапқан нан, адал жол, адал қызмет ету, өтірікті басып қалмай, адалдықты ұстану таза өмірдің, қоғамның бастауы. Адалдық – тек жеке адамның қасиеті емес, ол тұтас қоғамның бет-бейнесін айқындайтын құндылық. Сондай-ақ адал азамат елге, жерге, Отанға деген шынайы сүйіспеншілікпен өмір сүреді. Ол қоғамдағы әділетсіздікке қарсы тұра біледі, шындық үшін күресуден тайынбайды. Мұндай адам өз пайдасы үшін емес, елінің болашағы үшін еңбек етеді. Бүгінгі таңда нағыз адал азаматтар – еліміздің тірегі, ұлтымыздың ұраны.

Қорытындылай келе, адалдық – адам өмірінің темірқазығы. Адал адам – қоғамға пайдасын тигізетін, айналасына сенім ұялататын тұлға. Ол қандай жағдайда болмасын әділдіктен таймай, шындықты ту етіп ұстайды. Бүгінгі

қоғамның дамуы мен гүлденуі әрбір азаматтың адалдығына байланысты. Сондықтан әрбір адам адалдықты өмірлік ұстаным етіп, өз жүрегімен сезіне білсе, қоғамда әділдік пен сенім орнайды.

Әзімхан Тоғжан

Ақселеу Сейдімбек атындағы № 54 мектеп-лицейі, 11 «Д» сынып оқушысы

Қазіргі жиырма бірінші ғасырдың басты мәселесі - әділетті әрі адал қоғам қалыптастыру және дамыту. Алайда айтуға оңай «ауыр жүкті» біз тек мемлекеттің мойнына артып қойып отырғандаймыз. Сондай-ақ, кінәні басқадан іздеп, жеңіл қараған сайын қоғамның дамуы да тежеліп жатқандай. Менің ойымша, әділетті қоғамды құрайтын да, қорғайтын - тәрбиелі ұрпақ. Қоғамның әр мүшесі өз мойнына жауапкершілікті ала отыра, адал адам болуға тырысуы керек. Сонымен, қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді?

Жалпы, адалдық адам бойындағы ең асыл қасиет. Адал адамның ниеті де, ар ұжданы да таза болады. Осы таза ниет пен ар ұжданнан жүрдай адамдар қоғамның соры десем де қате емес шығар. Мысалы, қазіргі заманның өзекті мәселесі сыбайлас жемқорлықты қарастырайық. Бірнәрсе солынан кетсе, пара беруге дайын тұратын адамдар мына қоғамға тірек бола алмайды. Ал бойында адалдық қасиеті бар адам бұндай заңсыз іс әрекеттен бас тартатыны анық. Осылайша, адалдық сыбайлас жемқорлықтың алдын алады. Оның үстіне әр азамат өз ісіне адал болып, парақорлық пен әділетсіздіктен бас тартса, бұл елдің өркендеуіне де серпін береді.

Сонымен қатар, заңға бағыну да аса маңызды рөл атқарады. Заңды бұзбау және әділетті болу бұл- адалдықтың белгісі. Адал адам өз ісінің қоғамға деген зиянын түсініп, тек заң шеңберінде әрекет етеді. Олар өтірік айтудан, алдаудан, ұрлаудан, қулықтан алыс, шындыққа жақын жүреді. Мектеп табалдырығындағы бізге берілген тәрбие осындай бағытта жүрілді. Яғни, адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу бағытында болды. Осындай жасампаз бағытта тәрбиеленген жас ұрпақ адалдыққа жақын болатынына кәміл сенемін. Адалдық ол бірнеше қоғамдық мәселенің тұңғыық терең көзі әрі шешімі.

Қорытындылай келе, егер қоғамның жарқын жаққа қарай дамығанын қаласаңыз, сізге бірінші әділетті шешім қабылдайтын әрі өзгелердің еркіндігін сыйлайтын адал адам болуға кеңес беремін. Адалдық бар жерде, адамдық бар...

Баймағамбетова Амина

№ 55 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Әрбір қоғамның дамуы мен көркеюі оның азаматтарының адамгершілігіне, адалдығына тікелей байланысты. «Адал азамат» ұғымы жәй ғана сөз емес, терең мағынаға ие, үлкен жауапкершілікті білдіретін түсінік. Адалдық- адам

бойындағы ең қастерлі құндылықтардың бірі. Ол сенімділікке, әділдікке, шыншылдыққа әкеледі.

Мен үшін адал азамат – ең алдымен өз-өзіне, айналасындағы адамдарға, қоғамға, Отанына шынайы әділ әрі адал болатын жан. Мұндай адам өтірік айтпайды, алдауды білмейді, әр ісінде әділеттілікті ту етеді. Нағыз азамат уәдесінде тұрады, қиналған жанға қол ұшын береді, ешқашан екіжүзділікке жол бермейді. Адалдық - оның өмірінің ұстанымы. Қазіргі қоғамда ашкөз, өтірік айтатын, алаяқтар көбейіп келеді. Біз оны тоқтатуымыз керек, яғни, күресуіміз қажет. Халқымыз: «Адалдық - абыройдың кепілі» дейді. Ендеше қоғамның дамуына адалдықтың әсері орасан зор. Егер әрбір азамат өз ісіне адал болса, ата-ана баласын адалдыққа үйретсе, ұстаз оқушысын шын жүрегімен адалдыққа баулыса, дәрігер науқасты жанашырлықпен емдесе, шенеулік ел игілігі үшін адал қызмет етсе, онда қоғамда сенім орнайды. Адалдық жемқорлық пен паракорлыққа қарсы тұратын - басты қару. Неге десеміз, тәртіп бар жерде әділеттілік пен өркендеу болады. Қоғамда тыныштық пен тұрақтылық нығаяды деп ойлаймын.

Адалдықтың бастауы – адамның ішкі жан дүниесінің таза әрі шынайы болуы. Ар-ұждан мен намыс – осы қасиеттің тірегі. Ар - ұжданы жоғары адам жамандық жасамайды, ол өз ісінен ұялатын халге түспеуге тырысады. Өз абыройын биік қояды. Ондай адамдар «Жаным-арымның садағасы» деп намысқа тырысып, өтірікке бармайды, арсыздыққа жол бермейді, себебі өз қадірін, отбасының, ұлтының, халқының абыройын ойлайды. Сондықтан ар мен ұждан, намыс пен абырой – адалдықтың рухани тірегі.

Қорытындылай келе, адал азамат- қоғамның шын тірегі. Әрбір жас ұрпақ осы қасиетті бойына сіңірсе, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз. Мен айтар ем: адал болу қиын жол, бірақ ең дұрыс жол, себебі адалдық- мәңгілік құндылық.

Ибраш Нүртілеу

№ 55 орта мектебі, 11 «А» сынып оқушысы

Адам баласының жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, қоғамдағы орнын анықтайтын ең маңызды рухани құндылықтардың бірі – ар-ұждан мен намыс. Бұл ұғымдар тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның адамгершілік деңгейін көрсетеді.

Ар-ұждан мен намысы бар адам әділеттілікті, адалдықты, жауапкершілікті биік қояды. Оларсыз адам тек өзін ойлайтын, пайдакүнем пендеге айналып кетуі мүмкін.

Ар-ұждан – ішкі бақылау құралы. Бұл қасиет адамның жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажыратуына көмектеседі. Ар-ұждансыз адам өз ісіне есеп бермей, өзгенің мүддесін елемей кетуі мүмкін. Мысалы, Ұлы Отан соғысы кезінде өз еркімен майданға аттанған қазақ жастарының басым көпшілігі

– ар-ұжданының, елге деген парызының үніне құлақ асқан азаматтар. Олар өз өмірін қауіпке тігіп, туған жердің тыныштығы үшін жанын пидә етті.

Намыс – жеке адамның абыройын сақтайтын рухани қорған. Намыс адамды жалқаулықтан, қорқақтықтан, әділетсіздікке көнуден сақтайды. Тарихта халқымыздың басына қиын-қыстау күн туғанда намысты азаматтар елдің қорғаны бола білді. Мысалы, Кеңес Одағы кезінде өз ана тілін ұмытпау үшін күрескен Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов сияқты алаш ардақтылары – намыстың нақты үлгісі. Олар өз өмірін қатерге тіге отырып, халық үшін қызмет етті. Қазіргі заманда да ар-ұждан мен намыстың рөлі аса маңызды. Мысалы, жемқорлық, әділетсіздік сияқты қоғам дертімен күресу – тек заңмен емес, ар-ұжданмен де байланысты. Егер әр азамат өз ар-ожданын тыңдап, өз ісіне жауапкершілікпен қараса, қоғамда әділетсіздік азаяр еді. Сол сияқты намысты жастар өздерін дамытуға, білім алуға, елге пайдасын тигізуге тырысады. Бұл – болашақтың негізі.

Қорытындылай келе, ар-ұждан мен намыс – адамзатты адам ететін басты рухани тіректер. Оларсыз адамның сыртқы келбеті болғанымен, ішкі болмысы бос болуы мүмкін. Сол себепті әрбір жас ар-ұжданын таза сақтап, намысын биік ұстаса, қоғамымыз да, еліміз де жарқын болары сөзсіз.

Дүзелбай Ұлдана

№ 55 орта мектебі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық- адамгершіліктің негізі. Мен үшін адал азамат – шындықты ту еткен, әділ, жауапкершілігі жоғары адам. Ол өзін де, өзге де қиянат жасамайды, аманатқа адал, сөзі мен ісі бір жерден шығатын тұлға. Адал азамат елдің дамуына, ұрпақ тәрбиесіне ерен үлес қосады. Ол заң мен тәртіпке бағынады, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді. Мұндай жан әрдайым сенімге ие болады. Бұндай адал азаматтарды қоғамның нағыз тірегі, үлгі тұтар тұлғалары деп есептеймін.

Қоғамда әрбір адамның адалдығы - тұрақтылық пен өркендеудің кепілі. Егер адамдар адал еңбек етіп, шындықпен өмір сүрсе, жемқорлық пен әділетсіздік азаяды деп есептеймін, өйткені адалдық арқылы қоғамда сенім артады. Мұндай қоғамда адамдар бір-бірімен сенім бірлікте өмір сүреді. Біздің елде өтірік айтатындар, ұрлық жасайтындар көптеп кездеседі, ауылда мал ұрлау, сөмкедегі ақшаны жоғалту, үйді тонау сияқты факторларды жиі естіміз, бұдан адамдар бір-біріне сенуден қалады, бұл - адамдардың адалдығының жоқтығы. Адалдық – әлеуметтік әділдік пен парасаттылықтың негізі, яғни, қоғамда адал азаматтар көп болса, ел соғырлым тез дамиды деп ойлаймын. Сол себепті әрбір адам елдің дамуы үшін ең алдымен өзінен бастап адал болуға тиіс.

Ар-ұждан мен намыс – адамның ішкі бағдары, жүрек тазалығы. Ар-ұжданы таза адам ешқашан қиянатқа бармайды, ол өзінің іс әрекетіне жауапкершілікпен қарап, адал болуға тырысады. Ар-ұждан мен намыс адам бойындағы адалдықты

нығайтады. Бұл екеуі болмаса, адам қоғамның сенімінен айырылады. Демек, нағыз адалдық ар-ұждан мен намыстан басталады.

Ойымды аяқтай келе, адалдық адам бойындағы ең құнды қасиеттердің бірі екенін түсіндім. Қоғамда әділдік пен шыншылдық орнауы үшін әр адам өзіне де, өзгеге де шынайы болу. Адалдық арқылы ғана біз әділетті қоғам құрып, болашақ ұрпаққа үлгі бола аламыз. Ал бұл қасиет отбасынан, мектептен, қоршаған ортадан бастау алады. Егер әр адам өз өмірінде адалдықты басты ұстаным етсе, еліміз көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосыларымыз сөзсіз!

Берікқызы Медина

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адал адам деген – бұл тек өтірік айтпайтын адам емес. Адал адам – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, уәдесінде тұратын және әділеттілікті қолдайтын адам. Мұндай адам сенім тудырады. Мысалы, мұғалім сабағын адал өткізіп, балаларға сапалы білім беруге тырысса, бұл оның өз мамандығына деген адалдығын көрсетеді.

Адалдық – қоғамның дұрыс дамуына қажет қасиет. Егер адамдар өз жұмысына салғырт қараса, ол бүкіл елге кері әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, дәрігер өз оқуына немқұрайлы қараса, науқас ауырған жағдайда емдей алмаса, ол қоғамның күйреуіне әкеледі. Сол сияқты сатушы да тұтынушыны алдап, адал қызмет етпесе, бәрібір өтірігі шығады. Әркім өз орнында адал жұмыс істесе, қоғам да сенімді, әрі тұрақты болады. Адалдықпен қатар адамның ар-ұжданы мен намысы да үлкен рөл атқарады. Намысы бар адам біреудің еңбегін иеленбейді, шыншыл болады. Ар-ұждан тазалығы адамның дұрыс жолмен жүруіне көмектеседі. Бұл – ішкі тәртіп пен тәрбиенің көрінісі.

Қорытындылай келе, әр адам ең алдымен өз-өзіне адал болуы керек. Егер адам шыншыл, әділ және жауапты болса, ол қоғамға пайдасын тигізеді. Сондықтан адал болу – әрбіріміздің міндетіміз.

Жамалбек Жұлдыз,

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Әр қоғамның дамуы мен тұрақтылығы азаматтардың адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Адал азамат – бұл өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ел мен жерге шын көңілмен қызмет ететін, шыншыл, әділетті тұлға. Қай заманда болмасын, қоғам адал азаматтарға мұқтаж. Олар елдің дамуына рухани және моралдық тәрбиеге негіз болады.

Адал азамат болу - тек заңды бұзбау ғана емес, ар-ұятты сақтап, өз ісіне адал болу. Мысалы, мұғалім адал азамат болса, оқушыны шын жүрегімен оқытады, дәрігер адал болса, адам өмірін бірінші орынға қояды. Қарапайым еңбек адамы да жұмысын шын ниетпен атқарса, бұл - қоғам үшін үлкен үлес.

Тарихта адал азаматтардың елге сіңірген еңбегі ерекше. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сынды тұлғалар ел мүддесі үшін жан аямай еңбек етіп, адалдық пен ерліктің үлгісін көрсетті. Олар тек ерлікпен ғана емес, ішкі тазалығымен, әділділігімен де ел есінде қалды.

Отбасына адал азамат ата-анасына қамқор, іні-қарындасына үлгі, жұбайына сенімді серік бола біледі. Отбасындағы адалдық - қоғамдағы тұрақтылықтың бастауы.

Адал азамат болу - үлкен жауапкершілік. Себебі, мұндай адамдарға айналадағы жұрт сенім артады, үлгі тұтады. Ал, егер әр адам адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырса, қоғамда әділеттік орнап, еліміз көркейе түседі.

Абай атамыз айтқандай, адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Қорытындылай келе, адал азамат – елдің тірегі. Осындай тұлғалар көбейсе, болашағымыз жарқын болары сөзсіз.

Алтынбекова Ақшолпан

Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі, 11 А сынып оқушысы

Қоғамның әрі қарай дамуы үшін біраз нәрсе керек: экономика, технология, білім. Бірақ, меніңше, ең бастысы –адамдық қасиет. Бұл қасиеттер жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның негізін құрайды.

Қай салада болсын адалдық болмаса сенім де болмайды, ал сенім жоқ жерде даму да тежеледі. Менің айналаман байқағаным, ол кейде біз адал болуды әлсіздікпен шатастырып жатамыз. Бірақ, негізінде адал адам өзіне сенімді және мықты тұлға ретінде көрінеді. Ол ешкімнің тілегі, көзқарасына қарап өзгермейді, шындықты айтудан қорықпайды.

Сонымен қатар, адалдық жемқорлықпен күрестің ең басты құралы. Егер әр азамат өз ісіне адал болса, қоғамда заң бұзушылық пен әділетсіздік азаяды. Адал қоғамда әр адам еңбегінің жеңісін көреді, ал бұл өз кезегінде өмір сүру сапасын арттырады.

Отбасында да, мектеп те де, қоғамда да адалдық тәрбиеден басталады. Балалар ересектерден көріп үйренеді. Егер ата-ананың сөзі мен ісі сәйкес болса, бала да шыншыл болуға ұмтылады. Бұл тәрбие атадан балаға берілгендіктен, қазіргі қоғам ғана емес болашақ адамзат өмірінің негізі болып саналады. Бір адам адал болса ол бір отбасына, тіпті бір ұжымға әсер етуі мүмкін.

Ал адалдық кең таралса - бір елдің мәдениеті өзгереді. Бірақ бұл күрес әрқашан оңай бола бермейді. Адалдық кейде ұтылу сияқты көрінгенімен, ол шын мәнінде ұтыс. Сен өз бетіңмен, таза еңбегіңмен алға жылжып жатқаның – ең үлкен жеңіс.

Қорытындылай келе, адалдық – кез келген қоғамның берік тірегі. Әр адам шыншыл, әділ болса, қоғам, қоғам дамыса, тұтас бір ел дамиды. Бәрі өзінен бастап адал болуға тырысса, болашағымыз жарқын болады.

Кали Гүлсезім

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі, 10 «В» сынып оқушысы

Азаматтық - бұл тек елдің азаматы болу емес, сонымен қатар қоғамға деген адалдық пен жауапкершілікті білдіреді. Адал азамат болу - бұл өз Отанын сүйіп, оның игілігі үшін қызмет ететін адам болу деген сөз. Адалдық пен азаматтық сезім бір-бірімен тығыз байланысты, себебі адал адам қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосады.

Мен үшін адал азамат - бұл ең алдымен шыншыл, әділ және өз міндеттеріне адал адам. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, ұрпақ алдындағы парызын түсінеді. Адал азаматтың жүрегінде Отанға деген махаббат, туған жерге құрмет пен сенім болады. Ол қоғамдағы әрбір адамды қадірлейді, заңға бағынады және өзінің адалдығымен басқаларға үлгі болады.

Қоғамның дамуына адалдық өте үлкен әсер етеді. Егер әр адам өз ісіне адал болса, қызметінде әділдік пен шыншылдық болса, онда мемлекеттің дамуы тұрақты әрі сенімді болады. Адал азаматтар елдің экономикасын, мәдениетін, білімін көтереді. Көпшілік адалдықты көргенде, олар да сол жолды таңдайды, нәтижесінде қоғамда сенім, ынтымақ пен тұрақтылық пайда болады. Ал адалдықсыз қоғамда әділетсіздік пен сенімсіздік өршиді, бұл дамудың тежелуіне әкеледі.

Ар-ұждан мен намыс - адалдықтың ішкі тірегі. Ар-ұждан - адамның ішкі дауысы, ол әрқашан дұрыс пен бұрысты айырады. Адал азамат ар-ұжданына үндеу тыңдап, әділеттілік пен шындықты ұстанады. Намыс - адамгершілік қасиет, ол өз қадір-қасиетін, елінің абыройын қорғайды. Ар-ұждан мен намыс бірігіп, адамның адалдығын нығайтады. Бұл қасиеттерсіз адам адал азамат бола алмайды, себебі адалдық - жүректен шығатын қасиет.

Қорытындылай келе, адал азамат болу - бұл ұлы мақсат, ол әр адамның бойына сіңірілуі керек қасиет. Адалдық - қоғамның негізі, ол арқылы ғана біз әділ, сенімді әрі өркендеген мемлекет құра аламыз. Ар-ұждан мен намыс - адалдықтың негізгі қозғаушы күші. Сондықтан әрбір жас адал азамат болып қалыптасуға тырысып, Отанымыздың жарқын болашағы үшін еңбек етуі тиіс.

Асқанбай Балауса

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы адамның ішкі рухани қасиеттеріне тікелей байланысты. Соның ішінде адалдық – ең қастерлі және қажетті қасиеттердің бірі. Адал азамат – бұл өз елінің, өз қоғамының дамуына адал қызмет ететін, өзінің сөзін, ісін әрдайым үйлестіре білетін, ар-ұжданы мен намысы мықты адам. Бұл қасиеттер жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның болашағын айқындайды.

Мен үшін адал азамат деген кім? Адал азамат – бұл өз елінің заңдарын, дәстүрлерін құрметтеп, әрдайым әділдік пен шындықты жақтайтын адам. Ол өз ісінде адалдық пен жауапкершілікті бірінші орынға қояды, өтірік пен алдаудан бойын аулақ ұстайды. Мұндай адам тек өз пайдасын ғана емес, бүкіл қоғамның мүддесін ойлайды. Адал азамат – қоғамның тірегі, ол өз міндетін намыспен және ар-ұжданмен орындайды.

Қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді? Адалдық — қоғамдағы сенімділіктің негізі. Егер әрбір адам өзіне берілген міндетті адал атқарса, елдің әлеуметтік және экономикалық өмірі нығая түседі. Адал азаматтардың еңбегі арқылы мемлекет әділ, таза және тұрақты дамиды. Керісінше, адалдықтың жоқтығы жемқорлық пен әділетсіздікке әкеліп, қоғамды әлсіретеді. Адалдық қоғамның бірлігін сақтап, азаматтардың өзара сенімін арттырады. Осылайша, адалдық қоғамның дамуына күшті дем береді.

Ар-ұждан мен намыс – адалдықтың ең маңызды негіздері. Ар-ұждан – адамның ішкі дауысы, ол оның әрекеттерінің дұрыстығын бағалайды және бағыт береді. Егер адам ар-ұжданына адал болса, ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, әділетсіздікті жақтырмайды. Намыс – адамның өзіне, отбасына және туған жеріне деген құрметі. Намыс арқылы адам өзінің адалдығын көрсетеді, ол абыройын ешқашан сатпайды. Осы екі қасиет адалдықты нығайтып, азаматтығы мықты адамға айналдырады.

Менің ойымша, адалдық – тек сөзбен айтылып қоймайтын, күнделікті өмірде әрекетпен дәлелденетін қасиет. Адал азамат болу үшін ең алдымен өзіңнің ар-ұжданыңа шыншыл болу керек. Жақсы іс жасауға ұмтылу, әділ болу және өзгелерге деген құрмет – адалдықтың негізгі белгілері. Сондай-ақ, қоғамдағы әрбір адамға адал болу, достық пен сенімді нығайту – адал азаматтықтың жарқын көрінісі.

Қорыта айтқанда, адал азамат – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Ар-ұждан мен намыстың арқасында адам адалдыққа беріледі, ал адал азаматтар елдің жарқын болашағын қамтамасыз етеді. Сондықтан әрбір адам өз жүрегінде адалдықты сақтап, оны күнделікті өмірде көрсетіп отыруы қажет. Адалдық – бұл тек жеке қасиет емес, ол – ұлттың болашағының негізі.

Ахметова Азиза

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі, 11 «Ә» сынып оқушысы

Азамат болу - үлкен жауапкершілік. Ол тек заңдарды орындау емес, сонымен бірге жүрегі таза, ниеті адал адам болуды талап етеді. Адал азамат - бұл қоғамның жарқын келешегін құруға ұмтылған, өз ұлтына, халқына қызмет ететін тұлға. Ол өз ісінде шыншыл, әділ және барлығына үлгі болатын адам. Осындай азаматтар арқылы ғана қоғам өркендеп, дамиды.

Мен үшін адал азамат дегеніміз - ар-намысы мықты, өзіне сенімді, басқаларға құрмет көрсететін адам. Адалдық — бұл тек шыншылдық емес, ол

сенімділік пен әділдіктің кепілі. Адал азамат өз міндеттерін абыроймен орындайды, алдауды, өтірікті мүлде қабылдамайды. Ол қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінеді және әрдайым өз сөзінде тұрады.

Қоғамның дамуы адалдыққа негізделген кезде ғана тұрақты және ұзақ болады. Егер әрбір адам өз жұмысын адал атқарса, онда мемлекет дамып, халықтың тұрмысы жақсарады. Керісінше, адалдық жоқ болса, жемқорлық, өтірік пен әділетсіздік қоғамды әлсіретеді, сенімді азайтады. Сондықтан адал азаматтар - елдің тірегі, олар арқылы қоғамның барлық салалары сенімді әрі әділ жұмыс істейді.

Ар-ұждан мен намыс - адалдықтың басты қозғаушы күштері. Ар-ұждан - адамның ішкі дауысы, ол дұрыс пен бұрысты айырады. Егер ар-ұжданы таза болса, адам кез келген қиындыққа қарамастан адалдықтан таймайды. Намыс - адамның өзін-өзі құрметтеуі және өзгелердің көзқарасына мән беруі. Намыссыз адам өз қадірін де, елінің абыройын да қорғауда әлсіз болады. Сондықтан ар-ұждан мен намыс - адалдықтың тірегі, оларды жоғалтпай, бойымызда дамытуымыз қажет.

Мен адал азамат болу үшін өзімнен бастап кішігірім іс-әрекеттерге мән беремін. Мысалы, шыншыл болу, уәдеде тұру, өз жұмысымды жауапкершілікпен орындау - бұл адалдықтың көрінісі. Сонымен бірге, айналамдағы адамдарға да адал болуға үлгі көрсетіп, қоғамның жақсы өзгеруіне өз үлесімді қосқым келеді.

Жалпы алғанда, адал азамат - бұл қоғамның негізі, оның болашағының кепілі. Адалдықтың арқасында ғана біз әділ, тыныш және дамыған ел боламыз. Ар-ұждан мен намыс - бұл қасиеттерді сақтап, нығайтып отыру керек. Әрбір адам адалдықты өмірлік ұстанымға айналдырып, өзінен бастағанда ғана еліміз мықты әрі өркендеген мемлекетке айналады.

Куламергенова Жанерке

Ілияс Жансүгіров атындағы № 58 мектеп-гимназиясы, 10 «Г» сынып оқушысы

Қоғам дамуының негізі – адам. Ал қоғамдағы әрбір адамның бойындағы асыл қасиеттер – елдің жарқын болашағының кепілі. Сол асыл қасиеттердің ішіндегі ең бастысы – адалдық. Адалдық – адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығы, шынайылығы мен әділдігінің көрінісі. Адал адам әркез тура жолдан таймай, жақсылыққа ұмтылады. Сондықтан бүгінгі қоғамға адал азаматтар ауадай қажет. Осы эсседе мен үшін «адал азамат» кім екенін, оның қоғамға әсері мен ар-ұждан, намыспен байланысын тереңірек талдап жазамын.

Адал азамат деген кім?

Мен үшін адал азамат – өз халқын сүйетін, ел мүддесін жеке басының пайдасынан жоғары қоятын тұлға. Ол ешқашан өтірікке, сатқындыққа, әділетсіздікке жол бермейді. Адал азаматтың сөзі мен ісі үнемі сәйкес келеді. Ол

уәдесінде тұрып, өз әрекетіне жауап бере алады. Мұндай адам отбасында да, жұмыста да, қоғамда да сенімге ие болады.

Мысалы, тарихымызда адал азаматтардың жарқын үлгілері көп. Алаш арыстары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты тұлғалар халқы үшін басын бәйгеге тігіп, ешқашан жолдан таймаған. Олар өмірін шындық пен әділет жолына арнады. Бұл – адал азамат болудың ең биік үлгісі.

Адалдық қоғам дамуына қалай әсер етеді?

Қоғам – адамдардың бірлескен тіршілік ету жүйесі. Егер әр адам өз ісіне адал болса, онда бүкіл қоғамда әділдік, сенім, тұрақтылық орнайды. Адал азаматтардан тұратын қоғам – жемқорлықтан, алаяқтықтан, әділетсіздіктен алыс болады. Мұндай қоғамда халықтың бір-біріне деген сенімі артып, ынтымақ пен бірлік нығаяды.

Адалдық еңбек етуге де әсер етеді. Адал адам өзінің кәсібіне, міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Мұғалім оқушыларын шын жүректен оқытады, дәрігер науқасты адал емдейді, шенеунік халыққа әділ қызмет етеді. Бұл – қоғамның алға басуының кепілі.

Бұған қоса, адал азаматтар – болашақ ұрпаққа үлгі. Бала үлкендердің әрекетін қайталайтынын ескерсек, ата-анасының, ұстазының немесе басшысының адалдығын көрген жасөспірім де сол қасиетті бойына сіңіреді. Сөйтіп, адалдық ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

Ар-ұждан мен намыс адалдыққа қалай әсер етеді?

Адалдықтың бастауы – ар мен ұждан. Адам өз арын таза сақтаса, ол ешқашан қиянат жасамайды. Арлы адам өтірік айтпайды, арам жолмен табыс таппайды, ешкімнің ақысын жемейді. Себебі ол өзінің ар-ұятының алдында жауапты екенін түсінеді.

Ұждан – адамның ішкі бақылаушысы. Кейде сырт көзден жасырып, бір қателік жасауға болады, бірақ ұждан оны кешірмейді. Адал азамат әрқашан өз ұжданына құлақ асады. Ол сыртқы бақылаудан емес, ішкі сенімінен әрекет етеді. Бұл – нағыз адалдықтың белгісі.

Намыс та адалдықпен тығыз байланысты. Намысшыл адам ешқашан елін, отбасын, өзін ұятқа қалдырмайды. Ол әділетсіздікке төзбейді, шындық үшін күреседі. Намыс – адамның рухани тірегі. Намысты азамат — адал өмір сүріп, ұрпағына таза жол қалдыруды мақсат етеді.

Адал азамат болу-әркімнің таңдауы

Адал болу-әр адамның саналы таңдауы. Өмірде түрлі қиын сәттер кездесе де, шындықты ұстану-үлкен қасиет. Адал-адам болу-заңға бағыну, әділ өмір сүру деген сөз. Бұл қасиетті бала кезден тәрбиелеу керек, себебі кішігірім адал әрекеттер болашақта үлкен тұлға қалыптастырады.

Менің ұстанымым-адал өмір сүру

Мен адал азамат болуға тырысамын. Шындықты айтып, уәдемде тұруға және әділ болуға үйреніп жүрмін. Адалдық-ардың тазалығы, жүректің шынайылығы. Қай мамандықты таңдасамда, өз ісіме адал болғым келеді. Себебі

адал адам ғана ел дамуына шынайы үлес қоса алады. Қазақстанның болашағы-біз сияқты жастардың адалдығына байланысты.

Ангалова Тоғжан

Ілияс Жансүгіров атындағы № 58 мектеп-гимназиясы, 11 «Ә» сынып оқушысы

Азаматтық қоғам мықты болса, мемлекет те мықты болатыны сөзсіз. Ал азаматтың адалдығы қоғамның нығаюына, біртұтас болуына айрықша әсер ететінін «адалдық» қасиетінің өзінен біліп қоятын шығармыз. Осындай күрделі әлеуметтік бірлестікте азамат адалдығын қалыптастыру оңай емес, себебі оған әсер ететін ар-ұждан, намыс сияқты күрделі факторлар бар. Осылайша, адал болу, қоғам туралы біраз ой қозғасақ, патриотизм мәселесіне жетіп қалуымыз да әбден мүмкін.

Иә, бұл жерде патриоттық сезімі мәселесі белең алары анық, бірақ оған көшпес бұрын Жорж Батайдың «Барынша батыл адалдық деген сирек ұшырасады» деген сөзін негізге алғым келіп тұр. Расымен де, бір нәрсеге шын берілгендік таныту оңай емес. Алайда туған жер, ел мәселесіне жеткенде ешбір адамның қол қусырып, ой тербетпей отырмайтыны даусыз шығар. Міне, азамат деген сөздің өзі осыдан шығып отыр деген сенімдемін. Қазағымның дүние есігін ашуынан бастап ар-ұждан, намыс, рух секілді бойына сіңіріп өскен қасиеттеріне адал азамат мәселесі біртұтас етіп осылайша ұласады. Осы тұста Мұхтар Шаханов атамyzдың керемет туындысы есіме түсіп отыр.

«Өттең, біздің сор маңдайлы Жайықта

Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа.

Тым кеш ұқтым,

Махамбеттей батырға

Бүкіл қазақ ғашық болса айып па?!» - деген өлең жолдары маған қашан да ерекше әсер ететін. Мұндайда адал азамат тақырыбын қозғағанда, Махамбет батырды үлгі еткеніміз бекершілік емес. Осындай батыр тұлғалы азаматты киелі аққуға теңеп, оның нағыз саналы ойға келгенін аңғарамыз. Тіптен «ақындықтың басты шарты - басты алса да, шындықты айту емес пе?»,-дейді. Махамбет батырды өзім үшін еліне деген нағыз адал азамат ретінде көре алдым. Намыс пен ар-ұждан, адал азаматтың қоғамға әсері осыдан-ақ туып отыр десем, артық айтқандығым емес.

Ал енді, адал азамат тұлғасы белгілі, бірақ ол қоғамға не үшін керек деген сұрақ та туындайтын шығар. Жалпы адалдық деген сіз ойлағандай бір нәрсеге шын құмарту ғана емес, ол адамның сана биігінің ең биік шыңы деп түсінемін. Ал қоғамға адал азамат әрқашан керек. Себебі, «адал», «азамат» деген сөздердің өзін жеке алып қарастырсақ, салмағы айтарлықтай. Ал шынына келгенде, бұл қоғамның принциптерінің әлеуетін күшейтетін, қолданыс көкжиегін кеңейтетін бірден-бір бірлестік. «Адал азаматсыз қоғам - берекесіз орта» деп өзімше тұжырымдаймын, бұл «белсенді, дами өмір сүру» деген принциптен туындап

отыр. «Ең әуелі өз-өзіңе адал бол. Өзіңді өзгерте алмасаң, ешқашан қоғамға әсер ете алмайсың», - деп Нельсон Мандела айтпақшы өзіміз арқылы қоғамды да өзгерте алатынымызға осылайша көзіміз жетеді.

Қорытындылылай келе, адал азаматтықты жан-жақты тұжырымдай оның адам бойында жағымды қасиеттерді қалыптастыратынын, Отанға деген адал қызмет етуге итермелейтінін, қоғамға үлкен әсері барын түсінеміз. Адам - қоғамның бірінші ең ұсақ, маңызды бөлшегі. Ендеше, «адал азамат» сөз тіркесін ұғым ретінде қалдырып кетпей, сол қасиетті бойымызға сіңіруге талпынайық! Адалдық - арлы іс!

Қанат Ақмаржан

Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық - адамның шынайы болмысының көрінісі, қоғамдағы әділеттілік пен сенімділік қағидаларының негізі. Енді осы тұста адалдықтың қоғамның дамып-жетілуіне тигізетін әсері туралы айта кетейік.

Жалпы, адалдықтың қоғам дамуына үлесі зор, себебі ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, тұрақтылық пен бірлікті қамтамасыз етеді. Адалдық туын желбіреткен азаматтардан құралған қоғамда сенім болады. Мемлекеттік қызметкердің, мұғалімнің, дәрігердің, тіпті қарапайым жұмысшының адалдығы - олардың өз кәсібіне деген жауапкершілігінің көрінісі. Осындай ұстанымдарға негізделген ортада адамдар заңға, тәртіп пен ережеге бағынып, әділеттілікке ұмтылады. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлықтың азаюына, әлеуметтік теңдік пен тұрақтылықтың орнауына әкеледі. Сонымен қатар, экономикалық өсім мен дамудың да кепілі - адалдық. Егер кәсіпкерлер мен тұтынушылар арасында сенімділік орын алса, ол өз кезегінде нарықтағы дұрыс бәсекелестікті қалыптастырады. Мемлекет экономикасындағы үлкенді-кішілі жоспарлар адалдық пен ашықтық қағидаттарына негізделетін болса, бұл инвесторлардың қызығушылықтарын оятып, қаржы салуына мүмкіндік береді. Білім беру саласында да адалдық өте маңызды. Мұғалім мен оқушы арасындағы сенім, емтихандағы шынайылық - болашақта меритократияны ұстанатын, адал, көкжиегі мен әлемді тануы кең болатын ұрпақтың қалыптасуына нақ кепіл болады.

Қорытындылай келе, адалдық - тек жеке бір адамның бойында болуы тиіс қасиет қана емес, бүкіл қоғамның іргетасын қалайтын маңызды құндылық екенін ескерген жөн. Ендеше, адалдықты ұстанған қоғам - тұрақты, әділетті және дамушы орта болары сөзсіз.

Қадымбек Айым

Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғамда әр адамның өз орны бар. Бірақ сол орынды адал жолмен алу-нағыз азаматтың ісі. Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиет, ол тек шындықты айту ғана емес, ішкі сенім мен ұстамға берік болу. Қай кезеңде де елдің дамуына, бірліктің бекем болуына адал азаматтардың үлесі зор.

Адал азамат деген кім? Менің ойымша, бұл шыншыл, әділетті, уәдеге берік, ар-ұятты жоғары қоятын тұлға. Мұндай адам қоғамға сенім мен тұрақтылық орнатуға ықпал етеді. Мысалы, мектепке тәртіп сақтап, тапсырмаларды адал орнатудың өзі - адалдықтың бастауы. Тағы бір мысал - дәрігер немесе мұғалім. Олар өз кәсібіне шын беріліп, адамдардың өміріне жауапкершілікпен қарау да адалдықтың жарқын көрінісі. Егер әр азамат өз ісіне адал болса, жемқорлық жойылып, әділілік салтанат құрар еді. Яғни, қоғам ілгері дамиды, ұрпақ саналы тәрбиеленеді.

Қорытындылай келе, адалдық-кез келген адамның ең басты өмірлік қағидасына айналуы тиіс. Мен де болашақта Отаныма адам қызмет ететін, сенімді азамат болғым келеді. Адалдық жолы - қиын болса да, әрдайым адамдықтың биігіне жетелейтін жол.

Сағатбеков Санжар

Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектеп-лицейі, 11 «Д» сынып оқушысы

В современном обществе понятие «честный гражданин» звучит как моральный ориентир, к которому призывают с экранов, со страниц учебников и в публичной риторике. Но кто он этот честный гражданин, и возможен ли он на практике?

Честный гражданин - это не просто человек, не совершающий преступлений. Это тот, кто уважает законы не из страха, а из убеждения, кто платит налоги, голосует на выборах, не мусорит на улицах и, казалось бы, ведёт себя так, как и положено. Однако возникает вопрос: всегда ли честность оправдана? Если закон несправедлив - должен ли гражданин подчиняться ему? А если система поощряет лицемерие - сможет ли честный человек выжить и сохранить принципы?

История знает примеры, когда именно честные граждане становились изгоями. Их называли «идеалистами», «неудобными», «наивными». Тем не менее именно такие люди двигали общество вперёд. Протест против лжи, против коррупции и социальной несправедливости часто начинался с одного честного человека.

Важный аспект - это внутренняя честность. Быть гражданином - значит не только требовать от государства, но и самому вносить вклад. Это готовность признавать ошибки своей страны, участвовать в её развитии, а не стоять в стороне. Быть честным - значит не только говорить правду другим, но и себе.

Таким образом, честный гражданин - не идеалист из учебника, а человек, способный к критическому мышлению, гражданской ответственности и

моральной смелости. В будущем именно такие граждане будут определять вектор развития обществ. И если мы хотим справедливого мира - нужно не бояться быть честными, даже если это неудобно.

Рахметолдаева Мариям

Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектеп-лицейі, 11 «Ә» сынып оқушысы

Қоғам – әр адамның әрекеті мен көзқарасынан құралған күрделі жүйе. Оның дамуына ықпал ететін басты құндылықтардың бірі – адалдық. Менің ойымша, адал азамат – өз ісіне, сөзіне, еліне шынайы, әділ әрі жауапты адам. Осындай адамдар көбейген сайын қоғам да тұрақты, сенімді, әділетті бағытта дамиды.

Адалдық, ең алдымен, сенімділікті қалыптастырады. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер өз міндетін адал атқарса, халық оған сенім артады. Ал сенім бар жерде, бірлік пен татулық күшейеді. Мұндай қоғамда жемқорлық азайып, әділет салтанат құрады. Сонымен қатар кәсіпкер де адал еңбек етсе, тұтынушының құрметіне ие болады. Бұл экономиканың дамуына тікелей әсер ететін фактор. Абай Құнанбайұлының шығармаларында да адал еңбек пен адамгершілік басты орын алған. Бүгінгі күн тұсынан қарасақ, оның «адам болам десеніз, еңбекпен тапқан наныңды же» деген сөзі әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл пікір қазіргі қоғам үшін де өте өзекті. Қазіргі таңда да табысқа жетудің, өз орнында табудың басты жолы – адал еңбек ету. Қандай кәсіпке болмасын, өз ісін жауапкершілікпен атқаратын адам құрметке ие болып, тұрақты нәтижеге қол жеткізе алады. Абайдың бұл өнегесі қазіргі жастарды жалқаулықтан арылып, еңбексүйгіш болуға үндейді.

Адалдық тек қоғамдағы емес, әр адамның жеке өмірінде де шешуші роль атқарады. Адал адам айналасына үлгі болады, жастарға дұрыс бағыт береді. Осындай тұлғалар тәрбиелеген ұрпақ – елдің болашағы.

Қорытындылай келе, менің ойымша, адалдық – қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші. Әр адамзат өз ісіне шыншылдықпен, әділетпен қараса, еліміз де өркендеп, бейбіт те берекелі болары сөзсіз. Адалдық әрқайсымыздың ішкі ұстанымызға айналуы тиіс.

Рамазан Адия

№ 60 мектеп-лицейі, 9 «Ғ» сынып оқушысы

Әрбір мемлекеттің болашағы – оның жас ұрпағы. Ал сол ұрпақтың бойында адалдық, әділдік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттер болуы – елдің дамуы мен гүлденуінің кепілі. Адал азамат болу – тек шындықты айту емес, ол – өз ісіне жауапты, сенімді, әділ және еңбекқор болу деген сөз. Адалдық – адамның ішкі тазалығы мен тәртіптілігі. Мұндай қасиет бала кезден қалыптасады. Ата-ананың тәрбиесі мен мектептегі білімнің ықпалы зор. Адал адам ешқашан өзгеге

зиян келтірмейді, жалған сөйлемейді, өз пайдасы үшін өтірікке бармайды. Мұндай адам әрқашан қоғамда сыйлы, сенімді тұлғаға айналады.

Бүгінгі күні еліміздің дамуы үшін адал әрі білімді жастар қажет. Мемлекеттік қызметтен бастап, қарапайым тұрмыстық істерге дейін – барлық салада адалдық маңызды. «Адал еңбек – ардың ісі» деген сөз бекер айтылмаған. Адал еңбек еткен азамат қашанда жетістікке жетеді, халықтың сеніміне ие болады. Адал азамат – өзінің іс-әрекетінде шыншыл, әділ, жауапкершілікті сезінетін және елге, отбасына, айналасына адал қызмет ететін тұлға. Мұндай адам өтірік айтпайды, өз пайдасы үшін басқаларға зиян келтірмейді, әрқашан шындықты ту етіп ұстайды. Қазақ халқы ежелден адалдықты ерекше бағалаған. «Арыңды сатпа, адам бол», «Адал еңбек – астың дәмі» деген мақалдар соның дәлелі. Адал адам болу – тек заңға бағыну ғана емес, ол ішкі ар-ұжданға сай өмір сүру. Мысалы, адал оқушы – сабағына жауапкершілікпен қарайды, емтиханда көшірумен айналыспайды, достарына көмектесуге дайын тұрады. Қазіргі таңда елімізге шыншыл, әділ, еңбекқор жастар өте қажет. Өйткені адал азаматтар ғана елдің болашағын жарқын ете алады. Әрбір жас адам өз өмірін адалдықпен бастаса, ол қоғамға да, мемлекетке де пайда әкеледі.

Мен болашақта еліміздің дамуына үлес қосатын, әділ, адал азамат болғым келеді. Ол үшін білім алып, көп еңбектенуім керек. Өзгелерге үлгі болатындай жақсы істермен айналысу – әр адамның борышы. Адалдықты ту еткен ұрпақ қана Тәуелсіз Қазақстанның болашағын жарқын ете алады.

Өсербай Дияр

№ 60 мектеп-лицейі, 11«М» сынып оқушысы

Қазіргі заманда адалдық, әділдік, азаматтық жауапкершілік сияқты ұғымдар туралы ойлаудың маңызы ерекше. Адал азамат деген кім? Бұл жай ғана заңға бағынатын адам емес, ол – өз ар-ұжданына сай өмір сүретін, өзгені сыйлайтын, ортақ болашаққа жауапкершілікпен қарайтын адам.

Адал азамат өз елінің өміріне қызығушылық танытады, заңдарды құрметтейді, сайлауға қатысады, табиғатты қорғайды, өзін ғана емес, өгенің де, халқының да мүддесін ойлап, әрқашан көмекке келуге дайын тұрады. Бұл – өмірлік ұстанымы оң, қайраты берік, шындықты айтудан тайсалмайтын, әділдікті ту еткен, жаны жақсылыққа, жүрегі мейірімге толы адам.

Менің ойымша, адалдық кішігірім нәрселерден басталады: емтиханда көшірмеу, қоқыс тастамау, пайда табу мақсатында өтірік айтпау. Бірақ адалдық осымен бітпейді. Адал азамат сөзінен, ісінен, қоғамға деген көзқарасынан адалдық танытады. Ешкім көрмесе де, оңай жолды іздемейді, адамгершілік құндылықтарын жоғары бағалап, қоғамдық қағидаларға қайшы келмейді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде : «Адал Қазақстан адал азаматтан басталады» деп өте орынды атап өткен.

Сондықтан әрқайсымыз мінез-құлқымызды өзгертпесек, елдегі өзгерістер мүмкін емес. Әркім өзінен бастаса – саналы түрде білімге ұмтылып, адал еңбек етіп, өзгені сыйласа – қоғам нығаяды, мемлекет те әділетті болады.

Адал еңбек осы үдерісте үлкен рөл атқарады. Бұл уақытты босқа келтірмеу және жауапкершілікті басқаларға жүктемеу дегенді білдіреді деп ойлаймын. Студентсің бе, құрылысшысың ба, дәрігер болсаң да, өз ісіңе адал болсаң, қазіргі уақыттың өзінде ел дамуына үлес қосып жатырсың деген сөз емес пе?!

Сайып келгенде, адал азамат – ол әңгімедегі кейіпкер емес, өміріміздегі шынайы тұлға. Әрқайсымыз солардың бірі бола аламыз. Ең бастысы, қорқынышпен емес, ар-ұжданмен өмір сүру. Сонда Қазақстан халық өмір сүргісі келетін, дамыған, мақтанатын елге айналады.

Жолмырзаева Жанель

Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Адал азамат - елінің ар-намысын биік ұстайтын, шындықты ту еткен, жауапкершілігі мол, әділ де мейірімді жан. Адам өмірінде көптеген құндылықтар бар, бірақ соның ішіндегі ең маңыздысы - адалдық. Адал болу - тек шындықты айту емес, ол ойы мен ісінің таза, жүріс-тұрысының әділетті болуы. Адал азамат өз арына да, Отанына да қиянат жасамайды.

Мұндай адам қай қоғамда болмасын ерекше құрметке ие. Себебі адалдық бар жерде сенім бар. Сенім бар жерде бірлік пен тұрақтылық орнайды. Әрбір азамат адал болса - заң бұзылмайды, әділетсіздік жойылады, келешек ұрпаққа үлгі боларлық орта қалыптасады. Қоғамның дамуына да адалдық үлкен әсер етеді. Мысалы, білім саласында мұғалім оқушыға адал білім берсе, ертең ол оқушы да елге адал қызмет етеді. Бұл үзілмейтін тізбек деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда қоғамға адал азамат ауадай қажет. Себебі мемлекетіміздің болашағы, дамуы - ұлттың санасы мен жүрегінің тазалығына байланысты. Егер біз бәріміз адалдықты өмірлік қағида етіп алсақ, онда еліміз өркендеп, болашағымыз нұрлы болмақ.

Сондықтан әрбір адам баласы адал болуға, әділетті жолмен жүруге, өз ісіне шын беріліп еңбек етуге ұмтылуы керек. Себебі адал азамат - ел үмітін ақтайтын, ертеңгі күнге сеніммен қарайтын тұлға.

Шермаханбетова Балнұр

Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең бағалы қасиеттердің бірі. Әр адам өмірде адал болуды өзіне міндет етуі тиіс. Себебі адалдық бар жерде сенім, сыйластық және әділеттілік болады. Мен үшін адал азамат - шындықты сөйлейтін, әділдікке жақ болатын, елге, халыққа, отбасы мен дос-жаранға адал қызмет ететін адам.

Адал азамат тек өз пайдасын ойламай, әрқашан халықтың қамын көздейді. Мұндай адам уәдесінде тұрып, жасаған ісіне жауап бере алады. Ол өтірік пен қулықтан аулақ болып, шыншылдық пен әділеттілікті басты ұстаным етеді. Адал азаматтар көбейген қоғамда әділетсіздік азайып, сенім мен татулық орнайды.

Қоғамның дамуы да осы адал азаматтардың еңбегі мен адал істеріне байланысты. Әрбір адам өз ісін шын ниетпен, адал орындаса, ел ілгері басады. Адал еңбек қоғамға береке мен тұрақтылық әкеледі. Сондықтан адалдық - қоғамның басты тірегі.

Ар-ұждан мен намыс та адалдықпен тығыз байланысты. Ар-ұжданы таза адам шындыққа тура қарайды, қателігін мойындап, әділетсіздікке қарсы тұрады. Ал намысты азамат өз абыройын қорғай отырып, еліне пайдасын тигізуге тырысады.

Қорытындылай келе, әр адам өмірінде адалдықты бірінші орынға қойғаны дұрыс. Адалдық - елдің өркендеуінің кепілі.

Омыржанова Азиза

№ 62 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Әр адам дүниеге келгенде, ең алдымен, тұлға ретінде қалыптасады. Алайда нағыз азамат болу – бұл адамның тек туған елінің тұрғыны емес, оның тағдырына бейжай қарамайтын, елінің болашағы үшін жауапкершілік алатын тұлғаға айналуы.

Нағыз «Адал азамат» деген кім? Менің ойымша, бұл – өз ісіне адал, қоғамға пайдасын тигізуге тырысатын, жеке басының емес, елінің мүддесін жоғары қоятын адам.

Қоғамның дамуы да осындай адал жандарға байланысты. Егер әр азамат өзіне жүктелген міндетті адалдықпен атқарса, ел ілгері жылжиды.

Ар-ұжданы бар адам өтірік айтпайды. Өзіне және өзгеге қиянат жасамайды. Намысты азамат – ұлты мен Отанының абыройын қорғауға тырысады.

Әр адамның басты мұраты – тек адам болып қалу емес, азамат дәрежесіне жету. Адалдық, ар-ұждан, намыс сынды құндылықтар арқылы адам шынайы азаматқа айналады.

Әрмия Мерей

Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі, 10 «Г» сынып оқушысы

Ғасырлар бойы адам бойында ерекше бағаланып келе жатқан қасиет – адалдық. Үлкендердің батасынан «адал бол!» , «адал еңбек ет!» деген сөздерді жиі естиміз. Оқулықтар мен кітаптар осы тақырыпты негізге алады. Осының бәріне сүйенсек , адалдық әрқайсымыздың бойымыздан табылуы керек қасиет екенді түсінікті болады.

Адалдықтың түрі көп. Отбасына, досына, жарына, қызмет ететін орнына, жалпы тіршілік алдында. Сонымен қатар , адам өзін-өзі алдауы , бала күнгі

армандары мен қазіргі мақсаттарына қиянат жасау – арсыздықпен тең. Арманға жету – адал еңбектің, таза ниеттің және өзіне деген адалдықтың жемісі.

Адалдықтың ең қасиеттісі – Отан алдындағы адал еңбегі мен борышы. Туған жердің мерейін арттырып, еліміздің дамыған елдер қатарына қосылуына біздің тікелей қатысымыз бар. Қазіргі ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, олардың бойында адалдық сезімін қалыптастыра аламыз. Адал азамат әрқашан Отан үшін жанын беруге дайын және оның қадірін біледі. Бұл – келешек ұрпақтың тыныштығы мен бостандығы, білім алу мүмкіндігі мен бейбіт елде өмір сүруі үшін күрес. Батыр қыз Мәншүктің «Егер мен қаза тапсам, Отан үшін, әкем үшін, Сендер үшін» деген сөздері дәлел бола алады. Еліміздің тарих жолында мәдени, саяси, ұлттық негіздегі оқиғалар көп болған. Олардың негізінде де адалдық жатыр. Мысалы, 1917 жылғы Алаш әскерінің ұраны «Жасасын Отанның адал ұлдары!» деген рухты сөздер болатын. Ұлы ақынымыз Хакім Абай да «Адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі» деген өсиет қалдырған. Иә, адал еңбек еткен адам әрқашан абыройлы, ниеті таза болады, үміті өшпей, бақытқа бірнеше қадам жақындайды. Бұл бағалы қасиет адамға ата-ана тәрбиесі арқылы сіңеді. Бала әке-шешесінің сөзіне емес, ісіне ереді. Оларды үлгі тұтып, «әкем сияқты, анам сияқты боламын» деп талпынады. «Мен кімін?» деп жүріп, адам адалдықты қайта қалыптастыра алады.

Қорытындылай келе, адал азамат – өзіне, Отанға адал еңбек ететін, бойында патриоттық сезімді қалыптастырған, туған елдің қадірі мен тарихын құндылық ретінде ұстанатын азамат.

Муратова Ажар

Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адамгершіліктің шыңы. Адал азамат болу – әрбір азаматтың ең қасиетті борышы. Ол тек заңға бағынумен өлшенбейді, ол — жүрек тазалығы, сөзі мен ісінің бірлігі, еліне деген шын ниеті.

Адал азаматтың жарқын үлгісі ретінде мен Ахмет Байтұрсынұлы бабамызды атар едім. Ол қазақ халқының сауатын ашып, тілін, дінін, дәстүрін сақтап қалу үшін бар өмірін арнады. Қудалауға түсіп, өмірінің соңына дейін әділет үшін күресті. Бұл – нағыз адал азаматтың ісі. Ол жеке басының пайдасын емес, халқының ертеңін ойлады. Оның: «Қазақтың болашағы – білімде» деген сөзі бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Нағыз адал адам – өзіне қиын болса да, қоғам үшін дұрыс жолды таңдай білетін жан.

Қазақ халқында «Адал адам – арлы адам, арлы адам – барлы адам», – деген дана сөз бар. Адам бойындағы адалдық – оның ішкі байлығының көрінісі. Адал адамға сенуге болады, себебі ол әрқашан әділеттің жағында. Ол халықтың сенімін ақтайтын тұлғаға айналады, жүрген жерінде сенім мен тыныштық орнатады. Ол біреудің артына тас атпайды, өз ісіне ғана жауап береді.

Менің өмірімде де адалдықтың үлгісі бола білген адам – менің ұстазым. Ол бізге тек пәнді ғана емес, өмірлік ұстанымды да үйретті. Ұстазымыз үнемі: «Адал еңбек – абыройдың бастауы», – деп айтып отырады. Оның сөзі мен ісі бір жерден шығады. Ол өз жұмысын шын жүрегімен атқарады, әр оқушыға әділ қарайды. Осындай адамдарды көріп, мен де болашақта адал азамат болуға ұмтыламын. Бұл – адалдықтың, кәсіби жауапкершіліктің, адамдықтың үлгісі.

Адалдық – мемлекеттің негізі. Егер әрбір адам шынайы, әділ, еңбекқор болса, еліміз гүлденіп, болашағы нұрлы болмақ. «Елге адал қызмет еткен – ер», – дейді халқымыз. Сондықтан да мен адал азамат болуды өзіме мақсат етемін. Себебі қоғам – әр адамнан тұрады. Егер әрқайсымыз адал болсақ, еліміз де мықты болмақ.

Қорытындылай келе, адал азамат – қоғамның айнасы, ұлттың үміті. Адалдық пен әділдік – әрбір жастың бойынан табылуы тиіс қасиет. Бұл қасиет адамды биікке көтереді, елге қызмет етудің шынайы жолына салады. Адалдық – жүректен шыққан жарық. Егер біз осыны жүрегімізге сіңіре білсек, Қазақстанның келешегі жарқын және нұрлы болатынына сенімдімін.

Қайролла Асаналі

Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі, 11 «М» сынып оқушысы

Қоғамның алға жылжуы үшін әрбір адам адал болуға тиіс. Адалдық – тұрақтылық пен сенімнің негізі. Қазіргі таңда, адал азамат болу бұл ең маңызды құндылықтардың бірі болып саналады. Сонымен қоса, адалдық – кез келген мемлекеттің іргесін бекітетін басты құндылық.

Менің ойымша, адалдық – қоғам дамуының ең басты қозғаушы күші. Себебі адамдар арасындағы сенім, әділеттілік және ынтымақтастық тек адалдыққа негізделеді. Қоғамда адал азамат болу – бұл тек қана заңды бұзбау емес, бұл өз еліңді құрметтеу, өз еліңе немесе ісіне жауапкершілікті болу. Адалдық бар жерде әділет орнайды, ал әділеттілік бар жерде адамдар заң мен тәртіпке бағынып, қоғамда тұрақтылық қалыптасады. Мысалы, бір мемлекеттік қызметкер өз ісіне адал болса, ол пара алмайды, халыққа шын көңілмен қызмет етеді. Бұл елдің экономикасы мен басқару жүйесінің жақсаруына әсер етеді. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы: «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Осы нақыл сөздер, адал адам – әрқашан бүкіл әділетсіздікке қарсы тұратынын, айналасындағы адамдарға үлгі болатынын көрсетеді.

Мектепте өткізілетін көптеген тәрбиелік шаралар қоғамда әр оқушының өмірлік көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мәселен, осы оқу жылында мектебімізде «Біртұтас тәрбие» жобасы аясында арнайы тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл сабақтарда көптеген адалдық құндылықтар талқыланды. Әрбір тақырып біздің өмірлік көзқарасымызды кеңейтіп, терең ойлануға себеп болды. Сынып жетекшіміз өмірден нақты мысалдар келтіріп, шынайы өмірде

адалдықтың қаншалықты маңызды екенін ұғындырды. Бұл шаралар менің көзқарасыма үлкен әсер етті.

Тарихта адал басшылар елді алға сүйреген. Мәселен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды билер – шындықты ту етіп, халықты әділ шешіммен басқарған. Қазіргі заманда да мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев адалдықтың маңызын үнемі атап көрсетеді. Оның айтуынша: «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бұл үштік бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды.

Сөзімді президентіміздің «Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды» сөзімен аяқтағым келеді.

Уйсунбаева Зияда

Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғамның ілгерілеуі мен өркендеуі – әр азаматтың жеке қасиеттерімен тығыз байланысты. Соның ішінде адалдық – елдің рухани тірегі, тұрақтылық пен сенімділік негізі болып табылады. Адал азамат – шынайы, әділетті, өз сөзі мен ісіне жауап бере алатын тұлға. Осындай азаматтардан құралған қоғам мықты, әділетті және дамуға бейім келеді.

Адалдық адамның ішкі ар-ұятымен, тәрбие көрген ортасымен және болашаққа деген сенімімен тікелей байланысты. Адал адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қоғам мүддесін жеке басының пайдасынан жоғары қояды. Мұндай азаматтар – жемқорлыққа қарсы тұра алатын, әділетсіздікпен күресетін, еңбекқор, елдің болашағына алаңдайтын тұлғалар. Олар білім жолында да, кәсіби өмірде де, қоғамдық істерде де адал еңбектің арқасында табысқа жетеді.

Менің ойымша қоғамдағы әрбір саланың – білім беру, медицина, құқық қорғау, кәсіпкерлік – дұрыс жұмыс істеуі де сол салада қызмет ететін адамдардың адалдығына байланысты. Алайда, ұстаз шын жүрекпен білім берсе, дәрігер шын ниетпен емдесе, кәсіпкер әділ еңбек етсе – қоғамда сенім қалыптасады. Сенім бар жерде – тұрақтылық, ал тұрақтылық бар жерде даму болады.

Қорыта айтқанда, адалдық тек жеке қасиет ғана емес, ол – ұлттың ұстанымы. Ел болашағы – бүгінгі жастардың адалдығына байланысты. Сондықтан әрбір жас ұрпақ өз Отанына шын ниетімен қызмет етіп, қоғамның дамуына үлес қосуы тиіс. Адалдық – ұлттың жаны, елдің ертеңі.

Рахманкулова Інкәр

Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы, 10 «В» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол шынайылықты, әділеттілікті, өз ісіне және сөзіне жауапкершілікті білдіреді. «Адалдық жүректен» деген тіркес адалдықтың адамның ішкі жан-дүниесінен, жүрек тазалығынан туындайтынын меңзейді. Бұл тақырып аясында қоғамда адалдықтың маңызы мен кей жағдайда оны ұстанудың қиындықтары жайлы пікірталас туындауы мүмкін.

Бір жағынан, адал адамға сенім артуға болады. Адалдық жеке тұлғаның беделін арттырып қана қоймай, қоғамның дамуына да ықпал етеді. Мысалы, адал кәсіпкер салықтан жалтармайды, сапасыз тауар сатпайды, ал адал оқушы өз білімімен жетістікке жетуге тырысады. Мұндай адамдар айналасына оң әсерін тигізіп, әділеттілік пен сенімге негізделген қоғамның қалыптасуына үлес қосады. Алайда, екінші жағынан, қазіргі қоғамда адал болу кейде әлсіздік немесе аңғалдық ретінде қабылданады. Кейбір адамдар табысқа жету үшін өтірік айтуға, әділетсіз жолмен пайда табуға дайын. Мұндай жағдайлар адалдықтың құнын түсіріп, көпшілікті «айлакер болмасаң, алысқа бармайсың» деген ойға итермелейді. Бірақ бұл көзқарас уақытша пайда әкелуі мүмкін болғанымен, ұзақ мерзімде адамды рухани күйзеліске ұшыратуы мүмкін. Қазіргі заманда да адал азаматтарға деген сұраныс өте жоғары. Мемлекеттік қызметте болсын, бизнес саласында болсын, білім мен ғылымда болсын, әрбір салада адалдық – табыс пен сенімнің кепілі. Себебі адал еңбек – елдің дамуының негізі. Адал азаматтар көбейген сайын қоғамда әділеттілік, бейбітшілік, ынтымақ орнайды.

Адал болу – бұл өмірлік таңдау. Бұл таңдау әр адамның жүрегінен басталады. Адалдықты отбасыдан, балалық шақтан бастап үйренеміз. Ата-ананың тәрбиесі, мектептегі мұғалімнің үлгісі, қоғамдағы орта – бәрі де адал азамат тәрбиелеуге әсер етеді. Сол себепті әрбір адам өзінің адалдығымен өзгеге үлгі болып, болашақ ұрпаққа дұрыс жол көрсете білуі тиіс.

Қорытындылай келе, шынайы адалдық - жүректен басталады. Ол сыртқы әсерлерге қарамастан, ішкі сенім мен тәрбиеден туындайды. Адалдықты сақтай білу - әрбір адамның өз ар-ұятына деген адалдығының көрсеткіші. Қоғамдағы нағыз өзгеріс әркімнің жүрегіндегі адалдықтан басталады

Ахмал Нұрайым

Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы, 11 «В» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Адал адам – шыншыл, әділетті, сенімді, әрі жауапкершілікті тұлға. Мен үшін адал азамат – елінің дамуына шын көңілімен үлес қосатын, қоғамның мүддесін жеке пайдасынан жоғары қоятын адам.

Адал азаматтың бейнесі маған ең алдымен өз әкемнің образымен байланысты. Ол – ауыл мектебінде көп жылдар бойы мұғалім болып еңбек еткен жан. Қарапайым ауыл тұрғыны болса да, өзінің ісіне деген адалдығы, оқушыларға деген шексіз қамқорлығы оны ел алдында құрметті етті. Әкем үнемі:

«Адал еңбек – адамды биікке жетелейді», – деп айтатын. Бұл сөздер мен үшін өмірлік ұстанымға айналды.

Адал азамат – тек өз жұмысын ғана адал атқаратын емес, сонымен қатар еліне, халқына шын берілген жан. Мысалы, қазіргі күнде шекара күзетіп жүрген әскери қызметкерлер немесе ауылда еңбек етіп жатқан дәрігерлер мен мұғалімдер – барлығы да адал азаматтың айқын үлгісі. Олар үшін атақ немесе марапат емес, адамдардың амандығы мен елдің тыныштығы басты құндылық.

Адал азамат болу – тек заңға бағынып жүру емес, қиын сәттерде де әділеттілікті таңдаудан таймау. Ол – өтірікке, паракорлыққа, жалғандыққа қарсы тұра алатын батыл жүрек.

Қорытындылай келе, мен үшін адал азамат – елін сүйетін, адал еңбектен тайынбайтын, өз ісін жүрегімен атқаратын адам. Мұндай азаматтар еліміздің дамуы мен өркендеуіне берік негіз болады. Мен де болашақта осындай азамат болуға ұмтыламын.

Аймақ Нұрай

Дінмұхамед Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицейі, 10 «Д» сынып оқушысы

Адалдық – ардың ісі. Бұл адам бойындағы шыншылдық, адамгершілік пен әділдікті жинақтаған асыл қасиет. Адалдықпен өмір сүретін елдің болашағы жарқын, іргесі мықты болады. Қоғамның алға басуында адалдықтың рөлі қандай?

Адалдық – рухани тазалықтың ең биік шыңы. Адал адам әрқашан басқа адамдардың, жақындарының және ең алдымен өз алдында шынайы болады. Ол ешқашан өтірік айтпайды, айтқан сөзінде тұрады, уәдесін орындайды. Өзгелер адал адамға сенім артудан, жауапкершілік беруден тайынбайды, сондықтан оның қоғамдағы мәртебесі жоғары.

Адал азамат – шындық пен парасаттың жарығымен адамгершілікке жол сілтейтін шамшырақ іспеттес. Мұндай жандардың адал еңбегі – елдің тірегі, жұрттың сүйеніші. Олардың қатарына күн-түн демей, адам өміріне араша түсетін дәрігерлерді жатқызуға болады. Ақ халаттылар тек өз міндетін орындап қана қоймай, керек болса, өз өмірлерін де қатерге тігеді.

Ұлы Отан соғысындағы дәрігерлердің ерлігі әлі күнге дейін халық жадында. Қан майданда олардың жасаған ерең еңбегі сарбаздардың атқарған батылдығынан еш кем емес. Сол кездегі дәрігерлердің жанқиярлық қызметі – бүгінгі бейбіт күннің іргетасы.

Солардың бірі майданда әскери медбике болып жұмыс істеген Гүлімжан Қарсыбекова. Батыр әйел он екі мың әскер тұтқында болған үлкен аурухананы басқарып, өлшеусіз ержүректік пен кәсіби борышына деген адалдық танытты.

Осылайша, адалдық – елді алға өркендететін, қиын-қыстау заманнан шығаратын, ұлт тұтастығын сақтайтын күш. Бұл – қоғамдағы тұрақтылық пен

бейбітшіліктің кепілі. Адалдық шуағы төгілген жерде – сенім мықты, келер күн жарық, қоғам бақытты болады.

Қадыр Ұлту

Дінмұхамед Қонаев атындағы № 66 мектеп-лицейі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамның дамуы, жаңа белестерді бағындырып, биік шыңды шыңдауы сол қоғамды қоршайтын әрбір адамзаттың бойынан табылу қажет адалдық қасиетімен тікелей байланысты. Адалдық – адамды адам ететін, ең асыл қасиеттердің бірі. Адал азамат – елінің игілігі үшін қызмет ететін тұлға және осындай тұлғалардың маңайында еліміз алға қадам басады. Адал азамат қандай болу керек және қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді?

Менің ойымша, адал азамат – ар-ұжданы мен намысын ту етіп, қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосатын, әділдікті өмірлік ұстаным еткен тұлға. Себебі қоғамның дамуы әрбір азаматтың шынайылығы мен адалдығымен тығыз байланысты. Қоғамды айнала өрбіген адамзат баласы әділ болса, әділдік туы орнап, сенімді орта қалыптасады. Жоғарыда айтылған сөздерімнің айқын айғағы – қазақта дара туған, дана туған Абай Құнанбайұлы. Халқының мандайына жұлдыз болып біткен Абай қазақ жұртшылығының надандығына, жалқаулығына, білім мен еңбекті емес, өсек-аянды ермек қылып, өтірікті бағуға айналған халыққа күйініп, олардың сана-сезімін оятуға тырысады. Адамгершілікті ту еткен ойшыл өзінің «Сегізаяқ» атты өлеңінде :

«Көп айтса – көнді,

Жұрт айтса – болды,

Анадан адамның», – деп көпшіліктің жетегінде кететін жұртының мінезін сынға алып, ел-жұртын түзету үшін олардың бойындағы қисыны жоқ кемшіліктерді жасырмай, ашып айтады. Ғұлама Абайдың шығармашылығы – қазақ халқын дұрыс жолға бағыттауға негізделген, бұл оның ұлтының адал азаматы ретіндегі кеудесін кернеп бара жатқан жан айқайы еді. Ұлтының әрбір баласы осы хәкім Абайдай адалдықты ұраны ретінде ұстанса, еліміздің келешегі жарқын, алар асуы биік әділетті қоғам қалыптаспағы айдан анық.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, адал азамат – ұлтының әділ перзенті, елінің тірегі. Бүгінгі қоғам Абайдай мыңның ішінен суырылып шығар дарабоздарға, шыншыл азаматтарға мұқтаж. Әрбір қазақ баласы өз кезегінде ұлтына адал болуға тырысса, еліміздің келешегі кемел болмақ.

Мақамбет Баян

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия, 10 «А» сынып оқушысы

Адам өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі – адалдық. Адалдық бар жерде сенім, әділет, тыныштық болады. «Адал азамат деген кім?» Менің ойымша бұл – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ешкімге қиямет жасамайтын, әділетті жақтайтын адам. Мұндай азаматтар – қоғамның тірегі, ел болашағының негізі.

Адал адам қандай жағдайда болса да, дұрыс жолды таңдайды. Ол тек басқаларға емес, алдымен өзіне адал бола біледі. Мысалы, мұғалім сабағына адал болса, оқушы үшін үлгі тұтар ұстазға айналады. Мемлекет ісін атқарып жүрген адам да әділ, таза қызмет етсе, халықтың сенімі артады. Бұл – қарапайым ғана шындық.

Мен кейде өзіме Адал болу оңай ма? - деген сұрақ қоямын. Иә, шындықты айту, өзіңнің ар-ұжданыңа қарсы келмеу – әрқашан оңай емес. Бірақ соған қарамастан, адал адам болуға тырысса, ол түбінде өз өмірінде де, айналасында да үлкен сенімге ие бола алады. Адалдық тек сыртқы әрекеттен емес, адамның ішкі жан дүниесінен басталады. Ар – ұят пен намыс та осы жерде ерекше рөл атқарады.

Адалдықтың жарқын үлгісі ретінде қазақтың ұлы тұлғасы – Ахмет Байтұрсынұлының өмірінен мысал келтіруге болады деп ойлаймын. Ол қиын-қыстау заманда да өз халқының мүддесіне қарсы келмей, шындықты қорғап, білім мен тәуелсіздікті насихаттады. Адалдығы мен принципшілдігі үшін қуғын-сүргінге ұшырады, бірақ ұстанымынан таймады. Мұндай тұлғалар – шынайы адал азаматтың бейнесі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - адал азамат болу, тек жақсы қасиет емес, бұл қоғамға тірек бола алатын, елге үлгі болатын тұлға болу деген сөз. Өскелең ұрпақ адалдықты өз бойына сіңіріп өссе, болашақта еліміз де, қоғамымыз да өркениетті, әділетті, бейбіт ел болары анық. Адалдық әр адамның жүрегінен басталуы керек. Өйткені, адал рух бар жерде – парасаттылық, сенім және шынайылық салтанат құрады.

Алпысбай Мөлдір

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия, 10 «Б» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы ең асыл әрі мәңгілік құндылықтардың бірі. Адал адам – ар мен ұятты биік ұстайтын, әділдік пен шындықты ту еткен тұлға. Қай салада болмасын, адалдық пен жауапкершілік бар жерде ғана сенім мен өзара құрмет орнайды.

Адал азамат дегеніміз – тек шыншыл адам емес, ол – елінің қамын ойлайтын, уәдесіне берік, істеген ісіне жауап бере алатын, әділетсіздікпен күресуден тайынбайтын тұлға. Менің ойымша, адал адам ешқашан ұсақ пайда үшін арын сатпайды, жалған сөйлемейді, жалтақтамайды. Ол – өз ісіне, сөзіне және қоғам алдындағы борышына адал деп ойлаймын.

Махамбеттей ерлердің, Абайдай ой алыптарының өмірі де адалдықпен өрілген. Абай атамыз: «Адамның бойындағы ең асылы – жүректегі тазалық» деген. Бұл сөз - адалдықтың мәнін терең түсіндіреді.

Адалдықтың тірегі – ар мен ұждан. Адам арын таза ұстаса, қандай да бір қиын сәтте жолдан таяудан сақтайды. Халқымыз: «Арлы адам – қадірлі» деген. Осы бір дана сөздің түбінде терең мән жатқанын ұғына аламыз. Ар мен ұят – адамның ішкі өлшемі. Бұл өлшемнен аттамаған жан – нағыз адал азамат.

Қорытындылай келе, адал азамат – елдің сенімді тірегі. Егер әрқайсымыз өз ісімізге, айналамызға, отанымызға адал болсақ, еліміз де гүлденеді, болашағымыз да жарқын болары сөзсіз. Адалдық – уақыт пен заман өзгерсе де, мәні мен маңызы жойылмайтын асыл қасиет. Сондықтан әр адам жүрегінде адалдықты ту етіп көтеруі тиіс.

Қасиет Лина

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия, 11 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық – адам баласының бойындағы ең бағалы, ең қасиетті мінездердің бірі. Ол – адамгершіліктің, имандылықтың, рухани кемелдіктің айнасы. Адал адам болу – тек шын сөйлеумен немесе біреуге зиян келтірмеумен ғана шектелмейді. Бұл – тұтас бір өмірлік ұстаным, жан тазалығының көрінісі, ішкі дүниенің сәулелі болмысы. Нағыз адал азамат – кез келген жағдайда әділет жолынан таймайтын, ар-ұятты бәрінен биік қоятын, қоғам мүддесін жеке басының қамынан жоғары санайтын тұлға.

Қазақ халқы ықылым заманнан бері адалдықты ең ұлы қасиет деп бағалаған. «Адалдық – ардың ісі», «Арынды сатпа, атыңа дақ келмесін», – деп, әрдайым ұрпағын шыншылдық пен тазалыққа баулып отырды. Бұл – ұлттың рухани дінгегі, тәрбиенің түп негізі. Ата-бабаларымыз баласына мал мұра қалдырмаса да, адал ат пен абыройлы істі мұра етіп қалдырған. Демек, адалдық – ұлт болмысының алтын өзегі.

Адал азамат – өз ісіне, сөзіне, сертіне берік жан. Ол – уәдесін орынсыз бермейтін, бірақ айтқанын орындайтын, сөзі мен ісі үйлескен, елге, Отанға адал қызмет ететін азамат. Мұндай адамдардан нағыз көшбасшы шығады. Себебі ел болашағын ойлайтын, халықтың сенімін ақтайтын, қоғамның дамуына үлес қоса алатын тұлғалар дәл осылар. Адалдық болмаса, қайрат пен ақыл да адасады, білім мен билік те мәнін жоғалтады.

Қазіргі таңда еліміз үшін адал азаматтардың рөлі ерекше маңызды. Заман күн сайын өзгеріп, қоғамда түрлі құбылыстар орын алып жатқан шақта адам баласы кейде өз құндылықтарынан жаңылып жатады. Осы сәтте адамды адастырмайтын бір ғана темірқазық бар – ол адалдық. Бұл қасиет адамның қай салада болмасын биіктен көрінуіне, халық алдында қадірлі болуына, өмірдің сынақтарынан сүрінбей өтуіне жол ашады.

Жас ұрпақ үшін ең үлкен үлгі – осы адал азаматтың болмысы. Бүгінгі мектеп бітіруші түлек ретінде мен өзім үлгі тұтатын азамат – Қазақстан Республикасы Мәжіліс депутаты, экономист, қоғам белсендісі Дәулет Мұқаев. Ол әрбір жасөспірім адал болуға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, шыншылдықты өмірлік ұстанымға айналдыруға ұмтылуы тиіс деп үнемі айтып отырады. Бұл – нағыз ұлтын сүйер адал азамат деп есептеймін және адал азаматтардың көп екені рас.

Қорытындылай келе, адал азамат – ел үмітін арқалаған, ұлт болашағын айқындайтын басты тұлға. Ол қай кезде де халықтың жүрегінде, тарихтың төрінде қала бермек. Адалдықты ту еткен ұлт ешқашан жоғалмайды, қайта өсіп-өркендейді, биіктерді бағындырады. Өйткені елді биікке жетелейтін де – адал азаматтар.

Оразалиева Аружан

Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясы, 11 «Б» сынып оқушысы

Негізгі тақырыбымызды толықтай ашпас бұрын «Адал Азамат» сөзінің түпкі мағынасын түсініп алайық. Адал азамат деп кімді айтамыз? Неліктен бізге бастауыш кезден адал болу сөзін жиі айтып,насихаттайды? Сіз шын мәнінде адал адам санатына жатасызба?

Көбісінің айтуы бойынша адалдық бұл басқаларға көмек беріп,өзіңнің адами борышыңды өтеу. Алайда менің ойым бұл тұжырыммен тоғыспады. Адалдық бұл тек шындықты айтып, басқа адамдарға өтірік айтпай, сырттай даттамау емес, «Адалдық» - бірінші кезекте өзіңе адал болу. Адалдық –ішкі сенім мен рухани тазалық.Айтқанымдай басқасын қойып адам бірінші өзіне адал болу керек. Айтқанға оңай болғанымен бұл адам бойындағы ең қиын құндылықтардың бірі. Өзіне адал болған деуімді түсінби отырғандарға. Мәселен сіз бүгін кешке «мен ертең таңертең сағат 5:20 тұрып, жеңіл жүгіріп қайтамын, кейін сіңімді таңғы ас жасап, емтиханыма дайындаламын» деп қойын дәптерге жоспар құрып, оны орындауға уәде бересіз. Келесі күні шынымен сөзіңізде тұрып, айтылған іс әрекеттерді уақытылы орындасаңыз сізде бір тамшы болсын адалдықтың іргетасы қаланған. Өзіңе адал болу шынайы болмысыңды жоғалтпау, өз ұстанымың мен армандарыңа берік болу. Яғни қоғамдағы адамдардың сынына мойынбай,өз тұжырымды соңына дейін сақтап қалу. Өзіңнің жүрегің шын қалап тұрған таңдауды талдап,жан дүниенің қалап тұрған іспен айналысу. Сабақтың өзің мысалға ала аламыз.Қорытынды бақылау жұмысы кезінде барлық сыныпта бірдей жауап,сенде ғана басқа вариант шыққан кезде, парақтағы жауапты өзгерте салмай,өз біліміңе сену.

Қоғамда мен түсінбейтін бір жайт бар.Неліктен адам шыныменде шын ниетімен адал іс жасап тұрса,басқалары оған тамсана да талғана қарайды? Әрине адалдық өзін құрметтейтін нағыз азаматтың жолы,алайда менің көзқарасым бойынша бұндай игі іс әрекеттер сирек кездесетін оқиғалар қатарына жатпай,адамдар үшін қалыпты жағдай болуы керек. Сонда қоғамда шынымен жақсы адамдардың саны аз болғаны ма? Дұрыс орта табу да адамның ішіндегі адалдығына байланысты. Барлығы білетіндей позитивке қарағанда негатив жылдамырақ таралады. Сол үшін де өз өзімізге қиянат жасамай жақсы орта табу да маңызды.

Әр қоғамның өркендеуі мен болашағы-адал азаматтардың қолында. Адал азамат деп отырғаным тек қазіргі оқушылар мен жастар ғана емес, жалпы кез

келген жастағы мемлекет тұрғындары. Қатты айтсам да қазіргі уақытта бүкіл орта жастан асқан кісілер жауапкершіліктен қашып, барлығын жастардың мойынына артып қояды. Бірақ өзіңіз ойлап көріңізші әділетсіз әлеуметтен қалайша адал жастар шығып, ел болашағын өзгертеді? Не десекте қазіргі мансапқа құныққан адамдар арасынан адаспай адалдық жолды табу оңай емес. Өз жолын тауып, жан тән адалдығына қол жеткізген адам болмысы бірден ерекше көзге түседі. Өзіне, жақындарына, еліне, қоғамына деген шынайы қарым қатынасқа не жетсін? Абай атамyzдың өзі де «Адам баласына адам баласының бәрі дос» деген. Бұл достық пен сенімнің негізінде де адалдық жатыр дегенді білдіреді.

Қорытындылай келе, адалдық - адамның ең үлкен рухани күші. Жазған мақаламды оқып қана қоймай, бір түйір болсын ой ала алдыңыздар деген үміттемін. Менің айтарым тек өзгеге емес өзімізге адал болайық.

Тұрысбек Айтбала

Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназиясы, 11 «А» сынып оқушысы

Намыс пен ар-ұждан түсінігі әрдайым әр адам үшін әртүрлі. Менің ойымша, ар-ұждан әр адамның өзінің алдындағы адалдығы. Адамның күні адаммен болғандықтан, қоғамда да адалдық пен әділеттілік болуы шарт.

Қоғамда әділетсіздіктің болуы, қоғамдағы азаматтардың рухани тұрғыда бай екенін көрсетеді. Керісінше, қоғамда кінәсіздің құқығы тапталып, жәбірленушіге күйе жағылса, азаматтардың рухани бұрғыда кедей екенінің бірден-бір көрсеткіші. Адал адам – қоғам игілігіне жұмыс жасауы тиіс.

Адам нағыз тұлға боламын десем өз алдында адал болуы тиіс. Адалдықол достыққа берік болуы шарт. Досты сатқан адам, ертең отанды да сатудан тайынбайды.

Әділеттілікке толы қоғамды тарбиелеу үшін, әр шаңырақта адалдық құндылық ретінде қарастырылып, адалдық пен намыстың үгіттеуі жүргізілуі тиіс. Мысалы, үйдегі әке - шеше балаға тек насихаттау жүргізбей, өздері де адалдықтың көрінісі болу керек деп есептеймін.

Ар - ұждан мен намыс адалдықтың іргетасы. Олар болмаса адалдықтың мән-мағынасы жойылады.

Өмір деген құнды сый адам баласына бірақ рет беріледі. Сол қысқа өмірде адам ешкімнің ала жібін аттамай, ар намысқа сүйене отырып баянды өмір сүру қажет.

Жанның тазалығы, көкіректің ояулығы тұлға бойын намыс пен ар-ұжданға сусындатады. Сондықтан, бұл екі қасиет адалдықтың айнымас серіктігі екені даусыз шындық.

Сейілбек Назерке

Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Адам жаны - терең теңіз. Сол теңіздің түбінде үш інжу жатады: ар-ұждан, намыс және адалдық. Бұл үшеуі - бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ кейде ар-ұждан мен намыс адалдықты жойып жіберуі мүмкін. Сонда сұрақ туады: ар-ұждан мен намыс неге адалдықты жер етеді?

Ар - адам жанының өздік бұйрығы. Ұждан-ардың сезімдік күйі. Намыс-рухтың қамшысы. Ол жоғалса, адам жеңіл жолды таңдайды. Кейде адамдар өз пайдасын, беделін, атағын сақтау үшін ар мен намысты өз мақсатына бұрып, адалдықты құрбан етеді. Бұл адал сөз – «әлсіздік», адал іс «ақымақтық» болып көрінеді. Бұл шындықты бүркемелеу, рухани сатыдан құлау деп түсінемін.

Мысалы, біреу шындықты айтқысы келеді, бірақ абыройынан айырылып қаламын деп ойлайды. Сонда ол ар-ұжданын «ұятпен», намысын «мүлтіксіз беделмен» алмастырып, адалдықтан бас тартады. Осылайша, ар мен намыс сырттай жарқырап тұрса да адалдықты тұншықтырады.

Адалдық ақ қардай кіршіксіз. Оны ар мен намыс қорғауы керек. Сондықтан ар - ұждан мен намыс шын мәнінде адалдықпен бірге болса ғана, адам рухы биік, ісі таза болады. Қоғамның кемелденуі үшін әр азамат осы қасиетті берік ұстануы қажет. Себебі адалдық бар жерде сенім, тыныштық, мейірім мен әділет салтанат құрады. Ендеше, өміріміздің өзегіне адалдықты айналдырып, сол жолда нық қадам басайық.

Егінбаева Лаура

№69 мектеп-гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғамның өркендеуі мен тұрақты дамуы – әрбір азаматтың заңға деген құрметінен басталады. Заң – елдің тірегі, қоғамның тәртібі мен әділеттілігін қамтамасыз ететін құрал. Егер әр адам заң талаптарын сақтап, азаматтық борышын адал атқарса, ел ілгерілеп, бейбіт әрі әділ қоғам қалыптасады. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген Бауыржан атамыздың нақыл сөзі осының дәлелі.

Занды сақтау - адам құқықтарын қорғаудың басты шарты. Әрбір адамның құқықтары мен бостандықтары заңмен белгіленеді. Егер заң орындалмаса, әлсіздер мен қорғансыз жандар әділетке жете алмай, қоғамда тәртіпсіздік орнайды. Сондықтан заң – барша азаматқа тең, әділ тәртіптің тірегі болуы тиіс. Мұндай қоғамда адамдар арасында өзара сенім, тыныштық пен тұрақтылық қалыптасады.

Занды орындау – ұрпаққа үлгі болатын қасиет. Бала ересектерден көргенін қайталайды. Егер ата-аналар, ұстаздар мен көшбасшылар заңға бағына білсе, жас ұрпақ та заңға мойынсұнып өседі. Бұл – ұлттық тәрбие мен мәдениеттің негізі. «Не ексең, соны орасың» деген мақал осы тұрғыда ерекше мәнге ие. Заңға құрмет – елге, Отанға деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі.

Қоғамда заң бұзушылар да болуы мүмкін. Бірақ заң бұзған адам әділ жазаланып, оның ісіне тиісті үкім шығарылса, бұл өзге азаматтарға сабақ болып, келесі құқықбұзушылықтың алдын алады. Мұндай әділетті жүйе – азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырады. Ал сенімсіз қоғамда даму болмайтыны анық.

Қорыта айтқанда, заңды орындау – қоғамның рухани, әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларында тұрақтылық пен даму қалыптастыратын маңызды фактор. Әрбір азамат заңға мойынсұнып, өз құқығын да, өзгенің құқығын да құрметтегенде ғана әділетті әрі өркениетті ел қалыптасады. «Заңы жоқ ел – болашағы жоқ ел» деген сөз тегін айтылмаған. Сондықтан заңға бағыну – елдің дамуына қосылған әр адамның үлесі. Заңымызды құрметтеп, оған бағына білейік!

Нұртайқызы Жаннұр

Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 10 «Е» сынып оқушысы

Адалдық - адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен ар-ұятының айнасы. Адал болу шындықты айту ғана емес, сонымен қатар өзіңе, отбасыңа, Отаныңа деген шынайы сенімділік пен жауапкершілікті білдіреді. Мен үшін адалдық - ар-намысымның өзегі. Ендеше, адалдық адам баласы үшін ең қымбат қасиет пе?

Адалдық – адамның сөзі мен ісінің бірлігі, шыншылдық пен әділдікке негізделген өмір сүру қағидасы. Халқымыз «Арыңды сатпа, барыңды сат» деп бекер айтпаған. Себебі ар-намыс – адам баласы үшін ең қымбат қасиет. Адал адам қандай қиын жағдай болса да, шындықты жақтайды, туралықтан таймайды. Мысалы, тарихта әділдігімен танылған Төле би, Қазыбек би сынды тұлғалар – адалдық пен әділдіктің жарқын үлгісі.

Адалдық – ұлттың ұлы қасиеті. Қазіргі заманда да бұл құндылық өзектілігін жоғалтпай отыр. Тіпті жаңа технологиялар мен дамыған заманда да адамдардың арасындағы сенім, қарым-қатынас адалдыққа негізделуі тиіс. Адам адал болса, қоғам мықты болады. Адал еңбек – табыстың бастауы. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» деп бекер айтылмаған. Адал еңбектенген адам ешқашан ұтылмайды. Керісінше, ол көптің құрметіне ие болады.

Менің идеал адамым ешқашан өтірік айтпайды, екіжүзділікке бармайды, уәдесіне берік болады. Мұндай адамға сенім арту оңай, себебі ол өзін, өз ісін сатпайды. Қиындыққа тап болғанда да, адалдық жолынан таймаған адам өз қадірін жоғалтпайды. Қазіргі заманда шынайылық пен тазалық сирек кездесетін қасиеттерге айналып барады. Өз ісін аяқтамай кететін адамдар ісіне деген адалдықты жоғалтып, ар-намысын сатады. Маған мотивация беретін адамдар-өз ісіне адал жандар. Осы адамдар арқылы біздің әлем адамгершілігін жоғалтпай жүр.

Қорытындылай келе, адалдық – ардың айнасы, шындықтың шамшырағы. Тіпті адамдардың ауызбіршілігі де – адалдықтан тамыр тартатын қасиетті

құндылық. Мен жеке өзім адамды адалдығымен бағалаймын, себебі ар намысы бар адам ең мықты адам. Мен өз өмір жолымда осы қасиетті жолғалтпауға тырысамын. Себебі адалдық – менің таңдауым, менің ар-ұятым, менің келешегім. Адалдықты бойға сіңіру – мен үшін бақытты өмірдің бастауы.

Қуандық Арайлым

Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 10 «Д» сынып оқушысы

Адалдық – адам өміріндегі ең маңызды қасиеттердің бірі, өйткені ол адамның ар - ұжданының айнасы. Қазіргі заманда адалдықтың маңыздылығы артып келеді, себебі сенім мен шындыққа деген қажеттілік қоғамда әрқашан өзекті. Сонда оның маңыздылығы неде?

Біріншіден, адалдық адамның ішкі әлемінің тұтастылығын сақтайды. Адам шыншыл болған кезде ғана өзін-өзі сыйлай алады. Мысалға адамның өз ұстанымдары мен құндылықтары бар. Оның өз таңдауларына сыртқы факторлар әсер етіп, ойын өзгертіп жіберуін болдырмайтын өзіңе деген адалдық емес пе? Өзіңе деген сыйластық пен сенім өзіңе деген адалдықтан басталмақ.

Екіншіден, адалдық қоғамда сенімділікті қалыптастырады. Егер қоғамда бір- біріңе деген сенім қалыптаспаса, ол тұрақсыз болады. Ал адал адамдар өзара қолдау көрсетуге, біріне бірі тіреу болуға дайын. Біз айтатын жақын қарым - қатынастар осыдан қалыптасады емес пе?

Үшіншіден, адалдық - рухани ерлік. Қиын жағдайларда шындықты айту, өз ұстанымыңды қорғау - нағыз ердің ісі. «Ар-ождан алдындағы адалдық — өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты» - деп Әл-Фараби айтқандай ол кез-келген адам үшін индивидуалды, әрі өз еркінде. Сондықтан бір таңдау жасамай тұрып адалдыққа жүгіну де ерлікті қажет етеді. Бұл қасиет адамға өзіңнің жасаған қадамдарыңа сенімділікпен қарауға итермелейді.

Адал болу – әр адамның бойында табылуы қажет қасиет. Ол қоғамда әрқашан өзекті. Егер оның бойында ар-ұжданы болса, адалдық қасиеті де бар деген қорытындыға келе аламын.

Аманбек Ерасыл

Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 11 «Д» сынып оқушысы

Адалдық – ардың ісі, яғни адамгершілігі мол, әділ адамның ең басты қасиеті. Адал адам, бұл – шыншыл, сенімді, өз ісіне, сөзіне жауапты адам. Осы әрекеттері арқылы басқа адамдардың да құқықтарын құрметтейді. Сондықтан адалдық – тек жеке адамның ғана емес, барлық қоғамның берекесі мен тұрақтылығының кепілі. Қоғамдағы адамдардың бір-біріне сенімі, бірлігі, ынтымағы олардың адалдығына байланысты. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер адал қызмет атқарса, халықтың оларға деген сенімі де артады. Бұл

жағдай мемлекеттегі жемқорлықтың алдын алып, қоғамның дамуына септігін тигізер еді.

Сонымен қатар, еліміздің экономикасын дамытуда еңбек етіп жүрген кәсіпкерлеріміз бен әр салада жүрген жұмысшыларымыздың адал атқарған еңбектері де рухани дамуымызға әсер етеді.

Жоғарыда аталғандардың адал болуы отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әр ата-ана балаларына жақсы тәрбие беріп, олардың шыншыл, әділ болуына ықпал етеді. Балалардың ата-аналарына, бір-біріне деген сенімі артып, берік қарым-қатынас орнатады. Отбасынан басталған қағида қоғамдық қағидаға айналады.

Достар арасындағы адалдық сезімі – отбасы тәрбиесінің жалғасы. Амал достық – адал достыққа айналған сәттен бастап, шынайылық қалыптасады. Достардың бір-біріне сенімділігі, қиын сәтте қолдау көрсетуден, тығырыққа тірелгенде шындықты жасырмаудан басталады.

Адалдық – тек сөз арқылы ғана емес, іс-әрекетпен де дәлелденетін қасиет. Ол адамның ар-ожданынан, тазалығынан көрінеді. Қоғамның барлық мүшелері адал болуға ұмтылса, онда мемлекетіміздің тұрақтылығы нығайып, ілгері дами берер еді. Сондықтан әр азамат адалдықты өмірінің басты қағидасы ретінде қабылдауы керек.

Қорытындылай келе, адал азамат болу – әр адамның парызы. Адалдық арқылы біз әділ қоғам орнатып, тыныш өмір сүреміз. Болашағымыз жарқын, келешегіміз келісті болмақ. Мемлекетіміздің мәртебесі өсіп, халқымыздың өмір сүру сапасы жақсарады. Қоғамның бір мүшесі ретінде мен де адалдықты ту етіп ұстап, бір пайдалы кірпіші боп қаланғым келеді.

Айтикенова Аружан

№72 мектеп-лицейі, 10 «Г» сынып оқушысы

Адамның өмірінде әртүрлі қасиеттер мен мінездер маңызды орын алады, алайда ішкі таза болу, адалдық пен әділдік – бұл адамды нағыз азаматқа айналдыратын қасиеттер. Адал азамат дегеніміз, тек қана өз міндетін орындап, қоғамға пайда келтіретін емес, өзінің ішкі дүниесі мен моралдық көзқарастарында да жоғары дәрежеде адал болатын адам. Мұндай адам өз іс-әрекеттерімен, сөздерімен қоғамға үлгі бола отырып, өз жолын таңдауда ешқашан ар-намысына қиянат жасамайды.

Адал азамат тек жеке өмірінде ғана емес, қоғамдық өмірде де маңызды рөл атқарады. Қоғамда әділдік пен адалдық болмаған жерде, адам құқықтары мен бостандықтары бұзылады, соның салдарынан жалпы әлеуметтік тұрақтылық пен тыныштық бұзылады. Сондықтан әрбір азамат өзінің құқығын ғана емес, басқа адамдардың құқықтарын да қорғауға тиіс. Әділдік пен адалдық қоғамның тұтас жүйесін қалыптастырады, сондықтан әрбір адам өз ісінде осы құндылықтарды ұстануы қажет. Адал азамат өз әрекеттері мен шешімдерінде осы принциптерді қатаң сақтай отырып, қоғамның әлеуметтік әл-ауқатының артуына үлес қосады.

Адамның адалдығы оның тұлғалық қасиеттерін айқындайды. Адал азаматтың өмірінде жалғандық, алдау немесе қиянат сияқты теріс әрекеттер орын алмайды. Оның іс-әрекеттері мен сөздері бір-біріне сәйкес келеді, себебі ол ешқашан өзін өзгертпейді, ешқашан өзін жоғалтпайды. Ол әрдайым қоғамға пайдасын тигізіп, өз міндетін атқара отырып, адал болуға тырысады.

Қорыта айтқанда, адал азамат болу – бұл тек моральдық құндылықтар мен ішкі дүниені тазартумен ғана емес, сонымен қатар қоғамға пайдалы болуды, әділ әрі жан-жақты болуды білдіреді. Адалдық қоғамдағы тыныштық пен әділеттілікті қамтамасыз етеді, әрбір адамның өз орнын табуына мүмкіндік береді. Адал азамат – бұл біздің қоғамымыздың негізін құрайтын, әрқашан да дұрыс жолды таңдауға тырысатын, әділ әрі шыншыл адам.

Нурматова Дана

№ 72 мектеп –лицейі, 10 «Г» сынып оқушысы

Адал азамат – қоғамның сенімді тірегі. Әр адам қоғамға пайдасын тигізгісі келсе, ең алдымен адал болуы керек. Адалдық – тек шын сөйлеу ғана емес, ол – ойың мен ісіңнің бірлігі, әділеттілік пен жауапкершілікке негізделген қасиет.

Адал азамат заңға бағынып, өз міндетін дұрыс атқарады. Ол ешқашан пара алмайды, біреудің еңбегін жойып, пайда таппайды. Мұндай адам қандай қызмет атқарса да, әділдікті ту етіп ұстайды. Мысалы, адал ұстаз – оқушының болашағына жол ашады. Адал дәрігер – науқастың өмірін сақтайды. Адал басшы – елдің дамуына үлес қосады. Сондықтан әр мамандық иесі өз жұмысына адал болуы қажет.

Қазіргі таңда адал азаматтарға қоғамда үлкен сұраныс бар. Жастарды кішкентай кезінен адалдыққа тәрбиелеу – болашақтың кепілі. Себебі адал ұрпақ – жарқын болашақтың негізі.

Қорытындылай келе, адалдық – ұлттың рухани байлығы. Әр азамат адал болуға ұмтылса, еліміз бейбіт, әділетті және дамыған мемлекетке айналады.

Қасымбекова Айдана

№73 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғам – адамдардың бірлігінен құралған күрделі жүйе. Бұл жүйенің тұрақты дамуы әр адамның мінезіне, тұлғаның қалыптасуына, әсіресе адам бойындағы адалдықпен байланысты. Адалдық бар жерде сенімділік, әділдік пен тұрақтылық болады. Ал осы қасиеттер – кез келген мемлекеттің, ұлттың өркендеуінің басты шарты.

Адал адам – ешкімге зиян келтірмейтін, шындық жолында өмір сүретін тұлға. Осындай адамдардың көп болуы – қоғамның даму көрсеткіші. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер өз халқына адал қызмет атқарса, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарады. Олар өз жеке басының пайдасына жұмыс істемей, жемқорлықтың тамыр жаюына жол бермеуі керек. Керісінше, қоғам игілігі үшін

аянбай еңбек етіп, әділеттілік пен тазалықты басты қағида етіп ұстанғаны дұрыс. Оған қоса, мұғалім оқушыға дұрыс бағыт беріп, бар білімін беруге тырысса, ал оқушы осы білімді алып, адал сабақ оқыса, онда оқушы болашақта жауапты, білімді адам болып шығатыны сөзсіз. Адалдық, шынайылық, адамзатқа, табиғатқа, Отанға деген махаббат пен құрмет бар жерде қоғам алға жылжи береді. Бұл – ұзақ мерзімді дамудың кепілі.

Қорытындылай келе, адалдық – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның игілігіне жұмыс істейтін күш. Әр адам саналы түрде шынайы, адал болуға талпынса, қоғамымыз гүлденіп, келешегіміз жарқын болмақ.

Күлбек Әлия

№73 мектеп-лицейі, 10 «В» сынып оқушысы

Дана халқымыздың «Адамның ұяты – бетінде, ары – кеудесінде» деген терең мағыналы сөзі бар. Кісіге кісілік қасиет сыйлайтын, қоғамға сәуле шашатын адам болмысының асыл қасиеттерінің бірі – адалдық, ол – жүректің тазалығы, ойдың шынайылығы, істің әділдігі. Мен үшін адал азамат – осы қасиетті өмірлік қағидасына айналдырған, тазалықты ту еткен, сөзі мен ісі үйлескен, өзіне де, өзгеге де әділ қарай алатын тұлға. Екіжүзділіктен ада, сөзі мен ісі қабысқан, жүрегі таза адал азаматты тарих өзі таразылайды. Осындай ойға келгенде есіме халқына адал қызмет етіп, өмірінің соңына дейін шындық пен әділет жолында күрескен азамат – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы түседі. Тар заманның теперішін көрсе де, өз ұлтының болашағы үшін адалдығынан айнымады, ешқашан жеке басының қамын күйттеген жоқ, халыққа қызмет етуді өз өмірінің мәніне айналдырды. Мұндай тұлғалар – адалдықтың мәңгілік шамшырағы, өйткені адалдық – мәңгілік ұғым.

Бүгінгі қоғамға адал азаматтар ауадай қажет: қоғамды алға сүйрейтін – сен емес, шындық. Шындықты ту еткен адамның артында сенім, рух, парасат тұрады. Күнделікті өмірде еңбегін бұлдамайтын, жақсылығын жарияламайтын адал азаматтарды байқай бермейміз. Мысалы, мұғалімнің шәкірт тағдырына бейжай қарамайтын шынайы жанашырлығы, әр баланың жүрегіне ізгілік ұялатуға тырысуы, жүрегіне сенім шырағын жағу үшін бар жанын салуы, ал дәрігердің адамның өмірін сақтау үшін жанын шүберекке түйіп еңбек етуі, түн ұйқысын төрт бөліп, науқасқа жәрдем беруі адалдықтың айқын көрінісі деп білемін.

Қарттар үйлерінде, ауруханаларда қиын сәтте көмек қолын созып, жылағанға жұбаныш болатын еріктілердің ісі – нағыз адалдық пен жүрек жылуының көрінісі. Сол сияқты антына берік, ел тыныштығы үшін жанын пиде етуге дайын, Отан алдындағы адалдығын ісімен дәлелдейтін әскери қызметкерлердің, шекарашылардың әрбір минуттық жауапкершілігі – шын адалдықтың үлгісі. Елдің болашағы бүгінгі жастардың адамгершілік деңгейімен

тікелей байланысты, сондықтан адалдықты отбасында бала санасына сіңіру керек.

Қорытындылай келгенде, адал азамат – міндетті түрде мінбеде отыратын тұлға емес, адалдықты өмірлік бағытының темірқазығы, адамдықтың өлшемі еткен азамат. Мен де өз болашағымды адал жолмен құрып, жауапкершілікті жоғары қоятын, елге пайдамды тигізетін азаматша болуды мақсат етемін, себебі шын бақыт – адал өмір сүруде.

Мейрамбеков Алмаз

№73 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Әр адамның өмірінде адалдықтың орны ерекше. Адалдық – адамгершіліктің, тәрбиенің, рухани тазалықтың айғағы. Ал адал азамат – өз елін, туған жерін, отбасын сүйетін, әрқашан әділет пен шындықты жақтайтын тұлға. Менің ойымша, еліміздің болашағы – дәл осындай азаматтардың қолында.

Адал азамат болу – тек шындық айту ғана емес. Бұл – әрбір ісіңе, сөзіңе жауапкершілікпен қарау. Мысалы, оқушы үшін адалдық – бөлім бойынша, тоқсандық сынақтарда өз білімімен бағалану. Мұғалімнің адалдығы оқушыға сапалы білім беріп, шынайы жанашыр болумен қатар, оқушыларды әділ бағалай білуінде. Сондай-ақ, кез келген кәсіп пен қызмет иелері өз ісіне адал болып, жанашырлықпен жұмыс істесе, ол оның Отанға адалдығын білдіреді. Жалпы, саналы азамат шыншыл болу керек, адамгершілігін жоғалтпау керек. Менің ойымша, адамгершілігі жоғалмаған адамдарда адалдық болады. Осындай қарапайым мысалдардың өзінен адалдықтың қаншалықты маңызды екенін біле аламыз.

Менің өмірімде үлгі тұтатын адал азамат – менің әкем. Ол ешқашан өтірік айтпайды, әрдайым өз уәдесінде тұрады. Жұмысын адал атқарып, ешкімге зиянын тигізбейді. Әкем маған үнемі: «Адал адам ғана елдің алғысын алады», – деп айтады. Осы сөздер менің жүрегімде терең сақталып қалған. Сондықтан адал азаматты елдің тірегі деп білемін. Ондай адам ешқашан елін сатып кетпейді, қиындықпен қорықпай күреседі, әділет үшін күресуден тайынбайды.

Қорытындылай келе, адал азамат тек заңға бағынып жүрген азамат емес, ол – шын жүректен елін сүйетін, шындықты ту еткен, адамгершілігі жоғары тұлға.

Мамбетова Тамила

Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

Адал азамат – қоғамның асыл тірегі. Ары таза, өз халқына, туған жеріне деген адалдыққа толы азаматтары бар елдің болашағы жарқын болады. Себебі ол тек өз қара басын ғана емес, айналасындағы жақындарының, отбасының және халқының сенімін ақтауға ұмтылады.

Адалдық тек әділдік пен шындықты өзінің өмірлік қағидаты ретінде ұстанған тұлғалардың бойында тұрақтанады. Егер біз өз еліміздің көркеюін қаласақ, ең алдымен қоғамды өзгертіп, жанашырлық, тәртіп, жауапкершілік пен отаншылдық сияқты құндылықтарды биік қою маңызды. Бұл қасиеттердің негізі балалық шақтан қалыптасады. Отбасы, мектеп, ұстаз бен қоршаған орта – баланың мінез - құлқына әсер ететін, оны тәрбиелейтін алғашқы әлеуметтік орта. Сондықтан қоғамның дамуына үлес қосатын азаматтарды өсіруге олардың жастайынан мән берген жөн.

Қазақстан қоғамын адал ету әрбір азаматқа байланысты. Әділетсіздіктің жолын кесу, қоғамдағы ізгілікті арттыру және жетістікке жету – арлы адамның қолындағы шешім. Адал адам жемқорлыққа жол бермейді, әділетсіздікке қарсы тұрады. Ол еңбекқорлығымен, шыншылдығымен өзгелерге үлгі болады. Мұндай азаматтар көп болса, қоғамда тәртіп орнап, заң үстемдігі күшейеді. Мемлекет те дамиды, халықтың әл-ауқаты жақсарады. Әр адам өз ісінде ар-ожданын биік қойып, әділет пен шындықты ту етсе, елдің болашағы да нұрлы болмақ.

Қорытындылай келе, адалдық – қоғам дамуының басты құндылықтарының бірі. Ол тек жеке адамның емес, тұтас ұлттың рухани іргетасын ұстап тұрады.

Султанбекова Назым

№ 75 мектеп-гимназиясы, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттің бірі. Адалдық – шыншылдық, айнымастық, әділдік сияқты игі қасиеттер. Қазақ пайымында адам бойындағы адалдық ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді, тағы басқа адал қасиеттердің жиынтығынан тұрады. «Адал азамат» сөзінің мағынасын сіз қалай түсінесіз?

Қоғамның іргетасын нығайтатын да, көркейте түсетін де адалдық екенін жасырмаймыз. Адал азамат бұл шыншыл, әділ, сенімді әрі жауапкершілігі жоғары тұлға. Мұндай адам елінің дамуына, қоғамның бірлігі мен тыныштығына зор үлес қосады. ол заңға бағынады, уәдесіне берік, арын бәрінен биік қояды. сонымен қатар, адал азамат ешқашан өтірік айтпайды, өз пайдасы үшін өзгеге зиян келтірмейді. Ол – әділеттің жақтаушысы, шындықтың қорғаушысы.

Адалдық, адал адам ұғымы қазақ әдебиетінде көп кездеседі. Абай Құнанбайұлы «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз» деп адал адам ұғымының негізгі ұстанымдарын ұсынған. «Адалдық алдың ісі», «адал адам арымас» деген секілді халық даналығы да бекер айтылмағаны анық. «күшіңе сенбе, адал ісіңе сен» деген Мұхтар Әуезов те саналы ойдың сәулесін түсіргендей.

Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан сынды ұлт зиялылары адалдықтың айқын үлгісі бола білді. Олар ел болашағы үшін аянбай еңбек етіп, өз ар-намысын еш уақытта сатпады. Осындай адал азаматтардан бүгінгі ұрпақ та адалдықтың үлгісін алып, үйренуі тиіс.

Қазіргі заманда да адал азаматар ауадай қажет. Ел ішіндегі сенім, тұрақтылық пен әділеттілік тек адалдықтың арқасында орнайды.

Адал азамат болу кез келген адамның қолынан келеді, тек жүрегі таза, ниеті түзу, санасы сергек болса, жеткілікті. Адалдық – үлкен ерлік. Себебі кейде шындықты айту қиын, әділетті болу өзіңе зиянын тигізуі мүмкін. Бірақ сонда да адалдық жолынан таймайтын адам – нағыз азамат.

Қорытындылай келе, адал азамат- қоғамның тірегі. Әр адам адал болса, ел де берекелі, болашақ та жарқын болмақ.

Даубаева Дана

№75 мектеп-гимназиясы, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адамның ең асыл қасиеттерінің бірі. Адал азамат дегеніміз – шыншыл әділ сенімді, өз ісіне жауапты адам. Мұндай азамат өз елінің нағыз патриоты болады, өйткені ол тек өз пайдасын емес, қоғамның игілігін ойлайды. Адал адам ешқашан өтірік айтпайды, өзгеге қиянат жасамайды, уәдесінде тұрады. Қандай қиын жағдай болмасын, ол ар ожданын сатпайды. Осындай азаматтар – қоғамның тірегі, болашақ ұрпаққа үлгі болатын тұлғалар.

Қазіргі таңда елімізге дәл осындай адал азаматтар қажет. Өйткені, тек адалдық арқылы біз сыбайлас жемқорлықсыз, әділетті қоғам құра аламыз. Адалдық адамның ішкі тазалығы мен рухани байлығының көрінісі. Жастар тәрбиесінде адал азаматтардың үлгісі өте маңызды. Жас буын үлкендерді көріп өседі. Егер олар шынайылық пен адалдықты байқаса, өздері де сондай болуға тырысады. Сол себептен әр ересек адам адалдықты өмірлік ұстаным ету керек.

Қорытындылай келе, адал азамат – ел болашағының негізі. Адалдық – мәңгілік құндылығы. Әрбір елдің болашағы – оның адал азаматтарында. Бірақ, нағыз азамат болу үшін тек туған жерде өмір сүру жеткіліксіз. Адам адал, әділ, жауапты болуға тырысуы керек. Осындай қасиеттердің ішінде адалдық ең маңыздысы болып саналады. Адал азамат шыншыл, тура жолмен жүретін, ешкімге зиян келтірмейтін адам. Ол уәдесінде тұрады, өз ісіне жауап береді, өтірік айтпайды.

Адал болу – әркімнің өз таңдауы. Бұл қиын, бірақ өте қадірлі жол. Сол себепті біз әрқашан шыншыл болуға, ешкімді алдамауға және өз ар-ұжданымызды сақтауға тырысуымыз керек.

Айтжанова Нұрай

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 10 «Г» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол тек шындықты айту немесе ұрлық жасамау ғана емес, ол- ішкі тазалық, ар-ұждан алдында ұятты сезіну, өз сөзіне, уәдесіне берік болу.

Мен үшін адал азамат - бұл жүрегі таза, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, ешкімге қиянат жасамайтын тұлға. Адам адал болса, оған сенуге болады, онымен қоғам құруға, өмір сүруге, даму жолында бірге жүруге болады. Адалдық-

қоғамның берік іргетасы. Егер әрбір азамат өз ісінде адал болса, онда жемқорлық, алдау, әділетсіздік сияқты құбылыстар азаяр еді. Мысалы, мұғалім сабақты адал оқытса, оқушы- сабақ, білімді шын ниетпен алса, дәрігер- науқасқа жанашырлық танытса, қоғамда сенім артады. Сенім болған жерде даму да бар. Ар-ұждан мен намыс-адалдықтың ішкі қозғаушы күштері. Ар-ұжданы таза адам өзі үшін де, өзгелер үшін де дұрыс шешім қабылдайды. Ол әділ болуға тырысады. Ал намыс- адамның өз қадірін, ата-анасының ұлтының абыройын қорғауға деген талпынысы. Намысты адам ұрлық, өтірік, сатқындық сияқты істерден аулақ болады.

Қорыта айтқанда, адалдық - адамзаттың рухани тірегі. Адал адам көп болса, қоғам биікке өрлейді. Сондықтан әр адам өзін тәрбиелеуден бастап, қоғамға адал қызмет етуге ұмтылуы тиіс. Адал ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі. Біз неғұрлым жас кезімізден ар-ұжданы, әділ, намысты болуға үйренсек, болашақта еліміздің де, әлемнің де дамуына оң үлес қоса аламыз. Адалдық - сыртқы емес, ішкі байлық екенін ұмытпауымыз керек.

Сейдахмет Нұртілеу

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 11 «Б» сынып оқушысы

Адалдық - қоғам дамуының рухани өзегі. Адалдық-адамгершілік қасиеттердің ең асылы, ол қоғам үшін - тұрақтылық пен сенімнің іргетасы.

Адалдық бар жерде әділдік орнайды. Қоғам тек заңмен емес, адамдардың ішкі адалдығымен реттеліп отырады. Егер әр азамат өз ісіне шын жүректен, адал ниетпен қараса - жемқорлық жойылып, еңбектің қадірі артар еді. Адалдық - тек шындықты айту емес, ол - уәдеге беріктік, аманатқа қиянат жасамау, өзгенің хақысын жемеу. Мұндай қасиеттерге негізделген қоғамда сенім мен ынтымақтастық бекиді. Адамдар бір-біріне арқа сүйеп, ортақ мақсатқа бірге ұмтылады.

Адалдықсыз қоғам - іргесі сөгілген үй іспеттес: сырттай сәнді болғанымен, ұзаққа бармайды. Ал адалдыққа негізделген ел- рухани биіктікті ту еткен, болашағы нық қоғам. Сондықтан қоғамның дамуы әр адамның адалдығынан басталады.

Темирова Медина

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 11 «В» сынып оқушысы

Адал азамат - бұл қоғамға өз күш жігерін адал жолмен, ар-ұятпен, шын ниетпен арнап, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген тұлға. Адалдық-қоғамды әділдік пен тәртіпті сақтаудың негізгі тірегі. Егер әр адам өз міндетін адал орындаса, қоғамда сенім орнайды. Адал азаматтар өз іс - әрекеттерінде ешқашан заңды бұзбайды, пара алмайды және өтірік сөз сөйлемейді.

Қоғамның дамуына адалдық тікелей әсер етеді. Ол әділдікті, заңдылықты, сенімділікті, ынтымақтастықты нығайтып, қоғамның болашақта жарқын тұрақты және әділетті болып қалыптасуына негіз болады.

Ар - ұждан мен намыс адамды адал болуға, өтірік айтпауға, әділ шешімдер қабылдауға итермелейді. Олар адалдықты ішкі қажеттілік ретінде сезінуге, қоғамдағы орнын әділ түрде алуға мүмкіндік береді. Ар-ұят пен намыс адамды жеке басымен әділ шешімдер қабылдауға, абыройын сақтауға бағыттайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - адал болу - әрбір адамның жеке таңдауы. Қоғамды іргері дамыту үшін әр тұлға өзін адал азамат ретінде қалыптастырып, айналасына жақсы әсер етуі тиіс. Адалдық - бұл ең басты құндылық, оны сақтау бізді жоғары моральдық деңгейге көтереді.

Искакова Айша

Фарица Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы, 10 «Г» сынып оқушысы

Адал азамат — өз еліне, еліктейтін құндылықтарға шын берілген, шыншыл әрі әділетті адам. Сондай-ақ, жоғары моральдық қасиеттерге ие, еңбекқор және табысқа әділ жолмен жететін тұлға. Ол үшін адалдық пен әділеттік - басты өмірлік ұстаным. Қоғам ретінде алға жылжу үшін сана-сезімімізді жаңартып, жаңа құндылықтарға бет бұруымыз қажет. Олай болса «Нағыз адал азамат қандай болу керек?» - деген сұраққа тоқтала кетейін.

Біріншіден, адал азамат - әділдік пен шындықты бәрінен жоғары қоятын тұлға. Ол заңға бағынады, ар-ұжданын таза ұстайды және әр әрекетін қоғам пайдасына бағыттайды. Адал адам өтірік пен опасыздықтан аулақ жүреді, шынайылықты өмірлік ұстанымына айналдырады. Мұндай азамат өз жеке мүддесінен гөрі елдің, халықтың игілігін ойлайды. Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіп жүрген қарапайым мұғалімдер мен дәрігерлер - шынайы адал азаматтар. Адал әрекет арқылы олар қоғамға сенім ұялатады, ал бұл - елдің тұрақтылығы мен дамуы үшін аса маңызды фактор.

Екіншіден, адал азамат - еңбекқор әрі табысқа адал жолмен жететін адам. Ол ешқашан жалған, заңсыз жолмен пайда таппайды, керісінше, маңдай терімен тапқан табысты қадірлейді. Адал еңбек еткен адамның табысы берекелі болады, ал мұндай табыс адамды моральдық тұрғыда да биікке көтереді. Мысалы, шағын кәсібін заңды түрде жүргізіп, ел экономикасына үлес қосып отырған кәсіпкерлер - адал еңбектің жарқын көрінісі. Олар жұмыс орындарын ашып, салық төлеп, елге пайдасын тигізіп отыр.

Қорытындылай келе, адал азамат - тек өз отбасына емес, бүкіл қоғамға пайдасын тигізетін тұлға. Егер әрбір азамат шыншылдықты, әділеттілікті және адал еңбекті басты құндылық деп білсе, елімізде сенімге, әділдікке және жауапкершілікке негізделген тұрақты қоғам қалыптасады. Адалдық - ел болашағының кепілі.

Әуесхан Амина

Фарица Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы, 11 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық - адамгершіліктің аса маңызды талаптарының бірін бейнелейтін моральдық қасиет. Бұл - тек жеке адамның мінезі емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Егер әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, адал атқаратын болса, қоғамда сенім мен тәртіп орнайды. Бұл өз кезегінде дамушы орта қалыптастырады.

Қоғам қандай жағдайда дамиды? Әрине, әр адам өз жұмысын адалынан атқарған жағдайда. Ұрлау, алдау арқылы, яғни, арамдықпен келген табыс ешқашан берекелі болмайды. «... Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді. Құрметке ие болады», - дейді Президент Қ.Токаев. Шындығында, біреуге қастандық жасайтын, пайдасын ғана көздейтін адамдар қоғамдық - әлеуметтік ахуалды қиындатады. Бұлай жалғаса берер болса, қоғамда алға қарай жылжу болмайды. Сол себепті де әрбір ата-ана тәнінің тоюын емес, жанының баюын ойлайтын ұрпақ тәрбиелесе екен деймін.

«Адалдық» деген сөзді айтсам, еріксіз парақорлық, сыбайлас жемқорлықты еске аламын. Сыбайлас жемқорлық - елдің даму болашағына үлкен қауіп төндіретін жамандық. Ол туралы қалт айтпайтын дана халқымыз «Жемқорлық елді құл қылады» деген екен. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, абыроймен атқарамын дейтін адамға бұл керемет ескерту ғой. Бір қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың сенімінен шығып, өзіңнің адам атыңды асқақтата алып жүру, ұрпағыңның болашағы үшін адалдық деген асыл қасиеттен айырылмау ең абзал жанның ғана қолынан келеді. Басқаша айтсам, адалдық - қоғамның құтты, берік болуының шамшырағы.

Әр адам, әр жұмысшы өз ісін адал атқаратын болса, қоғам гүлдене түседі. Онда әділдік пен тәртіп орнайды. Осыған қол жеткізу үшін қоғамның әр азаматы өз ісінің маңыздылығын түсініп, оған жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Амирханова Аруана

Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы 10 «В» сынып оқушысы

Адалдық - ардың жүрегі, адамгершіліктің негізі, қоғамды алға сүйрейтін күш. Белгілі бір қоғам дамып, гүлденгісі келсе, адалдықты ту етсін. Адам өз ісіне адал болса - елге пайда, елдің ісіне адал болса - ұрпаққа үлгі. Егер қоғам адал адамдардан тұрса, қоғамның болашағы жарқын, жолы ашық болады.

Қазақтың данағөй шешендері, ата - бабаларымыз арды адалдыққа теңеген. Жүсіпбек Аймауытов былай деген: «Өтірік айтпа, қиянат қылма, адал бол, ақжүрек бол, өзін үшін оқыма, мен үшін де оқыма, ұлтына қызмет қылып, пайда тигізу үшін оқы!». Бұл сөздердің астарында үлкен ой жатыр. Адалдықпен қоғамға қызмет етудің маңыздылығын айқындап көрсеткен.

Қазіргі заманда дамыған елдердің тарихына үңілсек, олардың жолы қиын, ауыр, қара тер мен адалдықпен келген. Соның нәтижесінде, сол ел өзгелерге қарағанда алға жылжып, ғылым мен технологияны дамытуда. Біздің ел де ешкімнен кем емес, қанымызда рух пен тектілік, еңбек пен әділдік жатыр. Еліміздің дамуына жоспар құрып, әр ісімізді адал атқарайық.

Қорытындылай келе, адалдық қоғамның тағдырын өзгерте алатынын түсінеміз. Әрекетпен дәлелденетін адалдық - өлшенбестей құнды. Қоғам адалдықпен өрлейді. Оқушыдан бастап, әрбір жан, өз ісін адал істесе, сол кезде қоғам да, ел де гүлденеді. Болашақты бірге құрайық.

Қауынбек Балауса

Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы 11 «Г» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы асыл қасиеттің ең жоғарғы нүктесі, сөзбен жеткізе алмайтын ерекше бір дүние. Азамат - бойындағы бұл қасиетті құрметтей алатын немесе текке жоғалтып алатын өз тағдырына өзі жауапты жан. Ал адалдық пен тіршілік иесі бір-бірімен қалай байланысады?

Адам дүниенің алғаш жарығын көргенде, тағдырын таңдай алмайды. Бірақ, ертеңгі күнінде қандай қадам жасайтынын, қандай іске баратынын таңдай алады. Яғни, адамзат күннен - күнге өзгереді. Адал болу - ең бірінші өз-өзінді, жанындағы жандарды құрметтеу. Екіншіден, ісіңе адал болу. Үшіншіден, адамгершіліктің айнасы болу.

«Ары таза адамның бары да таза» - деп ата - бабаларымыз айтып кеткендей, адалдық адамды аққудай ақ жолға жетелеп, күннің жарығындай жарқын болашақты көрсетеді. Осы адалдықты бойына сіңірген адамзат - тағдырының көрсеткен құрметімен тең деп айтсақ қате болмас. Өмір, уақыт бір орында тұрмайды, адам алдына сынақтарды тигізеді. Міне, осы кезде адамның ішкі жан даусымен қоса, шынайы болмысы көріне бастайды. Біреуі өз ар-ұятын соңына дейін сақтап, адалдығымен сынақтан өте алса, екіншісі өтіріктің етегіне сүйретіліп кетеді.

«Осындай адал азаматтар көп болсын», - деп айту қате, керісінше адал азаматтың өзі біз - ақ болуымыз міндет. Қорытындылай келе, адалдық - адамның ең басты байлығы деп айтуға толық негіз бар.

Қусманова Камила

№79 мектеп – лицейі, 11 «В» сынып оқушысы

В условиях политических конфликтов, катастроф и неравенства особенно важен образ «адал азамат» - человека, который действует честно, ответственно и активно, даже несмотря на риск. Он проявляется в борьбе за справедливость,

помощи в кризисах и защите уязвимых через инициативы. Именно такими поступками человек подтверждает свою ценность для общества и мира.

Во-первых, «адал азамат» проявляется через стремление к справедливости и защите национальных интересов. Ярким примером являются представители партии Алаш, такие как Ахмет Байтурсынов, Алихан Букейханов и Мыржакып Дулатов. Эти люди боролись за автономию, просвещение и права казахского народа, жертвуя личной безопасностью. Несмотря на преследования и угрозу репрессий, они не отказались от своих принципов, проявив истинное гражданское мужество.

Во - вторых, «адал азамат» - это человек, движимый внутренним ориентиром, готовый помогать другим в трудные моменты. Ярким примером стали волонтеры в Казахстане, которые помогают малообеспеченным семьям, людям с инвалидностью, пострадавшим от стихийных бедствий и другим уязвимым слоям населения. Участники таких инициатив - это обычные граждане, которые жертвуют своим временем, силами и ресурсами ради других. Их действия основаны не на желании получить награду, а на искреннем стремлении делать добро. Именно такие поступки укрепляют солидарность в обществе и показывают, что «адал азамат» - это человек действия и ответственности.

Таким образом, «адал азамат» - это не просто честный человек, а тот, кто действует, несмотря на трудности и риски. Именно такие личности создают основу справедливого и сильного общества.

Кәміл Баян

Сәкен Сейфуллин атындағы № 80 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

Қоғамдағы әр адамның орны ерекше. Алайда қоғамның шынайы дамуы мен тұрақтылығы - адал азаматтардың арқасы. «Адал азамат деген кім?» деген сұраққа жауап іздесек, бұл - шыншыл, әділ, жауапкершілігі мол, ел мүддесін жеке бас пайдасынан жоғары қоятын адам. Мұндай тұлғалар қоғамға үлгі болады.

Адал азамат дегеніміз - ең алдымен шындықты айтудан қорықпайтын, әділеттілікті жақтайтын адам. Ол өз әрекеттері мен шешімдеріне жауап бере алады. Мұндай адам өмірдің барлық саласында адалдық танытады: отбасында, жұмыста, мектепте, қоғамда.

Мысалы, мектепте адал оқушы - бұл көшірмей, өз еңбегімен білім алатын, мұғалімге құрметпен қарайтын бала. Ол достарына көмектеседі, өтірік айтпайды. Ал болашақта мұндай оқушы - өз ісінің маманы, еліне пайдасын тигізетін азамат болады.

Екінші жағынан, адал азамат ел заңына бағынады, парақорлыққа қарсы тұрады, мемлекет мүлкіне жауапкершілікпен қарайды. Ол тек жеке пайдасын

емес, қоғам игілігін де ойлайды. Осындай адамдар көбейсе, елімізде әділдік орнайды, сенім артады, даму қарқыны күшейеді.

Адалдық - тек мінез емес, бұл - өмір сүру салты. Ол адамды биіктерге жетелейді, ал елді бірлікке бастайды.

Қорытындылай келе, адал азамат болу - әрбіріміздің борышымыз. Тек адалдық арқылы біз мықты, әділ және өркениетті қоғам құра аламыз.

Сембай Анель

Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы, 10 «Е» сынып оқушысы

Честность - важное качество, которое ценится в любом обществе. Быть честным гражданином - значит не только следовать законам, но и поступать правильно, даже если за это никто не похвалит. Что же представляет собой честный гражданин и как его поведение влияет на общество?

Честный гражданин - это тот, кто не обманывает, не нарушает закон и всегда выполняет свои обязательства. Он не скрывает правду, даже если это может быть неудобно. Такой человек принимает участие в жизни общества: голосует на выборах, соблюдает правила дорожного движения, платит налоги и заботится о своей стране.

Честность важна для развития общества. Когда люди честно выполняют свои обязанности, общество становится сильнее и стабильнее. Например, если люди честно платят налоги, государство может развивать инфраструктуру, строить школы и больницы, улучшать жизнь граждан. Когда же люди начинают обманывать, возникают проблемы: коррупция, неэффективность власти и недовольство среди людей.

Честь и совесть играют важную роль в честности. Совесть помогает человеку отличить добро от зла и совершать правильные поступки, даже если никто не видит. Честь заставляет держать слово, не предавать своих принципов. Эти внутренние ориентиры помогают человеку быть честным и в сложных ситуациях.

Я считаю, что честный гражданин - это опора для своей страны. Если каждый будет честным, общество станет справедливым, добрым и сильным. Именно с честности начинается настоящее гражданство.

Асылбекқызы Аймарал

№ 81 «Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясы, 9 «А» сынып оқушысы

Қоғам тыныштығы мен тұрақтылығының басты тірегі – заң мен тәртіп. Егер адамдар заңға бағынса, әділеттілік орнайды, ал тәртіп болса, халықтың өмірі қауіпсіз болады. Сондықтан әр азамат пен азаматша заң мен тәртіпке жауапкершілікпен қарауы керек.

Мысалы, жолда әркім ережені сақтаса, жол апаты азаяды. Қоғамдық көлікте адамдар бір-біріне құрметпен қарап, орын беріп, дауыс көтермесе – тыныштық сақталады. Ал мектепте оқушы тәртіпті болса, білім алу сапасы артады. Бұл - заң мен тәртіптің күнделікті өмірдегі маңызының дәлелі. Заңды сақтау - ел дамуына үлкен үлес қосады. Егер кәсіпкерлер салықты уақытында төлесе, мемлекетте мектептер мен ауруханалар салынады. Полиция әділ болса, халық сеніммен өмір сүреді. Ал сот төрайымдары заңды дұрыс қолданса, қоғамда әділеттілік орнайды. Мен де қоғамдық тәртіпке өз үлесімді қоса аламын. Мысалы, көшеде қоқыс тастамаймын, мектепте тәртіп сақтаймын, досыма заңсыз әрекет жасамауға кеңес беремін. Кішкентай болса да, бұл әрекеттерім қоғамға өз пайдасын тигізіп жатыр деген ойдамын.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп- қоғам өмірінің негізі. Заң барлық адамға ортақ: бай мен кедейге, жас пен кәріге – бәріне бірдей. Сол себепті әр азамат заң алдында жауапты екенін түсініп, тәртіпті өмір сүрсе, болашағамыз жарқын болады.

Ануарбек Аружан
№81 «Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясы, 9 «А»
сынып оқушысы

Әр қоғамның бейбіт, тұрақты және әділ өмір сүруі үшін ең алдымен заң мен тәртіптің сақталуы қажет. Заң – мемлекет белгілеген ортақ ереже. Ал тәртіп – сол заңға бағыну күнделікті өмірде оны орындау. Егер қоғамда заң мен тәртіп болмаса, онда адамдар арасындағы әділетсіздік көбейіп, қауіпсіздік жойылады.

Заң мен тәртіптің сақталуы үшін ең алдымен адамдардың құқықтық сауаттылығы жоғары болуы керек. Әр адам өз құқықтары мен міндеттерін білуі тиіс. Ата-аналар балаларға кішкентай кезінен бастап тәртіпті болуды, әділ болуды үйретуі қажет. Мектептерде құқықтық тәрбие беретін арнайы сабақтар мен әс-шаралар жиі өткізілуі тиіс. Сонымен қатар, заң бұзғандарға әділ жаза қолдану да маңызды. Бұл өзгелерге сабақ болып, келесі жолы заң бұзбауға итермелейді. Заңды орындау – қоғамның дамуына үлкен әсер етеді. Тәртіп бар жерде бейбітшілік, әділеттілік, сенім мен қауіпсіздік болады. Мен де қоғамдағы тәртіпті сақтауға өз үлесімді қоса аламын. Ең алдымен, өзім заңды бұзбай, өзгелерге үлгі болуға тырысамын. Қоғамдық орындарда тәртіп сақтап, басқаларды да солай істеуге шақырамын. Мектептегі тәртіпке бағынып, тазалық пен қауіпсіздікті сақтаймын.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – қоғамның негізі. Әр азамат соны түсініп, жауапкершілікпен әрекет етуі керек. Тек сонда ғана біз әділетті, дамыған елде өмір сүре аламыз.

Мәукен Айару
№ 82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, 10 «А» сынып оқушысы

Адал ұрпақ-бабалар арманы

Қазақ халқының өткеніне көз жүгіртсек, тарих тереңіне бойлай енеміз. Сонау жаугершілік заманның өзінде қазақтардың бойындағы намыс пен адалдық, ержүректілік пен ерлік жоғалған емес.

Ата-бабаларымыз өз ұрпақтарын әрқашан адалдыққа, қанағат пен сабырға шақырып отырған. Әрбір істе тиянақты да жауапкершілікпен қарауға үйреткен. Демек, адалдық адам бойындағы асыл қасиет деп есептеймін. Адамгершілік туралы айтқанда Ұлы Абай атамыз еске түседі. Өз өсиетінде «Толық адам» бейнесін жасап кеткен Абай атамыздың «бес асыл ісі» ұрпаққа үлгі болары анық. «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» осы бес нәрсені бойына жинай білген адам адамгершіліктің шыңына шығары анық. Мұның ішіндегі мен тоқталатын басты ұстаным-ол қанағат. Адамда қанағат болса, өз-өзіне тоқтам жасай алады. Қазақта: «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық астындағы жалғыз атын сойғызады» деген аталы сөз бар. Қанағат бұл адамның адалдығының өлшемі деп есептеймін. Әр адам өз ісін қаншалықты адал орындап жүргеніне бір сәт ойланып қойғаны жөн шығар.

Ол туралы тағы да Абай атамыз: «әр адам жұмасына не айына өз-өзіне есеп беріп отыруы керек» деді емес пе?! Ал ата-анамыз бізді «ешкімнің ала жібін аттама» деп өсірді. Бүгінгі таңда адалдық мәселесі өзекті болып тұр. Жемқорлық пен сыбайластық, біреудің ақысын жеп кету, алдау мен арбау әлі де алаңдатарлық деңгейде. Әлеуметтік желілердегі басты тақырыптардың бірі де осы болып отыр. Менің ойымша, мұны жеңудің бір жолы - адал ұрпақ тәрбиелеу. Балабақшадан бастап ұрпақ бойына адалдық қасиетін сіңіруіміз керек. Оларға тек «еңбекпен табылған нанның тәтті» болатынын түсіндіре алуымыз керек деп есептеймін. Қазіргідей жаһандану дәуірінде әртүрлі теріс пиғылдағы алаяқтар көбейді. Мысалы алдау-арбау арқылы тез баю, көп ақша ұтасың деп ойындар ұйымдастыру т.б. адастыруға апаратын жолдар қаптап кетті. Сондықтан ақ пен қараны ажырата алатын ұрпақ болып өсуіміз қажет. Әркім өзімен жұмыс жасаған дұрыс. Әркім өзін тәрбиелегені абзал. Шәкәрім атамыз:

«Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз бойыңды тазалап,
Өз ойыңды тазалап,
Өзіңмен күрес өлгенше!»-дейді.

Демек, адамның өз-өзіне деген сенімі, жауапкершілігі жоғары болуы керек. Оның ішінде адалдық бірінші орында. Адал адам-таза адам.

«Болашақ жастардың қолында» деген біздерге сенім артатын, жауапкершілік жүктейтін сөз бар. Ендеше болашақ бағытымызды айқындап, ел үшін еңбек ететін біздер үшін әлі де алар асулар алда. Тек мақсатымыз айқын, сапарымыз оң болуы керек. Сол жолдағы менің ұстанымым Ұлы Абайдан басталады.

«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді бойына қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - деген Абай атамyzдың айтқаны мен үшін дара жол деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, адалдық адамның жүрегінде. Жүрек таза болса, адам бойында алалық болмайды. Ата жолдан айнымай, адалдықтан аттамай, адам деген ардақты атқа лайық болайық, ағайын!

Ахметолла Айғауһар

№ 82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, 11 «В» сынып оқушысы

Қоғам дамуының басты тірегі – адал азамат. Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиет. Бұл тақырып – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Ол тек шындықты айтумен шектелмейді, сонымен бірге өз ісіне, сөзіне, туған елі мен ұлтына деген шынайы адалдықты білдіреді. Шынайы адал азамат – ар-ұятты биік қоятын, әділдіктен айнымаған, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білетін тұлға. Осындай азаматтар ғана елдің болашағына үлес қосып, ұлттың рухани байлығын арттырады.

Біріншіден, адал азамат – ар-ожданы таза, әділетті адам. Ол ешқашан өтірікке жол бермейді, жеке пайда үшін арын сатпайды. Қиындық туғанда шындықты қорғап, өз ұстанымынан бас тартпайды. Адалдық – оның ішкі әлемінің негізгі бағдары. «Арыңды сатпа, арсыз болма – ұлтсыз боласың» деген халық даналығы осындай жандарға бағытталған. Себебі арын сатқан адам – халқына да, өзіне де опасыздық жасайды.

Екіншіден, адал адам – уәдесінде тұратын, сөзіне берік жан. Оның ісі мен сөзі әрдайым үйлесіп жатады. Ондай адамдарға жұрт сенім артады, себебі олар екіжүзділік пен жалғандыққа жол бермейді. Қоғамда сенім атмосферасын қалыптастыратын да – осындай шынайы тұлғалар. «Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын» деген мақал сенімнің қадірін біліп, оны жоғалтпау қажеттігін ескертеді.

Үшіншіден, адал азамат – еңбекқор әрі өз жетістігіне адал еңбегімен жетуге тырысатын адам. Ол біреудің еңбегін иеленіп, алдауға жол бермейді. Қанша қиын болса да, маңдай терімен тапқан табысқа шүкіршілік етеді. Мұндай адам ешқашан бос атақ пен жалған беделге ұмтылмайды. «Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады» дегендей, адал еңбек – өмірдің шын құндылығы.

Қорыта айтқанда, адал азамат – елдің рухани тірегі, қоғамның сенім тұғыры. Егер әрбір адам жүрегімен адалдықты ту етсе, ел ішінде әділет орнап, адамдар бір-біріне сеніп, бірлік пен тұрақтылық сақтала еді. Адалдық – уақытша емес, мәңгілік құндылық. Сондықтан да әр ұрпақ адал болуға ұмтылып, өзінен кейінгілерге шынайы өнеге қалдыруы тиіс.

Уткельбаева Диана

Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназиясы, 11 «М» сынып оқушысы

В наше время, когда мир стремительно меняется, а моральные ориентиры порой размываются, особенно важно сохранять те качества, которые являются основой достойной человеческой жизни. Одним из таких качеств является честность. Именно честность делает человека не просто законопослушным, а настоящим гражданином, человеком, который понимает свою ответственность перед обществом и живёт по нравственным законам.

Кто для меня честный гражданин? Это не обязательно герой из книг или выдающийся деятель. Это человек, который живёт не только по законам государства, но и по законам своей совести. Он не скрывает правду, говорит открыто о проблемах, не участвует во лжи ради выгоды. Он честен в мелочах и в серьёзных делах. Это может быть школьник, который сам сдал экзамен, отказавшись от шпаргалки. Рабочий, который не крадёт со склада, или чиновник, который не берёт взятки. В основе всех этих поступков одно качество - честность. Такой человек заслуживает уважения, ведь он остаётся верным себе и своим убеждениям, даже если это сложно или невыгодно.

На мой взгляд, честность - основа доверия между людьми. Именно она формирует здоровую атмосферу в обществе. В стране, где граждане честны, легко строится справедливое государство: меньше коррупции, больше равных возможностей, выше уровень жизни. Честный труд, честные отношения, честная власть - всё это возможно только в том обществе, где люди не боятся говорить правду и поступать правильно. Без честности не может быть ни подлинной демократии, ни развития, ни процветания.

Я считаю, что честность неотделима от таких понятий, как совесть и честь. Совесть - это внутренний компас человека. Она помогает отличать добро от зла, истину от лжи. Именно совесть часто удерживает нас от неверного шага, даже если никто об этом не узнает. А честь - это то, как человек сам себя оценивает, это уважение к себе и желание быть достойным в глазах других. Честный человек не предаёт свою совесть, не продаёт свою честь и не позволяет себе жить в ложных компромиссах.

По моему мнению, честность - это не слабость, а сила. Это путь не всегда лёгкий, но самый достойный. Именно такие люди становятся основой сильного и справедливого государства.

В заключение хочется сказать: честный гражданин - это человек, у которого совесть не молчит, слово не расходится с делом, а честь важнее выгоды. Если бы каждый стремился быть таким, общество стало бы лучше, чище и человечнее. И именно с нас самих начинается путь к этому будущему.

Романова Ксения

Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназиясы, 10 «М» сынып оқушысы

Адал азамат - человек с внутренним компасом

Если бы совесть имела звук, она, наверное, звучала бы как тишина в сердце перед важным выбором. Когда все молчат, а ты знаешь, что должен сказать правду. Когда никто не видит, а ты не можешь поступить плохо, потому что не сможешь потом смотреть себе в глаза. Именно в эти моменты рождается настоящий адал азамат - честный гражданин.

Для меня честный человек - это не обязательно герой, который совершает великие поступки. Иногда это тихий библиотекарь, который возвращает найденный кошелек. Это ученик, который сдает работу без шпаргалки. Это водитель автобуса, который не проезжает мимо одинокой бабушки на остановке. Их не покажут по телевизору, но именно они держат на себе моральный фундамент общества.

Честность - как фундамент дома. Снаружи его не видно, но без него все здание рухнет. Так и в обществе: если исчезнет честность, появится ложь, страх, несправедливость. В честном обществе мы чувствуем себя защищенными. Мы не боимся доверить другому свое слово, деньги или идею, потому что знаем: нас не подведут.

Совесть и честь - это два крыла, на которых держится честность. Совесть подсказывает нам, что правильно, а честь не позволяет предать это знание. Их нельзя купить или унаследовать, как фамильное кольцо. Их нужно выстрадать, вырастить в себе с каждым выбором, с каждым отказом поступить нечестно, даже если так проще.

Я верю, что адал азамат - это не абстрактный образ. Это каждый из нас, кто однажды сказал себе: «Я хочу быть человеком, которому можно верить». И если таких людей будет много, наша страна станет не просто богатой или известной - она станет уважаемой.

Пусть у каждого из нас будет свой внутренний компас, который всегда указывает на честность. Ведь, как говорил Аблай хан, «Адамның аты - адалдықпен ғана сақталады» - имя человека живет только благодаря честности.

Пастухова Эвелина

Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназиясы, 10 «Л» сынып оқушысы

Честность — одна из важнейших качеств человека. В нашем мире, где доверие становится все более редким явлением, быть честным — это значит выделяться и оставаться верным своим принципам. Честность — это искренность в словах и поступках, отсутствие лжи, обмана и махинаций.

В мире, где информация становится все более доступной и легко манипулируемой, быть честным – это большая редкость. Мы видим, как люди используют ложь и манипуляции для достижения своих корыстных целей. Но в конечном счете, это приводит только к нарушению доверия и разрушению общественных ценностей.

Зачастую, люди сомневаются в возможности быть честными и успешными одновременно. Они считают, что для достижения успеха необходимо применять хитрость и ложь. Однако, на самом деле, честность не только способствует нашему духовному росту, но и создает основу для построения крепких отношений с окружающими людьми. Как известно, доверие – это залог успешного сотрудничества и благополучных взаимоотношений.

Что же делать, чтобы быть честным в таком мире?

Честный человек – это человек, который живёт в согласии с законом, внутренними убеждениями и совестью. Честный гражданин – это человек, на которого можно положиться. Такой человек не просто соблюдает правила, потому что боится наказания- он делает это из внутренних побуждений: чувства справедливости и ответственности перед собой и окружающими.

Честность играет огромную роль в развитии общества. Для меня честный гражданин – это тот, кто не берёт чужого, не совершает зла ради выгоды и тот, кто не боится говорить правду. Совесть и честь – это внутренние качества, которые ведут человека по жизни. Совесть наставляет на путь истины, а честь способна сохранить достоинство. Они неотъемлемые спутники честности. Ведь честность – основа доверия между людьми. Без неё невозможно построить справедливое общество. Каждый, кто станет нарушать законы погрузит мир в хаос и недоверие. В связи с этим, выбор быть честным каждый день, даже в мелочах, повлечёт порядок в странах. Если мы честны во всех своих делах, то можем наслаждаться душевным спокойствием и сохранять самоуважение.

Таким образом, честный гражданин – это фундамент и основа любого здорового общества. Быть честным — значит говорить правду и поступать правдиво. Это значит, что мы не лжем, не воруем, не нарушаем законов страны. Это значит, что мы не обманываем никаким образом.

Сейлхан Ақниет

Шейх Тәмім бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі, 10 «Б» сынып оқушысы

Адалдық...адамшылдық... Төрткүл дүниеде осы бір қасиетті сөздерден қымбат не бар? Ал адал азамат болу кез келгеннің қолынан келе ме? Ондай асыл қасиет бүкіл адам баласына тән болғанымен, сол ізгі мұратты біз өн бойымызға сақтаймыз ба, жүрекке, санаға сыйдыра аламыз ба?

Иә, адамзат баласы «шыр» етіп дүниеге келгеннен бастап, есті, саналы, адал болып қалыптасады деп айта алмаймыз. Осы орайда Абай атамyzдың

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады...», деген сөзі ойға еріксіз оралады. Олай болса, адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден, өскен ортаға қарай қалыптасады.

Менің ойымша, «адал азамат» - әділдікті жақтайтын, уәдесінде тұратын, қиындықтардан қашпай, жауапкершілікті мойнына ала алатын адам. Мен осы ойымды былай дәлелдей аламын, біріншіден, адал адамдар жағдайға тура көзқараспен қарап, әділдікті құптайды. Біздің қазақ тарихымызда да әділ шешім қабылдаумен танылған көптеген тұлғалар бар. Мысалы, қазақ халқының атақты үш биі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің әділ шешімдері халық арасында кең танылған.

Екіншіден, адал адамдар уәделерінде тұрады, оларға сенім артуға болады. Өткенге көз жүгіртсек, уәде тақырыбы көптеп қозғалады. Абылай хан мен Бұқар жырау арасындағы оқиғасы — сол мысалдардың бірі. Бірде Абылай хан Бұқар жыраудан хандықты қалай дұрыс жүргізуге болады деп кеңес сұраған кезде, жырау: «Хан бір ауыз сөз берсе — жұрт соған сеніп, арқа сүйейді. Уәдеңе берік бол, сонда ел сені сыйлайды», - деген екен. Абылай хан оған құлақ асып, соңында сыртқы жаулармен келіссөз кезінде де, ішкі ел басқару мәселесінде де уәдеден таймаған тұлға ретінде тарихта қалды. Яғни, әрбір адам үшін сенім мен адалдықтың белгісі уәде екенін дәлелдейді.

«Адамшылықтың, адалдықтың, тұрақтылықтың, тазалықтың түп қазығы— ұят», – дейді Әзілхан Нұршайықов. Менің ата - әжем «ұят болады», «адал бол» деп бізге үнемі өздерінің өмірлік кеңестерін беріп отырады. Менің өз отбасымда алған тәлім - тәрбием мен білімім өлшеуі жоқ қазына деп білемін.

Қорытындылай келе, адал адамдар шыншыл, сенімді және адамгершілік ұстанымдарына берік болып келеді. Сондықтан бұндай адамдарға кез келген сәттерде арқа сүйеп, сенім артуға болады.

Есбулатова Анель

Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі, 11 «В» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы ең шынайы қасиеттердің бірі. Қазіргі таңда адал азамат қандай болу керек деген сұрақ өзекті деп ойлаймын. Мен үшін адал азамат -сөзі мен ісі бір жерден шығатын, елінің патриоты, әділ, сенімді әрі жауапкершілігі жоғары тұлға.

Адам бойындағы адалдық қасиеті бала кезден қалыптасады деп ойлаймын. Баланың отбасынан алған тәрбиесі мектеппен ұштасып, кейін қоғамның дамуына өз үлесін қосатын, өзіне сенімді, адал азамат болуына ықпал етеді.

«Адалдықтың, адамшылықтың, тұрақтылықтың түп қазығы - ұят», -дейді Әзілхан Нұршайықов атамыз. Мен осы пікірмен толықтай келісемін.

Ата-анамыз бізге есімізді біліп, аяғымызды тәй-тәй басып жүргеннен бастап «ұят» деген ұғымды бойымызға сіңіріп өсірді. Сондықтан ұяты бар

адамның бойында адалдық қасиеті де болады деген ойдамын. Адал адамзат ешқашан жалған сөйлемейді, уәдесінде тұрады және өз ісіне мұқият қарайды. Ол- отбасына, еліне, қоршаған ортасына адал жан. Ондай адамдар қиын жағдайда әділдікті жақтап, өз пайдасынан гөрі халықтың игілігін бірінші орынға қояды.

Ұлы Абай атамыз «Адал еңбекпен мал іздемек - арлы адамның ісі», - деген екен. Меніңше, арлы адам ешқашан әділетсіздік жасамайды. Мұғалім адал еңбек етсе, ел болашағын тәрбиелейді. Дәрігер шын ниетімен жұмыс істесе, адамдардың өмірін сақтап қалады. Яғни, әр мамандық иесі адал болса, қоғам да алға басары сөзсіз.

Мен - мектеппен қоштасқалы отырған түлекпін. Алдымызда сан тарау жолдар тұр. Жоғарғы оқу орнын аяқтап, елімнің дамуына қызмет еткім келеді. Менің құрбыларым да осы құндылықты бойларына сіңірсе, әділетті Қазақстанға адал қызмет етеді деп білемін.

Ойымды қорытындылай келе, адалдық - өмірдің құндылығы, осы қасиетті құндылығымызды сақтайық дегім келеді.

Каримова Айя

Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 мектеп-лицейі, 11 «Г» сынып оқушысы

Общество и государство представляют собой сложную систему, в которой каждый человек играет определённую роль. В этой системе честный гражданин - это «исправный механизм», обеспечивающий устойчивость всей конструкции. Именно поэтому ответственность каждого - придерживаться моральных принципов и соблюдать закон. Но насколько важна честность в гражданской позиции, и что она означает на деле?

На мой взгляд, честность гражданина проявляется, прежде всего, в умении отстаивать собственные права, уважать права других и поддерживать социальные институты.

Во-первых, моральные качества - такие как чувство долга, чести и достоинства - наиболее ярко проявляются в условиях общественной угрозы. Ярким примером может служить поэма А. Твардовского «Василий Тёркин». Главный герой олицетворяет образ честного гражданина, готового пожертвовать личным комфортом ради Родины. Его убеждённость и твёрдость переданы словами: «Как ни трудно, как ни худо, не сдавай - вперёд гляди». Тёркин не просто солдат - он символ гражданской доблести и ответственности.

Во-вторых, честность важна и в мирное время. Она проявляется в соблюдении законов и уважении общественного порядка. Если говорить о личном опыте, то в повседневной жизни мы можем часто сталкиваться с мелкими правонарушениями. В такой ситуации важно не оставаться равнодушным. Отстаивая свои права, человек одновременно выражает

гражданскую позицию. Ведь именно закон защищает общество от хаоса и беззакония.

Кроме того, принципы честности не формируются самостоятельно. Они воспитываются в семье и укрепляются в образовательной среде. Поэтому важную роль в формировании честных граждан играют родители и педагоги. Закладывая в ребёнке базовые нравственные ориентиры, они выполняют свой гражданский долг, обеспечивая устойчивое и справедливое будущее общества.

Таким образом, честность - не просто личное качество, а основа правового государства. Каждый из нас должен стремиться к самосовершенствованию и осознанному участию в жизни общества. Только так возможно построить сильное, справедливое гражданское общество.

Мырзақұл Әдемі

Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназиясы, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық - адамды «адам» деген атқа лайықтығын дәлелдейтін, оның бойындағы ең бағалы қасиеттердің бірі. Қазіргі уақытта адалдық деген қасиеттен жұрдайлардың саны күннен күнге тек көбейіп бара жатқаны әр көзі ашық, көкірегі ояу адамға белгілі. Менің ойымша, адамгершіліктің негізін құрайтын ең маңызды дерлік фактор - адалдықты өз бойына сіңіріп, «адал азамат» атануға тырысу - өз-өзін құрметтейтін әр азамат пен азаматшаның парызына теңдес іс. Олай болса, «адал азаматтың» қандай болатыны жайлы ойланып, талқылайық.

Біріншіден, «адал азаматты» алыстан байқататын алғышарттардың маңыздылығы бойынша ең көлемдісі — тәрбиенің деңгейі. Жақсы ата-анадан жақсы тәрбие көрген адам бірден көрінеді. Адамның тұлға ретінде қалыптасуына өте көп ықпал ететін фактордың оның әке-шешесінен, мұғалімдерінен, айналасы мен достарынан алатын тәрбие екені әркімге сөзсіз де белгілі. «Құс ұясында не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, егер «іргетасы» жақсы болса, яғни тәрбие деңгейі лайықты болып, ал адам өз бойына бала кезінен тек жақсы қасиеттерді сіңірсе, оның «адал азамат» атануының ықтималдығы ондайды көрмеген адамдікінен әлдеқайда жоғарырақ, тайға таңба басқандай. Уәдесіне берік, сөзі мен ісі сай. Кішкентайынан жақсы қасиеттердің, әсіресе адалдықтың көрінісіне бөленген баланың адамгершілігі мол, адал азамат, басқа тұлға атануының мүмкіндігі өте аз. Мен үшін «адал азамат» - тәрбиелі азамат.

Екіншіден, «адал азамат» деп сенімді түрде өзін, жақындарын, қоғамды өтірік, алдап-сулау, қулық дегеннен ондаған, тіпті жүздеген саты биігірек қоятын азаматты атай аламын. Мысалы, табыс, ақша, даңқ үшін қулық пен өтірікке барып, кінә жасайтындардан алшақ, мұндай оңбағандыққа дейін түспейтін азаматтар. Адамның дәл осындай - өз абыройын да, өзгелерді де құрметтеп, жақсы өмірлік ұстанымдарын, көзқарасын әрдайым бірінші орынға қоятын қасиеті оны басқа адамдардың алдында дереу түрде іші таза, ниеті нық, рухани бай ретінде көрсетеді. Жалпылай айтқанда, адамның ары мен ұятын сақтап,

өтірік пен қулық дегеннен жұрдай болуы – «адал азамат» болуға бір қадам жақындағаны.

Үшіншіден, сөзбен емес, іспен таңғалдыратындар, әрдайым өзінен кейін тек жақсы пікір қалдыратындар, былайша айтқанда - жақсы серіктес пен дос атана алатындар да өзін «адал азамат» деп атай алады. Осындай сипаттамаға келетін адамдар мінез - құлқымен, өзін ұстау білумен өзгеге сенім ұялатады, олардың жанында өзінің құрметке бөленіп тұрғаныңды еріксіз сезінесің. Қазақ атам «Жақсы адам — ел ырысы» деп бекер айтып кетпеген. Адал азамат болу - тек заң бұзбай, қулыққа бармау ғана емес, айналаңа да шынайылықпен қарап, айналадағы адамдар сенгісі келетін адам болуға талпыну. Адалдық деген адамның күнделікті әрекетінен, көзі көріп жүргендерге деген қарым-қатынасынан көрінеді, назардан тыс қалмайды.

Қорытындылай келе, «адал азамат» деген түсінікті үлкен бір ұғым ретінде қарастырып, оның жалпы көрінісін жинақтап, тіпті өзің-өзіңді де, жаныңдағылар да сені адал деп атау үшін қандай қасиеттерді бойға қондырып, қандай өмірлік қағидаларды ойға кіріктіргізу керектігі жайлы талқылап, адалдық деген баға жетпес қасиетке ие болу үшін адам өзін тәрбиелеуден бастауы керектігі жайлы білдік. Маңызды сабақ ұғып, адал азамат пен азаматша болуға талпыныстың артып, әрекеттердің қабылданатынына нық сенімдімін.

Бұхарбай Аяулым

Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназиясы, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық - әділдікті, таза ниетті болуды білдіретін адамгершілік қасиет. Қазіргі қоғамда әділетсіздік пен жалған сөйлеу өршіп тұрғанын ескерсек, адал болу өте маңызды. Менің ойымша, адал азамат болу үшін адам Отанын шын жүрегімен сүюі керек. Өйткені, өз елін сүйетін адам оған ешқашан зиян келтірмейді, керісінше, адал қызмет етуге тырысады. Олай болса, адал азаматтың бойында болу керек басты қасиеттерді талдайық...

Біріншіден, шыншыл болуы қажет. «Шыншылдық адалдықпен ағзалас» - деп әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр Әл - Фараби айтқандай, шындықты айту - адамгершіліктің бастауы. Екіншіден, жауапкершілікті сезіне білуі керек. «Нақты жауапкершілік тек жеке болып табылады» - деп орыс жазушысы Фазиль Искандер айтқандай, әр ісіне есеп бере алатын адам ғана сенімге лайық болады. Үшіншіден, заң мен тәртіпке бағынуы қажет. «Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, өнерімен қуантады түбінде» - деп атақты ғалым Жүсіп Баласағұн айтқандай, адал азамат өз іс-әрекеттері арқылы қоғамға үлгі болуы тиіс. Төртіншіден, адал азамат айналасындағы адамдарға шынайы, таза қарым-қатынас жасай білуі керек. «Жақсы өтіріктен жаман шындық артық» дегендей, шынайылық – сенімнің негізі. Бесіншіден, еңбекқор болуы керек. «Еңбек әрі сүйсіндіреді, әрі сиындырады» дегендей, адалдық тек сөзбен емес, іспен де дәлелденеді. «Адамға ең бірінші қасиет - адалдық керек» деген аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың сөзіне

сүйеніп айтарым, адал азамат ар мен ұятты биік қояды, халқы үшін еңбек етеді, шындықты ту етеді. Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, адал азамат болу - әр адамның борышы. Егер әрбір адам адалдықты өмірлік ұстанымы етсе, еліміз дамып, қоғамымыз таза әрі әділ болмақ. Сондықтан, баршаңызды адалдықты берік ұстанатын тұлға болуға шақырамын!

Мусабек Мерғалым

Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназиясы, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық-адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Бұл қасиет қоғамның іргетасын берік ұстап тұруға негіз болады. Адалдық бар жерде сенім бар, ал сенім бар жерде бірлік, әділдік және өркендеу бар. Сондықтан адалдықтың қоғам дамуына әсері зор әрі көпқырлы. Адал азаматтар елдің дамуына, әділ қоғамның қалыптасуына зор үлес қосады. Адалдық-жеке тұлғаның сенімділігі мен шыншылдығы ғана емес, тұтас қоғамның тұрақты дамуының іргетасы болып табылады. Қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді?

Біріншіден, адалдық мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтады. Егер мемлекеттік қызметкерлер өз жұмысына адал болып, заң мен әділеттілікті басшылыққа алса, халық арасында сенім артады. Адал басшы - әділ шешім қабылдайтын, халықтың мұң-мұқтажын тыңдайтын басшы. Бұл өз кезегінде жемқорлықтың азаюына, әлеуметтік әділеттіліктің орнауына және мемлекеттік басқарудың тиімділігінің артуына ықпал етеді.

Екіншіден, адалдық экономикалық дамудың маңызды факторы болып табылады. Адал кәсіпкерлік әділ сауда мен сенімді іскерлік қарым-қатынасқа жол ашады. Тұтынушыны алдамай, сапалы өнім ұсынатын бизнес субъектілері қоғамда беделге ие болып, ұзақ мерзімді табысқа жетеді. Адалдыққа негізделген экономикалық қатынастар тұрақты әрі сенімді нарық қалыптастырады. Ал бұл өз кезегінде мемлекетіміздің дамуына, экономикамыздың өркендеуіне үлкен әсер береді. Қоғамда адалдық салтанат құрса, адамдардың бір-біріне деген сенім көбейеді. Сенім мен өзара құрмет - бейбіт әрі тұрақты өмірдің кепілі.

Үшіншіден, білім беру мен тәрбие саласында да адалдықтың орны ерекше. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы адалдық оқу процесінің сапасын арттырып, әділ бағалау мен шынайы білімге жол ашады. Адал оқушы өз еңбегінің нәтижесіне сеніп, өмірге деген жауапкершілікті сезіне бастайды. Бұл болашақта әділ де парасатты азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді. Болашақ ұрпақтың адал болуы, еліміздің ең басты іргетасын қалайды. Әлемнің үздіктерінің барлығында осы адал қасиеті бар. Сондықтан да ұлттың негізін адал ұрпақ қалыптастырады деп айтсақ мүлдем қателеспейміз.

Қорытындылай келе, адалдық - кез келген қоғамның дамуы мен гүлденуінің негізі. Ол тек жеке тұлғаға тән қасиет емес, бүкіл халықтың мәдениеті мен рухани деңгейінің көрінісі. Адалдықсыз әділдік болмайды, ал

әділдіксіз даму мүмкін емес. Сондықтан әрбір азамат адал болуға ұмтылса, қоғам тұрақты, әділ әрі өркениетті болады.

Мақсұтханова Айғаным

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық – адамгершіліктің алтын тұғыры, рухани тазалықтың айнасы. Бұл қасиет - әркімнің ішкі әлемінен тамыр алып, тұла бойын кернейтін киелі ұғым. Ал адал азамат - ақыл мен қайратын жүрегіне билететін азамат. Ол ұлттың ұлы мұраттарын жүрегіне медеу еткен, кеудесінде сәулесі бар жан. Осы бір асыл қасиетті бойына сіңіріп, жүрегімен сезініп, өмірінің өзегіне айналдырған жанды мен «адал азамат» дер едім.

«Адамдық борышың - халқыңа еңбек қыл» - деп Шәкәрім Құдайбердіұлы айтпақшы, адал азамат - ұлттың үміті, елдің еңсесі, шындықтың шырағы, ізгіліктің үлгісі. Ол ел мүддесін өз мүддесінен биік қояды, шындықты тайсалмай айтады, әділет үшін күресуден тайынбайды. Мұндай жанның күллі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Адалдық - мемлекеттің дінгегі. Адал еңбекпен өсіп-өнген елдің көші тоқтамайды, керуені кері бұрылмайды. Өз қызметін адал атқарған адам - елдің ертеңін жарқын ететін ұлы күш. Хәкім Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!» демекші, бір адал дәрігер мың адамның жанын аман сақтаса, бір адал ұстаз - тұтас бір ұрпақтың сауатын ашады.

Ар - ұждан мен намыс - адалдықтың қос қанаты, бірі-біріңсіз көкте қанатын еркін жайып, қалықтай алмайды. Намысты адам ешқашан өтірік пен кеселді істің етегінен ұстамасы - хақ. Ар-намысын бәрінен жоғары қойған азамат қашан да адалдықтың ақ жолымен жүреді. Өйткені арынан айрылған адамның өмірі тамыры кесілген бәйтеректей.

Ойымды айтсам, адал азамат - ұлттың маңдайына біткен бақ, елдің еңсесін тіктейтін азамат. Ол - тас қараңғыда жол сілтер шырақ, тамұқтағы темірқазық.

Бүгінгі қоғамға, болашақ ұрпаққа керегі - дәл осындай жүрегі таза, сөзі өткір, ары биік азаматтар. Сондықтан, адал болайық - ар биігінен таймайық!

Мантүгелова Сабрина

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы 11 «А» сынып оқушысы

«Адал» сөзі шыншыл, әділетті, турашыл, ниеті таза адамға қатысты айтылады. Ал адал азамат – өз халқы мен отанына жанашыр, елінің игілігі үшін еңбек ететін тұлға.

Адал азамат болу тек заңға бағыну ғана емес, сонымен қатар ар-ожданның алдында таза болу. Мұндай адам уәдесінде тұрады, өтірік айтпайды, біреудің ала жібін аттамайды. Ол өз еңбегімен табыс табады, өзгелерге көмектесуге дайын тұрады.

Қазақ халқы ежелден адалдықты жоғары бағалаған. «Адал дос – асыл қазына» деп бекер айтпаған. Адалдық – адам өмірінің шамшырағы. Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты азаматтар ел болашағы үшін тер төкті, адал жолдан таймады. Ұлы ойшылдың «Толық адам» іліміндегі ең негізгі құндылықтар адалдық, әділдік принциптеріне негізделген. Ал атақты Алаш ағартушысының «Әліппе» оқулығының А, Р дыбыстарымен (әріптерімен) басталуы да тегін емес.

Бүгінгі таңда елімізде білімді ғана емес, адал азаматтар ауадай қажет. Себебі жемқорлық, әділетсіздік сияқты мәселелер тек адалдықпен жойылады. Егер әрбір жас өзіне, өз ісіне адал болса, еліміздің болашағы нұрлы болары сөзсіз.

Мен өзім өмір сүретін ортада, айналамдағы адамдардан адалдықты көп байқаймын. Өз еңбегімен адал табыс тауып, отбасын асырап отырған жандар қаншама. Сонымен қатар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен оңай олжаға кенеліп, арам жолмен байығандарды да қоғам болып сынап жатамыз. Меніңше, ауыр еңбек етіп, адал кәсіп істеп, қоғам мүддесіне игі іс тындырып жатқан адамдарды тұлға ретінде дәріптеуіміз керек.

Қорытындылай келе, адал азамат болу – әр адамның борышы. Адалдық жүректер басталады. Егер әрқайсымыз ішкі жан дүниемізді тазартсақ, қоғам да әділ, берекелі болмақ. Ендеше адал азамат болуға ұмтылу – елге қызмет етудің ең биік нүктесі.

Кеңшілік Әлшуақ

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, 10 «Г» сынып оқушысы

Абай атамyzдың «Толық адам» ілімі – тұлғаның жан-жақты дамуы мен қалыптасуына бағытталған бірден-бір ілім. Оның астарында қоғамға пайдалы, ұлтқа адал қызмет ететін адамның бейнесі бар. Бойында құндылығы мол, асыл қасиеттері бар жанның толық адам болмауы мүмкін емес. Ал адал азамат – соның бір айқын көрінісі, бір қыры.

Адал азамат – ісі мен сөзі сай келетін, жауапкершілігі мол, адамшылығы мол тұлға. Сөзіне берік адам досына сыйлы, отбасына құрметті, қоғамға зиялы болады. Абай атамyz «пайда ойлама, ар ойла» деп айтқан болатын. Менің ұғымымда, адал азамат арын сақтай білетін, адамгершілігі зор болуы қажет. Біздің қоғамда екіжүзділер, өтірікшілер, жағымпаздар, көрсеқызарлар қаптап кетуі, адамдық қалпынан ажырауы және адалдығынан айырылғанынан деп айтар едім. Ұлы жазушы Төлен Әбдік: «адалдықтың бәйгесіне атыңды қос, озсаң да олжалысын, қалсаң да олжалысын», - деген екен. Сол себепті адалдықтың бәйгесіне ат қоссақ, абыройымызды кірлетпей, ашық жарқын, ақжүректі болушы едік. «Жығылған балуанға да бәйге берем, адалдығы көрініп тұрар болса» деген Төлеген Айбергннің сөзінен де осыны аңғаруға болады. Мен үшін адал азамат – арамдығы жоқ, адамға болсын деп тұратын ақеділ жан. Айналамыздан,

достарымыздың арасынан ілеуде біреу табылып жатса, соған қуанам. Кейде өтірік айтып, жалған сөйлеп қалатын кездеріміз де болады. Бәріміз періште емес, пендеміз. Бірақ та пендешілігімізден адамшылығыз, адалдығымыз бірінші тұрса екен деп ойлаймын. Адал болу деген достыққа емес, отбасына, елге, жерге, мемлекетке адал болу деген ұғым бар. Елімізді көркейтіп, гүлдендіру үшін елде қалып жұмыс істеу де – адалдықтың белгісі. Бәріміз шетелге кете беретін болсақ, еліміз қалай дамиды. Сондықтан да елімізге адал болғанымыз дұрыс.

Сөзімді қорыта келе айтарым, адал азамат – біреудің ала жібін аттамайтын, кеңпейіл, патриот адам. Бәріміздің де адал азамат атануымыз қажет. Әрине, қиын болуы мүмкін. Бірақ та жалған сөйлемей, шындықты айтар болсақ, өсек айтпай, өтірік таратпай, шыншыл болсақ, соның өзі адал азамат болғанымыз дегім келеді.

Капаров Биарыс

Қадыр Мырза Әлі атындағы № 88 мектеп-лицейі, 11 «Б» сынып оқушысы

Кто, по твоему мнению, является честным гражданином?

Честный гражданин – это не просто человек, который соблюдает законы, это тот, кто живет по совести, уважает окружающих и чувствует ответственность за свою страну и общество. Быть честным гражданином значит не только требовать справедливости от власти, но и самому поступать правильно в любой ситуации – будь помощь нуждающимся или соблюдать правила дорожного движения.

В современном мире, где коррупция, обман и равнодушие стали для многих нормой, честный гражданин – это редкий и ценный член общества. Такой человек не даст взятку, чтобы решить проблему быстрее, не станет воровать на работе и не будет закрывать глаза на несправедливость. Он понимает, что даже маленький обман разрушает общество изнутри.

Но быть честным – трудно. Иногда это означает идти против системы, терпеть неудобства или даже рисковать. Однако именно такие люди меняют мир к лучшему. Они подают пример другим, создают доверие в обществе и делают страну сильнее.

Честный гражданин также заботится о будущем - не только своём, но и будущих поколений. Он понимает, что каждое его действие, даже самое маленькое, оставляет след. Такие люди не выбрасывают мусор мимо урны, не списывают на экзаменах, не используют чужой труд в своих интересах. Их поступки основаны на внутреннем моральном компасе, а не только на страхе наказания.

Важно отметить, что честность воспитывается с детства - в семье, школе, обществе. Если ребёнок видит перед собой достойный пример, то и сам стремится к тому, чтобы быть честным. Родители, учителя, общественные лидеры играют ключевую роль в формировании этих ценностей.

Честность - это не слабость, а сила. В мире, где многие ищут лёгкие пути, быть честным - значит быть смелым. Это люди, которые не боятся говорить

правду, даже если это неудобно. И именно благодаря таким гражданам общество развивается, становится более устойчивым, справедливым и гуманным.

Честный гражданин - это не идеал, а выбор, который каждый может сделать. И если таких людей будет больше, то и жить мы все будем в более справедливом и достойном обществе.

Макаева Айша

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

«Адал азамат» деген ұғым терең мағынаны білдіреді. Ол өз іс-әрекетімен, сөзімен, өмірлік ұстанымдарымен қоғамға үлгі болатын адамды сипаттайды. Адал азамат тек өзінің отбасына, жақындарына емес, барлық қоғамға жауапкершілікпен қарайды. Оны адамдар тек адалдық пен әділдікке негізделген моральдық құндылықтары арқылы таниды. Қазіргі заманда адамгершілік пен адалдықты жоғары бағалайтын қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, біз осындай азаматтардың маңыздылығын түсінуіміз керек.

Адал азамат – ең алдымен, өзінің сөзінде тұратын, әрекеттерінде әділ, құқықтары мен міндеттерін жақсы білетін және қоғамның игілігіне қызмет ететін адам. Ол ешқашан өз мүддесін қоғамның мүддесінен жоғары қоймайды. Мұндай азаматтар тек заңды емес, өздерінің ішкі моральдық нормаларын да сақтайды, яғни олар өздерінің ойлары мен әрекеттері арасында үйлесімділік орната алады. Мұндай үйлесімділік қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарады. Егер әр адам өзінің қателіктерінен сабақ алып, оларды түзетуге тырысса, қоғам әлдеқайда әділетті және үйлесімді болар еді.

Адал азамат үшін басты құндылық – адалдық пен әділдік. Ол ешқашан жалғандыққа, өтірікке немесе манипуляцияға жол бермейді. Оның әрекеттері мен шешімдері әрқашан нақты, ашық және әділ болады. Мұндай азаматтарға сенуге болады, өйткені олар ешқашан екіжүзділік танытпайды. Олар өз ойларын нақты білдіреді, сондай-ақ басқаларға құрметпен қарайды. Адал азамат үшін ең басты нәрсе – өз ар-намысын сақтап қалу және өзіне жүктелген жауапкершілікті дұрыс орындау.

Бұдан басқа, адал азамат өзінің қоғам алдындағы міндеттерін толық түсінеді. Ол тек жеке басының мүддесін ғана емес, өз елінің, халқының және жалпы қоғамның дамуына үлес қосуға ұмтылады. Әр адам өз жауапкершілігін сезінуі қажет, бірақ адал азамат осы жауапкершілікті ерекше терең сезініп, қоғамның дамуына қатысты барынша өз үлесін қосуға тырысады. Ол ешқашан тек өз пайдасына ғана емес, өз ортасына да пайда әкелуді мақсат етеді. Мысалы, адал азамат өз кәсібін адал атқарады, жұмыс орнында жоғары этикалық стандарттарды сақтайды және әрқашан өз ісіне жауапты болады.

Қоғамдағы барлық адамдардың өз міндеттерін адал орындауы, заңдар мен ережелерді қатаң сақтау олардың адал азамат болуын қамтамасыз етеді. Заңдарды бұзбау, құрмет көрсету, ашық және әділ болу – бұл да адал азаматтың

сипаттамалары. Сонымен қатар, адал азаматтың маңызды қасиеттерінің бірі – қоғамда орын алған әділетсіздікке қарсы тұру және оны өзгертуге күш салу. Ол ешқашан тек өз мүддесін көздемейді, қоғамның әл-ауқатын жақсартуға ұмтылады. Егер әділетсіздік көрсе, ол үнсіз қалмай, қажетті шаралар қабылдауға тырысады.

Адал азамат – өзгелерге үлгі болатын, әрқашан көмекке дайын адам. Ол өзінің тәжірибесімен, білімдерімен және өз күш-жігерімен басқа адамдарға қолдау көрсетеді. Мұндай адам өз ортасындағы мәселелерге бей-жай қарамайды, онымен бірге қоғамды жақсартуға тырысады. Мысалы, көптеген адал азаматтар түрлі қайырымдылық іс-шараларға қатысады, өзгелердің қиындықтарына көмектесуге дайын тұрады. Олар қоғамға пайда әкелу үшін өз ресурстарын, уақытын және күшін аямайды.

Адал азаматтың тағы бір маңызды қасиеті – ол әрқашан өз елінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтейді және оны болашақ ұрпаққа насихаттайды. Өзінің отанында адал азамат, ең алдымен, өз елінің және оның азаматтарының игілігі үшін жұмыс істейді. Ол өз елінің байлығын, табиғи ресурстарын сақтап қалу үшін еңбек етеді, сондай-ақ елдің дамуына ықпал етеді. Ол өз елімізді сыртқы және ішкі қатерлерден қорғау үшін барлық күшін салады, оның болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Адал азаматтың өмірлік ұстанымдары мен тәрбиесі әдетте отбасында басталады. Әрбір адам өз тәртібі мен іс-әрекеті арқылы қоғамға үлес қосады, сондықтан тәрбие мен білімнің маңызы зор. Тәрбие мен білім арқылы адам өзінің ішкі моральдық қасиеттерін қалыптастырады және осы қасиеттермен қоғамға қызмет етеді. Адал азамат болу үшін адам тек сыртқы құндылықтар мен істерге ғана назар аудармай, ішкі дүниесін де адалдық пен әділдікке толтыруы керек.

Қорытындылай келе, адал азамат – ол тек өз ісімен ғана емес, бүкіл қоғамға үлгі бола алатын адам. Ол әділдікті, адалдықты, жауапкершілікті бірінші орынға қояды және әрқашан өз ортасында моральдық құндылықтарды сақтайды. Адал азаматтың қоғамдағы рөлі зор, өйткені ол қоғамның дамуына, тұрақтылығына және келісіміне үлкен әсер етеді. Біз әрқайсымыз осы ұстанымдарды өз өмірімізде жүзеге асырып, адал азамат болуға ұмтылуымыз керек. Бұл біздің қоғамымыздың болашағы үшін маңызды және қажет нәрсе.

Бейсембек Ұлдана

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясы, 11 «Б» сынып оқушысы

Адам бойындағы ар-ұждан мен намыс - оның рухани биіктігін анықтайтын қасиеттер. Бұл екі ұғым - жеке тұлғаның адамгершілік деңгейін, ішкі мәдениетін, өмірлік ұстанымын көрсетеді. Ар - ұждан – адамның ішкі дауысы, ал намыс – өз қадірін, абыройын сақтау жолындағы ішкі рухы. Бұл екеуі де адалдықпен тығыз байланысты. Себебі ар - ұжданы таза, намысы биік адам ғана адал бола алады. Адалдық - сыртқы көрініс емес, адамның ішкі жан дүниесінің тазалығынан,

рухани тұтастығынан туындайтын қасиет. Осы орайда ар-ұждан мен намыстың адалдыққа тигізер әсері орасан зор екенін байқаймыз.

Адамның ар-ұжданы — оны дұрыс пен бұрысты, жақсы мен жаманды айыруға итермелейтін ішкі сезім. Адал болу үшін адам алдымен өз ар-ұжданын тыңдай білуі керек. Бір іс жасамас бұрын «Мен бұл әрекетіммен өзіме ұят келтірмеймін бе? Ар-ұжданым таза қала ма?» деп ойлана алатын адам - шын адал жан. Ар-ұждан - адамның өзімен-өзі үнсіз диалог құратын қасиеті. Егер адам біреуге қиянат жасап, бірақ сырттай білдіртпей жүрсе де, оның ар-ұжданы маза бермейді. Сол ар-ұжданның даусын тыңдай білген адам ғана шынайы адалдық жолына түседі.

Намыс - адамның абыройын, қадір-қасиетін қорғау сезімі. Намысты адам ешқашан өтірік айтпайды, әділетсіздікке жол бермейді, өзі ғана емес, айналасындағылардың да арын таптатпайды. Намыс - адамның ішкі рухани қорғаны. Адал адам болу үшін адам намысты болуға тиіс. Себебі намыссыз адам оңай жол іздеп, шындықтан қашып, өз пайдасын ғана ойлауы мүмкін. Ал намысты адам адалдықтан аттамайды, себебі адал болу - оның өмірлік ұстанымы. Ол өтірік айтудан, уәдесін бұзудан, екіжүзділік танытудан намыстанады. Сондықтан да намыс - адалдықтың берік тірегі.

Көп жағдайда біз адалдықты сыртқы әрекеттен іздейміз: шын айту, уәде беру, заң бұзбау. Бірақ бұл қасиеттердің түп-төркіні - адамның ішкі дүниесінде жатыр. Егер адамның ар-ұжданы таза, намысы биік болса, ол ешқашан жалған сөйлемейді, қиянат жасамайды, өз пайдасы үшін біреудің көңіліне кір келтірмейді. Мұндай адам үшін адалдық - табиғи жағдай, ал өтірік айту - рухани азап. Яғни, адалдық адамның ар-ұжданы мен намысынан бастау алады.

Ар-ұждан мен намыс адамды өз-өзімен жұмыс істеуге, өзін дамытуға итермелейді. Адал болу оңай емес. Ол үшін батылдық керек, ерік-жігер керек. Өмірде кейде адал болу үшін қарсы тұру, күресу қажет болады. Міне, сол сәтте адамды қолдайтын - оның ар-ұжданы мен намысы. Осы екі рухани күш адамға дұрыс жолды нұсқайды. Олар болмаса, адам әлсіздікке, сатқындыққа, қорқақтыққа бой алдырып, ар-абыройын жоғалтады.

Қоғамда ар - ұжданы мен намысы биік адамдар көп болса, ол қоғамда әділдік, сенім, тәртіп орнығады. Мұндай қоғамда адамдар бір-біріне арқа сүйейді, адалдықты бағалайды. Ал егер адамдар ар - ұждан даусын елемей, намысты аяққа таптаса, ондай қоғамда алаяқтық, екіжүзділік, әділетсіздік көбейеді. Демек, әрбір адамның жеке адалдығы - қоғамның ортақ абыройына әсер етеді.

Қорытындылай келе, ар-ұждан мен намыс — адалдықтың бастау бұлағы. Адамның адалдығы тек сыртқы әрекетінде емес, ішкі рухани биіктігінде, ар мен намысқа деген көзқарасында көрінеді. Ар-ұжданын тыңдай білетін, намысын аяққа таптатпайтын адам ғана шын адал бола алады. Осындай адал азаматтар көбейсе, еліміздің ертеңі жарқын, болашағы берік болмақ. Сондықтан әрбір жас ұрпақ өз бойындағы ар-ұждан мен намысты тәрбиелей отырып, адалдық жолынан айнымай, ел дамуына өз үлесін қосуы тиіс.

Үсенғали Әділет

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясы, 11 «Б» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Адамгершілік пен әділеттілікке негізделген бұл ұғым – қоғамның рухани тірегі. Адал адам - өзіне де, өзгеге де шынайы, әділ, сенімді, уәдесінде тұратын тұлға. Қоғамда осындай адамдар көп болса, елдің даму қарқыны да соғұрлым жоғары болады. Себебі адалдық бар жерде сенім болады, ал сенім - берекелі болашақтың кепілі. Қазіргі жаһандану заманында әрбір азаматтың адал болуы мемлекет үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін маңызды. Сондықтан адалдықтың қоғамның дамуына тигізетін әсерін тереңірек түсіну - әр жас ұрпақтың міндеті.

Адалдық ең алдымен — сенім. Қоғамдағы барлық қарым-қатынастар сенімге негізделеді. Егер адам адал болса, оған айналасы сеніммен қарайды. Бұл сенім іскерлік қарым-қатынаста да, отбасы ішінде де, мемлекеттік басқару жүйесінде де шешуші рөл атқарады. Мысалы, шенеуніктер мен мемлекеттік қызметкерлердің адалдығы қоғамның билікке деген сенімін арттырады. Ал сенім бар жерде тұрақтылық пен даму бар. Керісінше, әділетсіздік пен алаяқтықтың көбейгені қоғамда дүрбелең тудырып, әлеуметтік наразылықтарға әкеліп соғуы мүмкін.

Адалдық еңбекке де әсер етеді. Өз ісіне адал адам әрқашан сапалы жұмыс атқарады, жауапкершілікпен қарайды. Мұндай адамдар қай салада жүрсе де, өз ортасына үлгі бола алады. Мысалы, мұғалім өз жұмысында адал болса, оқушыларына тек білім ғана емес, өнеге береді. Дәрігер адал болса — науқастың өміріне шын жаны ашиды. Кәсіпкер адал болса - тұтынушылардың сеніміне ие болады. Бұл - қоғамның әр саласының жүйелі дамуына жол ашады. Адал еңбек ел экономикасын нығайтып, қоғамда әділеттілікті қалыптастырады.

Адалдықтың тағы бір маңызды тұсы - ол қоғамда әділдік пен теңдікті қамтамасыз етеді. Қай жерде адалдық бар, сол жерде заң үстемдік етеді. Адамдар заңды бұзбай, тәртіпті сақтайды. Бұл өз кезегінде жемқорлық, алаяқтық, әділетсіздік сияқты келеңсіз құбылыстардың азаюына әкеледі. Мысалы, адал судья ешкімнің ықпалына көнбей, тек заң мен ар - ождан тұрғысынан шешім қабылдайды. Адал полицейлер мен прокурорлар өз міндетін әділ атқарса, қылмыс деңгейі төмендейді. Осылайша қоғам әділетке сеніп, тұрақты даму жолына түседі.

Қоғамдағы бірлік пен ынтымақ та адалдыққа тікелей байланысты. Егер адамдар бір-біріне шын көңілмен, шынайы қарым-қатынаспен қараса, қоғамда алауыздық болмайды. Адал адам – риясыз, қызғаныш пен көреалмаушылықтан ада адам. Мұндай қасиеттер ел ішінде бір-бірін қолдауға, көмектесуге, түсінуге ықпал етеді. Бұл – берік қоғам құрудың негізі. Ел ішіндегі татулық пен өзара құрмет болса ғана, мемлекет үлкен жетістіктерге жете алады.

Жастардың бойында адалдықты қалыптастыру - қоғамның болашағына салынған инвестиция. Өскелең ұрпақ адал болып өссе, олар келешекте әділетті

қоғам құрады. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға адалдық туралы айту, оны өмірде қолдана білуге үйрету - мұғалімдер мен ата-аналардың басты міндеті. Адалдық - бір күнде қалыптаспайды, ол – өмірлік дағды. Оны бала күннен санаға сіңірсе ғана, ертеңгі қоғамның іргесі берік болады.

Қорыта айтқанда, адалдық – қоғамның дамуы үшін ауадай қажет қасиет. Ол сенімді қарым-қатынас орнатады, әділеттілік пен тұрақтылықты сақтайды, адамдар арасындағы сыйластықты арттырады. Әр азамат өз ісіне адал болса, бүкіл елдің гүлденуіне үлес қосады. Сондықтан біз, жастар, адалдықты өмірлік қағидаға айналдыруымыз керек. Себебі адал ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі.

Қаршыға Камила

№91 мектеп-гимназиясы, 11 «Ә» сынып оқушысы

*«Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық,
нағыз маман болу, үнемілдік, еңбекқорлық,
ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл
қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс...
арлы адам әділетсіздік жасамайды.
Әр салада адалдық басты орында тұрса,
әділ қоғам орнайды»
Қасым-Жомарт Тоқаев.*

Адалдықтың артында - амандық тұрады» дейді дана халқымыз. Адам бойындағы адалдық - оның шыншылдығын, жауапкершілігін, ұстанымын білдіреді. Адал азамат болу - тек өтірік айтпау емес, ол - елге, отбасына, өз міндетіне шын көңілмен қарау.

Адал азамат менің түсінігімде қалай көрінеді?

Бірінші - адалдық сенімділік қалыптастырады. Мысалы, әр оқушы үй тапсырмасын көшірмей, өз бетімен орындаса, ұстазы да, сыныптастары да оған сеніммен қарайды. Адал адамға адамдар еріксіз тартылады, өйткені ол ешкімге қиянат жасамайды. «Адал еңбек - адамның ары» деген сөз осыған дәлел.

Екінші - адалдық арқылы әділеттілік орнайды. Мектебімізде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында» адалдық - ұлттық құндылық ретінде қарастырылатын көптеген іс-шаралар өтті. Онда ар-ұятты, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу көзделген. Бұл - ел болашағына жауапкершілікпен қарау деген сөз.

Үшінші - адал адам қоғамға пайда әкеледі. Адал дәрігер - науқастың өмірін сақтайды, адал оқушы - болашақта елге адал қызмет етеді. Осындай адамдар көбейсе, қоғамда әділет, тәртіп және бірлік орнайды.

Қорытындылай келе, адал азамат - елдің тірегі, қоғамның айнасы. Адалдық - адамды нағыз тұлғаға айналдыратын қасиет. Әр адам өз ісінде, сөзінде адал болса - еліміз де жарқын болашаққа жетеді. Абай атамыз айтқандай, «Адам болам десеңіз, адал болуға тырыс».

Алимханова Алина

№ 91 мектеп-гимназиясы, 10 «Б» сынып оқушысы

*Чтоб в жизни гордо голову нести,
Давайте вспомним о законах чести.*

Т.Синельникова

Если поразмышлять, то для меня честный гражданин - человек, знающий свои права, добросовестно следующий законам и правилам Конституции. Это человек, не нарушающий общий порядок общества, в котором он живёт. Это человек, работающий во благо и зарабатывающий деньги честным путём. Это человек, который не подвержен коррупции. Он всегда добр к окружающим и, если того требует ситуация, приходит на помощь любому, кому она нужна. Думает о планете, о том, как быть полезным обществу и как его можно улучшить.

Считается, что развитие добропорядочности равносильно развитию общества. Я уверена в том, что общество и родители должны ежедневно помогать детям и подросткам приобрести истинные ценности жизни: социальные, семейные, религиозные. Считаю, что необходимо открыто говорить о ценностях. Важно, чтобы мы поняли, почему такие понятия, как честность, ответственность, самостоятельность, являются ключевыми при принятии правильных решений в жизни. Без этих качеств люди бы прибегали к разного рода преступлениям, неуважительно бы друг к другу относились, что впоследствии привело бы к хаосу. А хаос недалёк от разрушения человечности. Только следуя правилам и не теряя нравственности, можно стать тем самым честным гражданином, которому безразлична судьба нации.

Однако остаётся вопрос: из чего именно состоит честность? И что влияет на это? Ответ довольно прост — наличие совести и чести. Именно присутствие внутреннего голоса направляет наш разум.

Он же нам не даёт попасть под контроль злобы, жестокости и бесчеловечности. Направляет нас, даёт нам чувство удовлетворения от того, что мы всё делаем правильно и во благо. И по этой причине добропорядочного и человека с совестью ставят в один ряд с честным человеком, так как эти люди по своим убеждениям и внутренним характеристикам идентичны. Поэтому, чтобы стать гражданином, который способствует модернизации общества и своей страны, важно, в первую очередь, воспитать в себе совесть, нравственность, милосердие, а главное честность по отношению к окружающему миру. Только так можно добиться этой гармонии - через внутреннюю порядочность.

Я соглашусь с позицией известного академика Д.С. Лихачева, что «честь, порядочность, совесть —это качества, которыми дорожить нужно так же, как мы дорожим своим здоровьем, ибо без этих качеств и человек — не человек».

В свою очередь, хочу дать слово, быть честным при любых обстоятельствах, иметь активную жизненную позицию и призываю к этому своих сверстников!

Анарбай Арайлым

Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 11 «Ә» сынып оқушысы

Адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі - адалдық. Адалдық - тек шындықты айту ғана емес, ол - ар-ұятты сақтау, өз жүрегінің үніне қарсы шықпау, әділет пен шындықты бәрінен жоғары қою. «Адал азамат - өз жүрегіне қарсы шықпайтын адам» деген сөздің мәні де осы.

Адал адам - өз ішкі сенімі мен ұстанымына берік. Ол біреуге ұнау үшін жалған сөйлемейді, пайда табу үшін арынан аттамайды. Жүрекпен сезілетін шындықты тыңдап, соған сай әрекет етеді. Мұндай адам әділетсіздікке төзбейді, қиын сәтте де дұрыс шешім қабылдай біледі. Адалдық - батылдықпен қатар жүретін қасиет, себебі шындықты айтуға да, соны қорғауға да жүректің тазалығы мен батылдығы қажет.

Қазақ халқы үшін де адалдық - әрқашан биік құндылық. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Түзу жолмен жүрген адам ғана мақсатына жетеді» деген сөзі осыған дәлел. Адал азамат елдің тірегі, қоғамның үлгі тұтар тұлғасы. Ол отбасында, мектепте, қоғамда да сенім мен сый-құрметке ие болады.

Мен үшін адал болу - ең алдымен өз ар-ұжданыма қарсы келмеу. Қандай жағдай болса да, әділетті таңдауға тырысу. Себебі өмірде бәрі өзгеруі мүмкін, бірақ адамның адам болып қалуына себеп - адалдық. ішкі әлемінің тазалығы. Ұстанымы адал жанның ойы анық, көңілі ашық болады. Сол тазалық арқылы ол айналасына жылу мен сенім ұялатады.

Қорытындылай келе, адал азамат - жүрегінің дауысын тыңдап, сол үнге сай өмір сүретін жан. Осындай адам ғана елге, Отанына пайдасын тигізіп, нағыз тұлға болып қалыптасады.

Оқушының аты-жөні: Жұмағұл Жания

Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 11 «Б» сынып оқушысы

Адалдық – адамның ішкі тазалығының, ар-ұяты мен намысының айнасы. Ол – бір күндік әрекет емес, өмірлік ұстаным. Нағыз адал азамат – әділеттілікті ту етіп, ешкімнің ақысын жемеуді, шындық пен шынайылықты биік қояды өмірлік қағидасына айналдырған тұлға.

Қазіргі қоғамда адал болу – батылдықтың бір түрі. Себебі өтірік пен жалған мәліметке толы заманда шындықты айту, әділ шешім қабылдау, жауапкершілікті мойнына алу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Алайда қоғамның дамуы мен ел болашағы – осындай адал азаматтардың арқасында алға басады.

Менің ойымша, адал адам – алдымен өзіне адал болуы керек. Өзінің ішкі әлемімен үйлесім таппаған адам өзгеге де адалдық таныта алмайды. Мысалы, қарапайым өмірмен байланыстыра кетсем, емтиханды сырттан қосымша көмектерді қолданбай, өз білімімен тапсыру, біреудің еңбегін иемденбеу, уәде

берген соң соны орындау секілді екінің бірінің қолынан келетін іс әрекеттерді адал атқару. Өйткені осының бәрі- күнделікті қарым қатынастағы адалдықтың кішкентай, бірақ маңызды көріністері.

Болашақта еліміздің тұтқасын ұстар азаматтар – біздер, жасөспірімдер. Сондықтан қазірден бастап бойымызға адалдық қасиетін сіңірсек, келешекте әділ, таза қоғам қалыптастыруға өз үлесімізді қосамыз. Адал азамат – елінің шын жанашыры, халқының сенімді тірегі.

Қорыта айтқанда, адалдық – адамның ішкі байлығы мен рухани биіктігінің белгісі. Мен де ертеңгі күні елімнің адал азаматы болып қалыптасқым келеді. Бұл – менің таңдауым, өмірлік бағытым.

Тленов Ильяс

Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 11 «В» сынып оқушысы

В современном обществе честность остаётся одной из важнейших добродетелей, определяющих не только личность, но и силу государства. Я убеждён, что честный гражданин - это человек, который руководствуется справедливостью, уважает закон и живёт в соответствии с моральными ценностями. Именно такие люди становятся опорой сильного и справедливого государства.

С раннего детства я учусь быть честным. Мой отец является военным. Он не раз повторял мне: «Честь - это не то, что даётся погонями, а то, что ты несёшь в сердце». В нашей семье честность - не просто правило, а основа воспитания. Мы верим, что истина важнее выгоды, а справедливость сильнее страха. Я горжусь тем, что вырос в такой атмосфере, и стараюсь придерживаться этих принципов в школе, в общении с друзьями и в собственных решениях, ведь именно с честности начинается уважение к себе и к другим.

Честность проявляется не только в словах, но и в поступках — в умении признать ошибку, не списывать на экзаменах, помочь тому, кто оказался в трудной ситуации. Иногда быть честным сложно, особенно когда проще промолчать или избежать ответственности, но именно такие моменты и формируют характер. Ведь, как говорил великий Абай: «Честность — лучший путь, а обман приведёт к гибели». Эти слова напоминают нам о том, что путь правды пусть и труден, но ведёт к истинной силе и уважению.

Сегодня, стоя на пороге взрослой жизни, я с уверенностью говорю: я верю в Новый Казахстан. Я верю в страну, где ценятся честный труд, справедливость и открытость. Быть честным гражданином - значит поступать по совести, с ответственностью отстаивать правду, уважать закон и свою Родину.

Я верю, что моя честность - это мой вклад в будущее страны. Ведь с каждого честного поступка начинается великая перемена. И если мы, молодёжь, будем держаться этих ценностей, то Казахстан станет сильным, справедливым и светлым домом для всех нас!

Әділхан Аяулым

№93 мектеп-лицейі, 10 «В» сынып оқушысы

«Адал азамат» сөзінің мағынасын әркім әртүрлі түсінеді. Мен үшін «Адал азамат» ұғымы – шыншыл, әділ, ар-ұяты таза жан.

Президент Қасымжомарт Тоқаев “Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам, -деп түсіндіреді. Адал адам болу бұл өз ісіңе, сөзіңе деген тұрақтылық және өз еліңе, жеріңе деген адалдық.

Адал жандардың пайдасы қандай? Қоғамдық тұрақтылық, әділ, адал азаматтардың көп болуы қоғамда бірлік пен тыныштықты қамтамасыз етеді, яғни адал азамат – қоғамның тірегі, елдің болашағы. Осындай азаматтар көп болса мемлекетіміз де мықты болып, одан сайын гүлденіп көркейе береді.

Адал адамдардың қоғамға тигізер пайдасы өте көп. Мысалға айтсақ, біріншіден өтірік айтпайды, уәдесіне берік жандар. Мұндай адамдарға қоғамда сенім артады, екіншіден, адал адамдар пара алмақ түгілі ондайды ойламайды. Әділетсіздікке төзбейді. Ол жандар заң мен тәртіп не екенін біледі және бағынады. Бұл мемлекет ішіндегі әділеттілік пен қоғамдағы тазалықты сақтауға көмектеседі. Үшіншіден, болашаққа жақсы тәрбие береді. Адал адамдардың істері мен сөздері қарсы келмейді, яғни балалары мен өздерінің жақындарына, қоғамға өте жақсы үлгі болатын жандар деуге болады. Төртіншіден, өз ортасында, ұжымында құрметке ие болады. Себебі айналасындағы адамдар адал жанға сырларын қорықпай сеніп айта алады, көмек сұрай алады. Жалпы айтсақ, адал адамдар отбасына, қоғамға еліне пайда әкелетін, ел болашағын жарқын ететін тұлғалар.

Адалдық ар-ұятқа қандай әсер бар? Адалдық-адам бойындағы ең құнды қасиет. Адал адам әрқашанда шыншыл, әділ, сенімді болады. Адалдық бар жерде бірлік, тыныштық орнайды. Қоғам адал азаматтармен көркейеді. Қазақта «Адалдық – арлының ісі» деген сөз бар. Яғни адалдықтың барлық жерде әсері зор.

Қорытындылай келе, адал адамдар, біздің болашағымызды көркейтетін жандар болып табылады. Асыл қасиеттің бірі – ол адалдық болып қала бермек.

Сағындық Алтынай

№93 мектеп-лицейі, 11 «Б» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Адал адам - шыншыл, әділ, уәдесінде тұратын, ар-ожданын бәрінен жоғары қоятын тұлға. Қоғамда мұндай адамдар әрқашан құрметке ие болады.

Адал адам өтірік айтпайды, өзгеге қиянат жасамайды, еңбекқор әрі сенімді болады. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, ешқашан алдауға бармайды. Мұндай адамның қасында жүргенде, оған сенуге, арқа сүйеуге болады.

Екіншіден, адалдық - отбасының берік іргетасы. Егер отбасы мүшелері бір-біріне адал болса, онда олардың арасындағы қарым-қатынас сенім мен махаббатқа негізделеді. Ата-ана баласына шыншыл болуды үйретсе, ол бала өсе келе қоғамда әділ, адал азамат болып қалыптасады.

Үшіншіден, адалдық - елдің дамуына әсер ететін маңызды фактор. Егер қоғамда әр азамат адал еңбек етсе, сыбайлас жемқорлыққа жол бермесе, мемлекет тұрақты әрі әділ бола алады. Бұл ретте заңдарды құрметтеп, өз міндетін адал атқару - нағыз патриотизмнің көрінісі.

Тарихтан да адалдықтың үлгілерін көруге болады. Мысалы, Абай Құнанбайұлы өзінің шығармаларында адам бойындағы адалдық, ар-намыс, шыншылдық туралы жиі жазды. Ол «Адам болам десеңіз» деген қара сөзінде де шынайы болуды, өтірік пен жалғандыққа бармауды өсиет еткен.

Қорытындылай келе, адал адам - қоғамның тірегі, ел болашағының кепілі. Адалдық - адамның ішкі мәдениетінің, рухани байлығының көрсеткіші. Әр адам өз бойындағы адалдық қасиетін дамытса, әділдік салтанат құрады. Сол себепті біз бәріміз адал болуға ұмтылуымыз керек.

Серғазы Салтанат

№93 мектеп-лицейі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Әрбір қоғамның дамуы мен гүлденуінің негізінде адал азаматтардың үлесі зор. «Адал азамат» деген ұғым әркім үшін әртүрлі түсінікті білдіруі мүмкін, бірақ оның түпкі мәні – шыншылдық, әділеттілік, жауапкершілік және өзіне де, өзгеге де адал болу. Мен үшін адал азамат – бұл өз ар-ожданының алдында таза, еліне қызмет етуді парыз санайтын, өтірік пен әділетсіздікке қарсы тұра алатын тұлға.

Адал азамат болу үшін адамда ең алдымен ар мен намыс болуы керек. Өйткені ар-ұятын жоғалтқан адам қандай да бір жағдайға оңай беріліп, әділетсіз жолды таңдауы мүмкін. Ал нағыз адал азамат ешқашан ар - ожданын сатқан емес. Ол қиын жағдайда да тура жолдан таймай, өз ұстанымына берік болады. Мұндай адамдардың арқасында әділетті қоғам құруға болады.

Мысал ретінде Абай Құнанбайұлын келтіруге болады. Ол – әділдікті, адалдықты ту еткен ұлы тұлға. Оның қара сөздері мен өлеңдерінде адамгершілік пен адалдық туралы көптеген ойлар айтылған. «Адам болам десеңіз, бес нәрседен қашық бол: өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ» – деп, жастарды адалдыққа, еңбексүйгіштікке шақырады.

Адал азамат болу – тек өзіңе ғана емес, айналаңдағы адамдарға да жауапкершілікпен қарау деген сөз. Мұндай адам қоғамдағы әрбір әрекетінде әділет пен шындықты басшылыққа алады. Ол заңға бағынады, өз құқығы мен міндетін жақсы біледі және басқалардың құқығын да құрметтейді. Мысалы, адал оқушы – емтихан кезінде көшірмей, өз біліміне ғана сенетін оқушы. Адал ұстаз – әрбір оқушыға бірдей қарайтын, әділ бағалайтын және ешкімді алаламайтын

мұғалім. Осындай адамдар көбейген сайын қоғамда сенім, әділеттілік және тұрақтылық орнайды.

Қорытындылай келе, адал азамат – елдің тірегі, ұлттың үміті. Әрбір адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамға адал және шынайы мүшесі болуға тырысса, еліміздің болашағы жарқын болары анық. Сондықтан біз – жастар, осы қасиетті бойымызға сіңіріп, адал азамат болуға ұмтылуымыз қажет.

Хамит Аяна

№ 95 мектеп-лицейі, 11 «В» сынып оқушысы

Быть честным гражданином – значит жить в гармонии с совестью, уважать законы своей страны и нести ответственность не только за свои поступки, но и за окружающий мир. Такой человек не обманывает, не берет чужого, не ищет выгоды за счет других. Он поступает по справедливости даже тогда, когда никто не видит.

Честность начинается с малого: не списывать на контрольной. С таких простых поступков формируется сознательная личность и зрелый гражданин. Честный человек не только соблюдает закон, но и уважает моральные нормы – он не равнодушен к чужой беде, не проходит мимо несправедливости.

В обществе, где большинство – честные граждане, процветают доверие, порядок и стабильность. Люди чувствуют себя в безопасности, знают, что их права защищены, а их труд оценен по достоинству. Напротив, ложь и обман разрушают доверие между людьми и приводят к несправедливости.

Я верю, что каждый из нас может быть честным гражданином, если начнет с себя. Мы не сможем изменить весь мир сразу, но мы можем изменить свое поведение и подать пример другим. В этом и есть настоящая сила – быть честным, даже когда это трудно. Ведь именно честные граждане создают сильное и справедливое государство.

Бекділжаева Аяулым

№ 96 мектеп-гимназиясы, 11 «Б» сынып оқушысы

Әр адам өмірден өз орнын ойып тұрып алғысы келеді. Ал өзіне адал адам қоғамға да адал қызмет ете алатынын жақсы білеміз. Қазіргі қоғамда сондай адамдармен өмір қызық. Ал менің түсінігімдегі адалдық қоғамның дамуына қалай әсер етеді? Осыны талқылап көрейін.

Біріншіден, адал адамды қоғамның жарық жұлдызына теңеймін. Неге десеніз адал адамның жүрегінде адамгершілік айрықша орын алады деп есептеймін. Осынау адами қасиеті барлар кез келген жерде үлгілі істерімен көзге түседі. Мысалы, интернет желісінде жарқ еткен мына ақпаратпен бөліскім келіп отыр. Әйгілі голливуд әртісі Анджелина Джоли Африкада ауыз сусыз қалған елге құдық қазғызып, су ішкізген. Қандай жүрек деп ойладымыз. Ақшасы бар, атағы бар, еркін өмірін сүріп жүре берсе болады ғой! Жоқ, адамзатқа деген

адалдығы осындай ұлы істерге жетелеп тұр. Міне, мен үлгі алатын әрекет. Сондықтан осы сынды үлгілі істерге біз, жастар, қанық болып өсек, адалдық үлгісі өміріміздің бір бөлшегіне айналар еді.

Екіншіден, намысты адамның рухани қорғанышы дер едім. Абайдың «Адамның ар-ұжданы пәк болса, сөзі мен ісі түзу болады» деген сөзі ойыма оралып отыр. Әр ісіміздің басы адалдықтан басталса, қандай керемет болар еді! Мысалы, мектепте бақылау жұмысын жазғанда кейбір оқушылар мұғалімнің назарынан тыс қалып, жауаптарды көшіргісі келіп отыратынын көріп жүрмін. Бірақ ар-ұжданы таза адам өз нәпсісіне ерік бермейтінін де жақсы білемін. «Мен өз біліміммен ғана шыңдаламын, адал еңбектің жемісі тәтті болады», - деп іске кіріседі. Нәтижесінде, ол өз білімімен, адал жолмен тиісті бағасын алады. Қандай баға алса да, кеудедегі адалдық сақталып, нағыз білім анықталады деп есептеймін. Яғни, адалдық қарапайым мектептен бастау алады деп санаймын.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, адал азамат – қоғам дамуының кепілі, ар-ұжданның негізі. Егер де барлығымыз адалдықты ұстансақ, Қазақстанымыздың болашағы өркендейді, босағамыз бекиді.

Ержанқызы Акерке

№96 мектеп-гимназиясы, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы ең асыл, қайталанбас қасиеттердің бірі. Кез келген ортада адал азаматтар жоғары бағаланады. Адал адамдардың қатарына ешкімнің ала жібін аттамайтын, жүрегі таза, ниеті түзу, сөзі мен ісі бір жерден шығатын адамдарды жатқызамын. Мұндай адами қасиеті бар адамдар әрқашан қоғамның таңдаулысы болып қала береді. Сондықтан әрбір адам өмірде де, ісінде де, сөзінде де адал болуға тырысуы қажет деген қағиданы ұстанамын.

Біріншіден, адал азамат шындықты айтудан тайынбайды. Ол қиын жағдайда қалса да, өтірікке жүгінбейді. Қазіргі қоғамда адал азаматтар санаулы, көбісі небір жағдайларды пайдаланып, өз мүддесі үшін өтірікті судай сапырады. Бұл іс-әрекеттер мен қасиеттер – адалдыққа мүлдем жат қылық. Қоғамның таңдаулы, адал азаматтары әрқашан шындық пен әділдік жолында күрес жүргізеді, өз мақсатына тек таза жолмен ғана жетеді. Сол себепті әрқашан адалдықты ту етіп, «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» екенін ұмытпай жүруіміз тиіс.

Екіншіден, адал адам деп ешқашан тура жолдан таймай, әрдайым қасыңнан табыла алатын сенімді досты айтар едім. Өйткені ол ешқашан аманат етіп сеніп тапсырған құпияларыңа, сырларыңа қиянат жасамайды, басқаларға жайып салмайды. Қиын сәтте қасыңнан табылып, жасаған таңдауың үшін сөкпей, керісінше, құрметпен қарайды. Досыңның басына небір тауқымет түссе де, сатып кетпей, әрқашан қасыңнан табылуға тырысады. Досыңа қиын шақта жәрдем беріп, сөзіңнен таймауды адалдық пен адамгершіліктің бірден-бір белгісі деп

есептеймін. Сондықтан шын досыңа қамқор болып, оның әрқашан сенімен бірге болуын қаласаң, достыққа адал болуды өзіңнен баста дер едім.

Эсsemді қорытындылай келе, адал азамат болуды әр адам өз міндетім деп есептеу керек дер едім. Адал жанның қасында әрқашан әділдік бірге серік болып жүреді. Басқаларға қандай қасиетпен танылсаң, олар да саған сондай қарым-қатынас жасауға тырысады. Бір сөзбен айтқанда «Не ексең, соны орасың». Жақсылық та, жамандық та өзіңе қайтып келеді. Сондықтан әрқашан адал жолды, адал еңбекті таңдап, дұрыс жолдан таймау керек деп ойлаймын.

Сайын Анель

№96 мектеп-гимназиясы, 11 «З» сынып оқушысы

Честный гражданин - это человек, который живёт по совести, соблюдает законы и уважает других людей. Он не обманывает, не крадёт и всегда старается поступать правильно. Быть честным - значит не только говорить правду, но и действовать справедливо, даже когда никто не видит.

Честный гражданин заботится о своей стране. Он платит налоги, не мусорит на улице, помогает другим и старается делать добро. Такой человек понимает, что от его поступков зависит жизнь всего общества.

Честность начинается с малого: не списывать на экзамене, не брать чужое без разрешения, не лгать родителям или друзьям. Если каждый будет честным, то и страна станет лучше - без коррупции, обмана и несправедливости.

Иногда быть честным трудно, особенно когда выгоднее солгать. Но настоящий гражданин выберет честность, потому что понимает: это основа доверия и уважения. Я верю, что если мы все будем стараться быть честными, то сможем построить справедливое и счастливое общество. Честность — это сила, которая делает человека и страну лучше.

Амантаева Жанель

№97 мектеп-гимназиясы, 11 «Д» сынып оқушысы

Честность - фундаментальная ценность, которая определяет благополучие общества. В современном Казахстане, стремящемся к устойчивому развитию, роль честного гражданина особенно значима. Но что значит быть честным? Как честность влияет на страну? Эти вопросы требуют осмысления, ведь от ответов на них зависит будущее нашей страны.

В Казахстане, где коррупция долгое время была серьезной проблемой, честность приобретает особое значение. Настоящий гражданин не просто избегает нарушений, он активно противостоит несправедливости. Честность проявляется и в повседневной жизни: такой человек платит налоги, не уклоняется от службы в армии, честно голосует на выборах, не покупая и не продавая ничьи голоса.

Кроме того, честность создает доверие - основу для инвестиций и экономического роста. Иностранные компании кровно заинтересованы во вложение денег в страну, где законы работают, а суды выносят справедливые решения. Только общество, в котором честность становится нормой, может добиться процветания.

Честный гражданин - это основа сильного Казахстана. Его поведение влияет, определяет, будет ли страна развиваться в ногу с развитыми государствами или будет топтаться на месте. Каждый из нас должен начать с себя, ведь только мы вместе сможем построить страну, которой будем по-настоящему гордиться.

Темірханова Толғанай

№98 мектеп-лицейі, 10 «А» сынып оқушысы

«Адал азамат» деген кім? Бұл сұрақты өзімізге жиі қоймаймыз, бірақ өмірде әрқайсымыздың арманымыз - айналамызда адал адамдардың көп болғаны. Мен үшін адал азамат – ішкі дүниесі таза, сөзіне берік, шыншыл, біреудің ала жібін аттамайтын адам. Адалдық – тек бір сәттік мінез емес, ол – өмір бойы серік болатын қасиет.

Адал адам – шындықты айтатын, біреудің алдында екі сөйлемейтін, аманатқа қиянат жасамайтын адам. Мысалы, бір досың бар делік. Сен оған сырынды айттың. Егер ол адал болса, сені ешқашан сатып кетпейді, артынан жаман сөз жүгіртпейді. Міне, адалдық деген осы – кішкентай сәттерде-ақ көрінеді.

Енді «Адалдық қоғамның дамуына қалай әсер етеді?» деген сұраққа тоқталайықшы. Қайталап айтсам: әркім өз орнына адал болса, қоғамда сенім күшейеді, жемқорлық азаяды. Мұғалім әділ баға қойса – оқушы ізденеді, дәрігер емді жүрегімен жасаса – адам өмірі сақталады, кәсіпкер адал салық төлесе – мектеп, жол, аурухана салынады. Сенім бар жерде инвестиция да келеді, жаңашылдық та өркендейді. Қарапайым тілмен, адалдық – қоғамның «майы»: механизмді майламасаң, бәрі сықырлап, тоқтап қалатын сияқты, адалдықсыз экономика да, мәдениет те ілгері жүрмейді.

Ал «Ар-ұждан мен ар-намыс адалдықпен қалай байланысты?» десек, бұл үшеуі бір шыр-мауықтай шырмаса-ды. Ар – адамның ішкі дауысы: «бұл дұрыс па, бұрыс па?» деп ескертіп тұрады. Ұждан – сол дауыстың тіпті тереңінде жатқан шекара-сызық: одан аттасаң, өз көзіңе өзің қарай алмай қаласың. Ал ар-намыс – сыртқа бағытталған бет-бейнеміз: елдің алдында абыройымызды қорғайтын қалқан. Адал адам осы үш құндылыққа сүйенеді: арын таптамайды, ұжданын былғамайды, намысын былжытпай қорғайды. Сондықтан адалдық пен ар-ұждан – бірін-бірі толықтыратын егіз ұғымдар.

Қорыта айтқанда, адал азамат болу – күнде таңертең тұрып, «мен бүгін біреуге зиян тигізбей, шыншыл болып өтемін» деп шешім қабылдай алу. Адал

болу – батыр болу. Себебі қазіргідей заманда адал қалу – нағыз ерлік. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – адалдықпен жүрген адамның жолы әрқашан ашық, ал адал адамдар көбейген қоғамның болашағы әрқашан жарқын.

Аманай Ділназ

№98 мектеп-лицейі, 10 «А» сынып оқушысы

Адал азамат - бұл өз Отанына, еліне, халқына шын ниетімен қызмет ететін, шындықты ту еткен жан. Мен үшін адал азамат - ата-анам. Әкем саналы ғұмырын бір мекемеде табанды еңбекпен өткізіп, ешбір заңсыздыққа жол бермей, әділеттілікті өмірлік ұстанымы етті. Ол бізге: «Адалдық-адамның адамгершілігінің айнасы» деп жиі айтып, шынайы өмірлік бағыт сілтеп жүреді.

Өз басым адалдықтың нақты көрінісін мектептегі бір оқиғадан байқадым. Бірде сыныптасым жерде жатқан әмиян тауып алды. Ішінде көп ақша бар еді. Ол ойланбастан бірден мұғалімге апарып берді. Артынша әмиян иесі табылып, алғысын айтып, көзіне жас алды. Сол сәтте, мен, адалдықтың бағасы ақшада емес, адамның ішкі тазалығында екенін ұқтым. Бұл қарапайым ғана оқиға болса да, өмірлік мән-мағынасы өте көп. Адал әрекет адамның абыройын биіктетіп, айналасына сенім ұялатады.

Қорытындылай келе, адалдық - адамның ішкі болмысының айнасы. Адал азамат - ешкімнің ақысын жемейтін, ар мен ұятты жоғары қоятын тұлға. Осындай жандар көп болса, қоғам да, мемлекет те әділетке сүйеніп дамиды. Мен де адал болуға барынша тырысамын. Өйткені, менің білімім - менің Отанымның жарқын келешегіне кішкентай болса да, қосқан үлесім.

Сағидулла Амина

№98 мектеп-лицейі, 10 А сынып оқушысы

Адал азамат - бұл еліне жанашыр, шыншыл, әділ, жауапкершілігі мол кісі. Ондай азамат өз ісіне адал, уәдесінде тұрады, заң мен тәртіпті сыйлайды. Ол ешқашан біреуге зиян келтірмейді, әрқашан әділеттілік пен адамгершілік жолын таңдайды. Мен үшін адал азамат- елінің болашағына сеніп, соған қызмет ететін жан.

Адалдық- қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі. Егер әрбір адал адам болса, елде сенім күшейеді, тәртіп орнайды. Адамдар бір-біріне сеніп, тыныш әрі әділетті өмір сүреді. Мысалы, мұғалім өз оқушысына адал болса, білім сапасы артады, дәрігер науқасқа адал болса - адам өмірі аман қалады. Демек, адалдық - қоғамның барлық саласында аса маңызды қасиет.

Ар-намыс та адал азаматтың бойындағы басты қасиеттердің бірі. Ар-намысын биік ұстаған адам ешқашан өтірік айтпайды, арам әрекетке бармайды, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Ол өз қадірін біледі, басқаларды құрметтейді.

Қорытындылай келе, адал- азамат - еліміздің тірегі. Әр адам өз ісінде адал адам болса, қоғам дамиды, ел көркейеді. Адалдық- үлкен күш, ол арқылы біз әділетті, мейірімді, тату қоғам құра аламыз.

Солтанқажы Мансұр

№99 орта мектебі, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адам бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі. Ол – жүректен тамыр алып, санаға сәуле шашатын алып күш. Адалдық – ардың айнасы, намыстың қамалы, қоғамның шырайын кіргізіп, елдің тұғырына айналатын қасиет те осы.

Ал адалдық бойына дарыған азамат кім?

Менің ойымша, адал азамат – елдің нағыз жанашыры, әділдік пен шындықты ту еткен тұлға. Оның жүрегі мейірімге толы, сөзі – шындықтың жаршысы, ісі – әділеттің белгісі.

Адал азаматтың ары таза, уайымы-қайғысы жоқ және ісіне адал адам не істесе де берекесі бар, себебі ол өзінің әр әрекетіне жауап бере алатындай жауапкершілікпен жасайды және әр ісіне жауапкершілікпен қарайтын адал қарайтын адамның берер несібесі молынан болады. Демек, іске адал қарау дегеніміздің өзі – өз арына кір келмейтіндей етіп орындауды білдіреді. Ендеше ар-ождан адамның ең биік тұғыры деп білемін. Әрі намысын ту еткен жан ешқашан әділетсіздікке жол бермейді. Адалдық – ауызбен орақ ору емес, іспен дәлелденетін қасиет.

Адал азамат еш бетпердесіз өзін де өзгені де алдамай, баршаға құрмет пен ізет білдіруші деп білемін. Адал азамат – ол әрқашан өзінің сөзіне берік, ісіне ұқыпты және жүрегінде таза ниеті бар адам. Мұндай адам өз пайдасынан бұрын, ел мүддесін ойлайды, қиын сәттерде шындықты айта алады, әділетсіздікке қарсы тұра алады.

Сондықтан қоғамда адал азаматтар көп болса ғана, мемлекет дамып, гүлденеді. Шыншылдық пен адалдық қағидаларын ұстанған халық қана көш басында болмақ. Сол себепті Қазақстанның болашағы мен тізгіні – адал азаматтардың қолында деп білемін.

Мен адалдықты ұстанып, елімнің көркеюіне үлес қосқым келеді. Өйткені Отанға адал қызмет ету – нағыз азаматтың асыл борышы! Адалдық – үйде де, мектепте де, қоғамда да қажет қасиет. Дәрігер адал болса, адам өмірі сақталады, мұғалім адал болса, білім саласы дамиды, басшы адал болса, қоғам өркендейді. Ендеше барлығымыз бір мақсатты ортақ етіп, болашаққа қосқан үлесіміз ретінде адал болудан бастасақ, Отырарды алты ай бойы ала алмаған, аты аңызға айналған Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай айтқандай: «Егер бүкпей баяндасам, шындықты, Рухы – өр, Тәні – бекем, бұл бір қайсар халық екен, Тірліктен де артық қойған бірлікті», деген Мұхтар Шаханов атамыздың дастанындағы ата-

бабаларымыздың рухын қадірлеп, өткеннің аманатын болашаққа сабақтау үшін бәріміз жұдырықтай жиналып, адалдықты ту етейік, ағайын!

Жеңіс Жансая

№99 орта мектебі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы әрбір азаматтың ішкі мәдениеті мен адами қасиеттеріне байланысты. Соның ішінде ең маңыздылығы – адалдық. Адалдық – адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы, сөз бен істің бірлігі, шынайы жауапкершілік. Адал азамат – тек өзінің емес, тұтас ұлттың болашағына жауапты тұлға. Ол ел мүддесін бәрінен жоғары қоя отырып, мемлекет іргесінің берік қалануына үлес қосатын сенімді тұлға бола алады.

Адалдық – адам өмірінің барлық саласында қажет басты қасиет. Ол тек заң мен ережеге бағынумен шектелмейді, ол – ар-ожданға, адамгершілікке, әділетке сүйенетін өмірлік ұстаным.

Адал азамат әрдайым өз пайдасынан бұрын ел игілігін ойлайды. Қазақ халқы ежелден-ақ адалдықты жоғары бағалаған. «Адалдық – ардың ісі», «Тура биде туған жоқ» деген қанатты сөздер – соның дәлелі. Ата-бабаларымыз үшін адал болу – намысты сақтау, ұрпаққа үлгі көрсету, елдің бірлігін сақтау дегенмен тең болған.

Адалдықпен өмір сүрген адам айналасына сенім ұялатады, қоғамда әділет пен сыйластық орнатуына ықпал етеді.

Бүгінгі заманда ғылым мен техника дамығанмен, адами құндылықтар құнсызданбауы тиіс. Қазақстанның болашағы – тек білімді, қабілетті ғана емес, сондай-ақ жүрегі таза, еліне адал ұрпақтың қолында. Сол себепті адалдық – тек жеке қасиет емес, ұлттық тәрбие өзегіне айналуы тиіс. Әр бала кішкентай кезінен адалдыққа тәрбиеленсе, қоғамда жемқорлық, әділетсіздік, өтірік секілді мәселелердің тамырына балта шабылады. Себебі адал ұрпақ – саналы ұлттың негізі.

Ойымды қорытындылай келе, адал азамат – елдің рухани тірегі, қоғамның әділетті болашағының кепілі дегім келеді. Оның адалдығы – сенім мен тұрақтылықтың негізі. Егер әр адам өз ісіне адал, тиянақты болса, мемлекет те мызғымас құндылықтарға сүйенеді.

Адалдық – тек жеке қасиет емес, тұтас ұлттың өркениеттік айнасы. Адалдықпен өмір сүрген халықтың болашағы жарқын, келешегі кемел болмақ.

Нсанбаева Малика

№ 99 орта мектебі, 11 «В» сынып оқушысы

В сердце каждого государства живет идея, способная направлять общество к светлому будущему. В Казахстане такой идеей становится честность, не как

сухое понятие, а как внутренняя сила, объединяющая людей, укрепляющая доверие и создающая фундамент для развития.

В казахской культуре всегда высоко ценились такие качества, как справедливость, достоинство и честь. Эти ценности передавались от поколения к поколению, пронизывали отношения между людьми и властью, укрепляли родственные и общественные связи. Быть честным гражданином - это значит выбрать уважение вместо равнодушия, искренность вместо выгоды, долгосрочное благо страны вместо временной личной. Это проявление зрелости и любви к Родине. Честность проявляется в простых, но значимых действиях: когда студент сдает экзамен своими силами; когда предприниматель ведет дела прозрачно, потому что знает, что доверие важнее всего; когда прохожий помогает незнакомцу, ведь это по - человечески правильно. Честный гражданин - это человек, который задает тон. Его поведение вдохновляет. Такие люди становятся незаметными героями повседневности, именно на них держится стабильность и благополучие всех и всего. И в Казахстане - это не просто тот, кто следует закону, а тот, кто, во-первых, ощущает свою ответственность перед историей и своими предками. Во-вторых, понимает, что его личный выбор и действия влияют на страну и общество в целом. Задача честного гражданина Казахстана не в том, чтобы ждать перемен, а в том, чтобы быть частью этих перемен. Именно тогда, когда честность будет не просто цениться, а станет основной движущей силой всех процессов - от бизнеса до политики, от науки до культуры, мы сможем раскрыть весь потенциал нации и построить свободное государство.

Мұратхан Қарақат

№100 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы, өзінің өмірге деген шынайы көзқарасының көрінісі. Бұл қасиет адамның моральдық тұрғыдан жетілуіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына маңызды рөл атқарады. Адалдық адамның рухани және адамгершілік деңгейін көрсететін қасиет болса, оның қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді. Солардың ішінде ең бастысы – ар-ұждан мен намыс. Бұл екі құндылық адалдықты дамытуға тікелей ықпал етіп, адамның өмірлік ұстанымына, моральдық стандартына негіз болады.

Ар-ұждан – адамның өз іс-әрекетіне және шешімдеріне жауапкершілікпен қарауы. Әр адам ар алдындағы жауапкершілігін сезінуі тиіс, себебі ар-ұждан адамды адалдыққа, шыншылдыққа, әділдікке жетелейді. Арлы адам ешқашан өтірік айтпайды, жалғандыққа жол бермейді, өйткені ол өз ар-намысын қорғауға тырысады. Оның өмірі адалдықпен ұштасып, ол әрдайым шындықты айтады, әрі ол қандай да бір қадам жасамас бұрын ішкі дауысына құлақ асып, дұрыс жолды таңдайды.

Ал намыс – адамның өзінің қадір-қасиетіне, абыройына деген ішкі құрметі мен сезімі. Намыс адамды өз ар-ұжданымен үйлесімде өмір сүруге итермелейді. Намыссыз адам өзінің жауапкершілігін сезінбейді, ол қоғам алдында абыройын сақтауды мақсат етпейді. Намысты адам өз әрекеттеріне өте мұқият қарайды, ол ешқашан өз қадір-қасиетін түсіріп алудан қорқады. Ол өмірде әділ болуға, қоғамның заңдарына бағынуға тырысады, себебі ол өз ар-намысын жоғары бағалайды.

Қорытындылай келе, ар-ұждан мен намыс адалдықтың басты қозғаушы күштері болып табылады. Адамның бойында ар мен намыс болғанда ғана ол шыншыл, адал бола алады. Ар-ұждан мен намыс – адамның ішкі күштері, олар адалдықтың басты негізі. Арлы, намысты адам ешқашан жамандыққа бармайды, ол өз ісінде әрдайым әділдік пен шындықты ту етеді. Сол себепті адалдықты ұстану үшін адамның бойында ар-ұждан мен намыс болуы қажет. Бұл құндылықтар адамның моральдық және рухани дінгегі болып табылады, және олар өмір жолында адал болуға жетелейді.

Дүйсен Бекзада

№100 орта мектебі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Величие нации определяется не числом богатств или высотой зданий, а честностью её граждан. В мире, где ложь нередко становится нормой, честность - свет маяка в бурю. Для меня честный гражданин - это не просто человек, говорящий правду. Это тот, кто живёт по совести, кто не предаёт ни себя, ни других, кто держит слово, даже если никто не видит.

Честность - это фундамент, на котором строится доверие между людьми и государством. Без неё рушится всё: дружба, любовь, справедливость. Честный гражданин не пойдёт на подлость ради выгоды, он тот, кто в любой ситуации остаётся человеком. Как говорил Абылай хан: «Адалдық байлығың» и с этим невозможно не согласиться.

Честность влияет на развитие общества, как чистая вода влияет на рост дерева: незаметно, но жизненно необходимо. Где есть честные люди, там меньше коррупции, больше справедливости и уверенности в завтрашнем дне. Честный человек не может быть безнравственным. Его ар-ұждан (совесть) и намыс (честь) не позволят поступиться принципами. Именно эти качества охраняют его душу от падения, как невидимые стражи.

Честь - это не то, что можно надеть, как костюм. Это внутренний стержень, который держит человека в мире соблазнов. А совесть тихий голос, который говорит, где правда, а где ложь, даже когда все вокруг молчат.

Честный гражданин - не тот, кто никогда не ошибается, а тот, кто не предаёт истину даже в мелочах. Его сила - в внутренней чистоте, а не в громких поступках. Он - словно свет в окне, к которому тянутся в темноте. Сегодня, когда правду порой прячут за маской, честный человек становится настоящим героем

времени. Пусть нас не пугают трудности, ведь именно через честность рождаются уважение, доверие и единство. И если каждый из нас будет хранить свою совесть, как драгоценность, - тогда и общество станет чище, добрее и справедливее.

Пусть честность будет не исключением, а правилом. Не громким лозунгом, а образом жизни.

Жұмаш Айғаным

№100 орта мектебі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Закон и порядок - это фундамент, на котором строится устойчивое и справедливое общество. Без них невозможно развитие государства, защита прав граждан и обеспечение безопасности. Для поддержания порядка необходима системная работа на всех уровнях: от государственных институтов до каждого отдельного человека.

Прежде всего, важна четкая и справедливая законодательная база. Законы должны быть понятны, адекватны реалиям и не допускать двойного толкования. Но даже самые совершенные законы бессильны без их соблюдения и контроля. Именно здесь ключевую роль играют правоохранительные органы. Они обеспечивают исполнение законов, защищают граждан от преступности и содействуют правосудию. Более того, эффективная работа полиции, прокураторы и судов способствует укреплению доверия к государству и создает условия для экономического и социального роста. Люди начинают чувствовать себя защищенным, бизнес развивается, а общество становится более сплоченным.

Однако обеспечение порядка - задача не только властей, но и каждого гражданина. Каждый из нас может внести вклад в установление общественного порядка. Это начинается с соблюдения закона: не нарушать правил дорожного движения, не допускать агрессии, уважать других людей. Но на этом ответственность не заканчивается. Важно быть социально активным - участвовать в волонтерских инициативах, поддерживать правопорядок в своем районе, сообщать о правонарушениях. Кроме того, важно формировать культуру законопослушания среди молодежи - словом, примером, участием в образовательных проектах.

Таким образом, закон и порядок - это не только ответственность государственных органов, но и результат общей работы всего общества. Только при активной гражданской позиции и эффективной системе правосудия возможно построить справедливое и безопасное будущее.

Біғалиұлы Абылай

№ 101 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Қоғамның тірегі - адал азамат. Адам бойындағы адалдық қасиеті - оның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен тәрбиесінің көрсеткіші. «Адалдық- ардың ісі» деген қазақ халқы. Ежелден бері адамгершілік пен әділеттілікті бірінші орынға қойған. Адалдық- ол тек бір ғана адамның қасиеті емес, тұтас қоғамның дамуы үшін маңызды қағида.

Мен үшін адал азамат- уәдесіне берік, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, өз ұлтына, еліне, отанына адал қызмет ететін адам. Мұндай азамат өз пайдасынан гөрі, ел мүддесін жоғары қояды. Халық даналығында «Адалдық жүрген жерде адамдық тұрады» дейді. Мысалы, батыр Бауыржан Момышұлы майдан даласында да, бейбіт өмірде де шындық пен әділдікті ту етіп көтеріп халқының сеніміне лайық болды. Оның «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзі - адал қызметтің айғағы.

Мен өз Отаныма адал қызмет еткім келеді. Мен үшін Отан - бұл менің елім, жерім, халқым тарихым мен тілім. Бала кезден елін сүйген, тілін сүйген, жерін қадірлеген адам ертең адал азамат болып өседі. Қазіргі менің достарым көбі шет елге кетуді армандайды, бірақ менің арманым - өз елімде білім алып, туған жерімде қызмет ету. Қазақ елінің болашағы - біздер. Егер біз елден кетсек, онда кім дамытады? Шет ел қызық болуы мүмкін, бірақ өз үйіңе жететін жер жоқ. Қайда барсаң да, туған жеріңнің бір уыс топырағы - алтынмен тең.

Әр азамат өз ісін адал атқарса, ел де дамиды, сенімі де нығаяды. Осы орайда өзім білім алып жүрген «№101 орта мектептің» көш басшы ұстазы ретінде - Нұрбек Ерікұлын айтар едім. Ол ешқашан жұмысына кешікпейді, оқушыларды білімді және адал болуға тәрбиелейді, мектептегі барлық тәрбиелік іс шараларды ұйымдастырады. Сондықтан да Нұрбек Ерікұлы - мен үшін нағыз адал азаматтың үлгісі. Мен ағайды өзіме үлгі тұтамын.

Қорытындылай келе, адал азамат - ел болашағының кепілі. Мен де болашақта өз еліме адал қызмет етіп, ар - ұжданымды таза сақтағым келеді. «Адал жол- алыс болса да, адастырмайды» - бұл менің өмірлік ұстанымым

Жидебай Айзада

№ 101 орта мектебі, 11 «А» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы кіршіксіз ең құнды қасиеттердің бірі. Кейбіреуінің бойынан табылса, ал енді бірінің болмысында кездесе бермейді. Расында адамилықты ұштастырып, адалдыққа жету өте қиын іс. Тіпті, заман талабына сай адалдықтың сәні кетіп бара жатқандай...

Адалдық қазіргі қоғамға қажет пе?! Қоғамның дамуына адалдықтың тигізер пайдасы қандай? Осы сұрақтар төңірегі мен біраз алаңдатты.

Әуелден, адалдықтың қазіргі мінсіз қоғамдағы орнына көңіл бөлгім келеді. Айна мен келісудің заманында адалдықты ұмытып мақұрым қалатынымыз жасырын емес. Тек өзінің істейтін, жасағың келетін іске қол жеткізсең болғаны. |Ондағы адамдардың ойы, көзқарасы сен жайлы түсінігі мүлде

аландатпайды. Осы тұста ойлап қарасақ, тап осы қарқынмен өрби түссек болашақта келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай заман мен қоғамды қалдыра аламыз ба?!

Екіншіден, жалпы «Адал азамат» түсінігі терең қамтылған. Ол өмір сүру қалпына, әдеттеріне, сөзіне байланысты болып келеді. Тек шындықты айту, біреудің ақысын жемеу сынды өзекті факторлардан бөлек, отбасында, жұмысында адамдық қасиетін ұстана білетін жан. «Өтірік- өрге баспайды» сөзінің түп темірқазығы осы адалдықтан бастау алады. Адалдық бойында бар адам қоғамға басқаша көзқараспен, жылулықпен қарайды. Бәлкім, содан болар теңдессіз адамдардың бұл қоғамда дәрежесінің төмендігі байқалады.

Үшіншіден, адал азаматтардың бұл қоғамда алар орны айрықша деуге келмейді. Себебі жаныңдағыларға жалғыздықпен қараған әрбір адамды елеспескеру - бұл қоғам үшін қиын іс. Қатыгез қоғамның құрбанына айналмас үшін адамдардың адамдықтан пенде болатыны кездеседі. Осы кезде туған жерін, елін, тасын ойлап, барынша адал болған бірнеше халық жанашырларын білеміз. Алайда, сұрықсыз қоғамнан жылулық көре алды ма?! Лаулаған оттың шоғы басылды да қалды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні адам бойындағы ерекше, табылмас қасиеттердің бірі - адалдық. Біреуде бар, біреуде жоқ қасиет. Адалдық жүрегіне ұялаған адамның өзі де, сөзі де ерекше болатыны сөзсіз. Тек өзгені арашалайын деп өзі жем болмас үшін мейілінше басылуы қажет. Себебі адалдық - түбі жақсылыққа апаратын игі бастау.

Туранов Даурен

№ 101 орта мектебі, 10 «Д» сынып оқушысы

В современном обществе особенно важно оставаться честным и справедливым гражданином. «Адал азамат» – это не просто выражение, а нравственный ориентир, к которому должен стремиться каждый. Особенно в Казахстане, где традиции уважения, справедливости и честности занимают особое место в культуре.

Для меня «Адал азамат» - это человек, который не обманывает, не предает, не стремится к выгоде любой ценой. Он поступает по совести, даже если это сложно. Такой человек ответственен за свои слова и действия. Он помогает другим, не ожидая вознаграждения, и всегда остается верным своим принципам.

Я считаю, что «Адал азамат» формируется с детства. Родители, школа, общество – все они играют важную роль. Например, когда ученик не списывает на контрольной, хотя мог бы – это уже проявление честности. Или когда он признает свою ошибку, не пытаясь переложить вину на другого – это тоже признак настоящего гражданина.

История Казахстана знает множество примеров адал азаматтар. Абылай хан, Алихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов – все они служили народу честно и самоотверженно. Их поступки вдохновляют новое поколение. Сегодня

Казахстану нужны такие же преданные и честные люди, особенно среди молодежи. Ведь будущее страны зависит от нас – школьников, студентов, молодых специалистов.

Быть адал – значит быть сильным. Не всегда легко сказать правду, отказаться от обмана или помочь нуждающемуся. Но именно в таких поступках и проявляется сила настоящего гражданина. «Адал азамат» - это тот, на кого можно положиться, кто живет не только для себя, но и для общества.

Я стремлюсь стать именно таким человеком. Пусть это будет нелегко, но я верю, что честность и добросовестность всегда приводят к уважению, доверию и настоящему успеху.

К примеру, я участвовал в соревнованиях по начальной военной подготовке, чтобы это пригодилось в будущем для службы Родине, так как она дала мне возможность жить свободно, учиться в школе. Школа открыла для меня двери в мое успешное будущее, поэтому я с начальной школы стараюсь получать знания и расширять свой кругозор, чтобы принести пользу своей стране. Я всегда стараюсь следовать словам Джона Кеннеди: «Не спрашивай, что твоя страна может сделать для тебя. Спроси себя, что ты можешь сделать для неё». И я делаю все возможное для того, чтобы Родина гордилась мной.

Есмуханова Әмина

№102 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық. Бұл сөз – қанша ғасырлар мен заманалар өтсе де, өз құндылығын жоғалтпаған, әр адамның бойында қалыптасу қажет ерекше ұғым. Қазіргі қоғамның негізгі кепілі – адалдық.

Адалдық – адам жанының ең биік қасиеті. Ал адал азамат – осы қасиетті өмірінің мәніне айналдырған тұлға. Ол өз ісінде де, сөзінде де шындықты ту етіп ұстайды. Мен үшін адал азамат – ар-ожданы таза, ұяты мен намысы жоғары, елге пайдасын тигізуді мақсат еткен жан. Менің ойымша, «адал азамат» деген – ең алдымен, өзіне адал бола алатын адам. Одан кейін өз отбасына, достарына, айналысына адал адам. Бойына һакім Абай айтып кеткен «Толық адам» концепциясын қалыптастыра білген азамат. Қазақтың ұлы даласы осындай адал азаматтарды әрдайым ардақтаған. Төле би, Абай, Әлихан Бөкейхан сынды тұлғалар – адалдықтың символына айналған есімдер. Олар халқы үшін тер төгіп, шындық пен әділет жолында күресті. Солардың ізімен жүрген әрбір жас та адалдықты мұрат тұтса, ел іргесі бекем болары анық.

Адал адамды алыстан танысың. Оның көзі мейірімді, сөзі нық, жүрісі сенімді. Ол екіжүзділік пен алдауға қарсы, әділетсіздікке төзе алмайды. Мұндай азамат заңға ғана емес, ең алдымен, жүрегінің үніне құлақ асады. Ол шындық үшін күресуден қорықпайды, өйткені оның ұстанымы «Арым – жанымның айнасы». Адал азамат – ел тірегі. Абайдың «Адам болам десеңіз...» деген өсиетін жадында ұстаған, халқының болашағы үшін тер төгетін тұлға. Ол – ұстаз

да, жұмысшы да, әкім де бола алады. Қызметі қандай болса да, адалдық оны биікке көтереді.

Адал азамат болу – ең үлкен ерлік. Ол үшін байлық та, атақ та керек емес, тек жүректегі тазалық пен ниет керек. Өмір өтеді, бірақ адалдықпен өткен өмір ғана мәңгі есте қалады. Сондықтан мен үшін адал азамат – адам деген атқа лайық шыншыл, әділетті, парасатты жан.

Нургазиева Асира

№104 орта мектебі, 11 «А» сынып оқушысы

Адал азамат - елінің болашағына бей - жай қарамайтын, шыншыл, жауапкершілігі мол тұлға. Ал қоғамның дамуы тек экономикалық жетістікпен емес, ең алдымен адамдар арасындағы сенім мен әділдікке негізделеді.

Менің ойымша, адалдық әр адамның ішкі тазалығы мен рухани беріктігінің көрінісі. Егер әр азамат өз ісіне адал болса, қоғамда жемқорлық пен әділетсіздік азаяды. Өкінішке орай, қазіргі заманда басшылықта, тіпті басқа халықта да әділетсіздік жиі кездеседі. Көбісі жеке пайдасын ойлап, халықтың сенімін жоғалтып жатыр. Дегенмен, тарихымызда адал басшылар да болған. Олар қиын кезеңдерде халықты біріктіріп, елге шын жанашыр болды. Осындай жандардың арқасында ел еңсесін тіктеді.

Қорытындылай келе, адалдық - тек адам бойындағы қасиет емес, тұтас қоғамның болашағын айқындайтын күш. Адалдық салтанат құрған жерде әділет орнайды, ал әділет бар жерде даму мен тұрақтылық болады.

Есім Әлиза

№104 орта мектебі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Әр адамның бойындағы ең асыл қасиеттерінің бірі - адалдық. Мен үшін «адал азамат» дегеніміз-шыншыл, әділетті, жауапкершілікті сезіне білетін және қоғам игілігі үшін адал еңбек ететін адам. Мұндай азамат өз әрекеттерімен өзгелерге үлгі болып, айналасында сенім мен сыйластық орнатады.

Қоғамның дамуы әрбір адамның ішкі дүниесіне, оның ар - ожданы мен ұстанымдарына тікелей байланысты. Адалдық - қоғамдағы әділдік пен тұрақтылықтың негізі. Егер адамдар өз міндеттерін адал атқарса, жемқорлық, алаяқтық, сенімсіздік сияқты теріс құбылыстар азаяды.

Ар-ождан мен намыс-адам бойындағы ішкі бақылау мен тәртіптің шекарасы. Адал адам әрқашан ар - намысы алдында таза болуға тырысады. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қандай жағдай болса да шындықтан таймайды. Намыс та адалдықпен тығыз байланысты. Намысты азамат ешқашан өтірікке жол бермейді, себебі ол өзінің абыройын биік қояды.

Наумова Виолетта

№ 104 орта мектебі, 11 «Б» сынып оқушысы

Честный гражданин – это человек, который живет по совести, уважает законы своей страны и проявляет ответственность перед обществом. Честность – одна из важнейших нравственных ценностей, на которой строится доверие между людьми и стабильность в государстве.

Честный гражданин не обманывает, не берет чужое, не нарушает правила – ни в быту, ни в профессиональной сфере. Он поступает правильно даже тогда, когда никто не видит. Такие люди становятся примером для окружающих и способствует формированию здорового общества.

Быть честным – значит заботиться не только о себе, но и о других: не мусорить, платить налоги, помогать тем, кто нуждается. Это проявление гражданской зрелости. Даже в мелочах – уступить место в транспорте, переходить дорогу на красный – проявляется личная честность.

Честный гражданин нужен каждому обществу, именно такие люди формируют сильное, справедливое и уважаемое государство. Начинать стоит с себя: быть честным в словах, поступках и отношении к другим.

Фраза «честный гражданин» обычно используется для описания человека, который:

- соблюдает законы и правила;
- поступает справедливо и этично;
- проявляет ответственность перед обществом и государством;
- не участвует в коррупции, мошенничестве или других противоправных действиях;
- честен не только по отношению к другим людям, но и к самому себе.

Иванищева Варвара

№ 106 орта мектебі, 10 «Г» сынып оқушысы

Честность – это то, что отличает человека сильного от человека слабого. Тому есть множество примеров в литературе, кинематографии и, конечно же, в жизни. Ложь всегда рано или поздно подвергается обнаружению и редко заканчивается чем-то хорошим для того, кто к ней прибегает.

Честный гражданин – это не просто человек, который не пытается обмануть закон, а тот, кто ответственен в своих решениях и в повседневной жизни, и в работе, и в деле, и в словах, которые говорит окружающим и самому себе. Искренность в отношениях с самим собой не менее важна, чем искренность в отношениях с кем-либо другим, ведь именно из неё рождается понятие честности и справедливости, уважение к людям, закону. Готовность ответить за поступок – ценный навык. Может показаться, что это сложно и может принести больше проблем, чем пользы. Но чистая совесть вызовет гораздо большее удовлетворение, чем страх быть раскрытым. Всякий человек несёт за спиной

собственный грех: большой или маленький. Людей, не совершающих ошибок, не бывает. Честного гражданина от нечестного в такой ситуации отличает способность собрать волю в кулак и признать содеянное, приложить все усилия, чтобы исправить ситуацию. Кому - то такое решение может показаться наивным и детским, но часто в погоне за местом под солнцем в жизни взрослые забывают о том, как бывают полезны юный взгляд и позиция даже в сложных вопросах. Порой самое простое решение оказывается лучшим. И решение быть честным - отличное тому доказательство.

Каждый сталкивается на своём жизненном пути с рядом трудностей, из-за которых мир вокруг может показаться страшным, а не самые правильные поступки могут начать вызывать большие соблазны. В такие моменты важно остановиться и вспомнить: «А таким ли человеком хотел быть маленький я?». И тогда придёт честность, и тогда придёт решимость, и можно будет гордо сказать: «Я не подвёл себя. Я не подвёл другого. Я - честный гражданин». И в эту истину я глубоко верю.

Джумагалиева Малика

№ 106 орта мпектебі, 10 «В» сынып оқушысы

Честность и порядочность - это основа нравственного поведения человека. Честность проявляется в нравственности, открытости, готовности действовать по совести, даже если это невыгодно.

Порядочность – это более широкое понятие, включающее следование моральным принципам, уважения к другим и ответственность за свои поступки.

Вместе они формируют основу гражданской зрелости и социальной гармонии.

Формирование честности начинается с раннего возраста особенно в школе. Академическая честность – отказ от списывания и плагиата и обмана – учат уважать чужой труд, развивает внутреннюю дисциплину и справедливость. Ученик, привыкший добиваться результатов своими силами, с большей вероятностью вырастет ответственным и честным гражданином.

Честность – основа для доверительных отношений в обществе. Когда человек говорит правду, не обманывает, не лицемерит, он вызывает уважение и доверие. Такие отношения способствуют здоровой коммуникации и укрепляют социальные связи в обществе, где люди честны друг с другом, снижается уровень конфликтов возрастает чувство безопасности и сплоченности.

Кроме того, честность граждан играет ключевую роль в поддержании законности, когда большинство людей соблюдают правила не из страха перед наказанием, а из внутреннего убеждения, законы работают эффективнее. Честные граждане платят налоги, не совершают преступлений, сотрудничают с органами власти и тем самым способствуют укреплению правопорядка.

Таким образом, честность и порядочность - это не только личные добродетели, но и важнейшие качества гражданина. Они закладываются в детстве, развиваются через взаимодействие с окружающими и служат основой сильного, справедливого государства.

Жумабекова Мадина

№ 106 орта мектебі, 10 «В» сынып оқушысы

Честный гражданин - основа здорового и справедливого общества.

Этот понятие выходит за рамки простого соблюдения закона – он отражает стремление к этичному поведению, гражданской ответственности и уважению к праву. Честный гражданин не только избегает нарушений, но и активно участвует в создании справедливого сообщества. Он платит налоги, уважает права других, участвует в выборах и вносит позитивный вклад в общественную жизнь. Он также не боится сообщать о правонарушениях и придерживается высоких моральных стандартов.

В обществе, где мы сталкиваемся с коррупцией, с несправедливостью, честные граждане особенно важны. Они выступают моральным ориентиром и источником перемен.

Их действия вдохновляют других, формируя культуру ответственности и доверия. Чем больше граждан живёт по принципам честности, тем устойчивее становится общество.

Идеал честного гражданина поддерживается исследованиями в области гражданского участия, антикоррупционных инициатив и социологии доверия. Эти материалы показывают, что активное и ответственное участие граждан, напрямую связано с благополучием общества.

Примеры такого поведения можно найти академических статьях, государственных отчётах и публикациях аналитических центров.

Қарабасова Айзат

№ 107 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адал азамат – бұл өз ісіне, еліне қоғамына шын берілген, жауапкершілігі жоғары, әділ шыншыл тұлға. Мен үшін адал азамат - уәдесінде тұратын, өтіріктен аулақ, ешкімге ешкімге зиян келтірмей, ар - ұжданы мен ұятына сай өмір сүретін адам. Ол қандай жағдай болмасын шындықты айтады, өз әрекеттері үшін жауап бере алады және әділетсіздікке қарсы тұрады.

Адал адам – айналасына сенім ұялата алатын тұлға, қоғамдағы ең қажетті қасиеттердің бірі – сенімділік пен жауапкершілікті сақтайды. Осындай адамдар елдің дамуына үлкен үлес қосады, өйткені олардың істері қоғамның тұрақтылығы мен сенімділігін арттырады. Қоғамның дамуы адалдықпен тығыз байланысты. Егер әрбір адам өз қызметіне адалдықпен қараса, қоғамда тәртіп,

әділдікпен сенім орнайды. Мемлекетке заңға және адамдарға деген сенім артса, ел ішінде бірлік пен тұрақтылық нығаяды. Адал азаматтар көбейген сайын, мемлекет өркендей түседі. Мысалы мұғалімнің адалдығы білім сапасын арттырса, дәрігердің адалдығы адам өмірін сақтайды. Кәсіпкерлердің адалдығы әділ экономиканың дамуына септігін тигізеді. Сондай ақ, полиция қызметкерлерінің адалдығы құқық тәртібін сақтауға көмектеседі. Осылайша, әрбір саланың дамуына адалдық тікелей байланысты. Ар – ұждан мен намыс адамдардың рухани тіректері.

Ар – ұжданы таза адам өтірікке бармайды адал жолдан таймайды. Ал, намысты азамат өзінің және өзгелердің қадір қасиетін қорғауға ұмтылады. Намыспен ар – ұждан азаматты рухани биікке көтеріп, оның өмірлік ұстанымдарының негізі болады.

Адалдықты сақтаған адам ғана қоғамда сенімге ие болып басқаларға үлгі бола алады. Адал азамат - ұлттың болашағын жарқын ететін, қоғамға шынайы пайда әкелетін тұлға. Әркім өзінен бастап адал болса, қоғамда көркейеді, елде тыныштық пен гүлденуге жетеді.

Сондықтан әр адам өзінің ар – ұжданы мен намысын құрметтеп адалдықты өмірінің басты ұстанымы етуі қажет.

Амангелді Әдемі

№107 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық - адамгершіліктің, имандылықтың, ар - ожданның негізі. Қай қоғамдада адал азаматтар қадірлі құрметті болған. Өйткені олар шындықты ту етіп ұстап, әділдік пен жауапкершілік жолында жүреді. Адал адам - елінің тірегі. Ал, мен үшін «Адал азамат болу»-тек өтірік айтпау ғана емес. Бұл аманатқа қиянат жасамау, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, әрқашан әділетті болу. Мұндай адам айналасына сенім ұялатады, қоғамда тұрақтылық пен сенім орнатуға үлес қосады.

Ар - ұжданы таза адам ешқашан өтірік айтпайды, қиянат жасамайды, себебі оның ішкі дүниесі оған жол бермейді. Ар алдында таза болу - өзіне деген құрмет, өз ұстанымдарына адал болу. Ал намысты адам әрқашан әділеттік үшін күреседі. Ол өз абыройын таптатпайды, туған елі мен отбасына кір келтірмеуге тырысады. Мысалы: намысты жауынгер елі үшін жанын береді, адал қызмет етеді. Ар-ұжданы бірлік пен ынтымақты, биік ұстаз өз шәкірттерін әділ бағалап, шын білім береді. Осындай адамдар арқылы қоғам алға жылжиды, әділдік пен сенім артады.

Қорытындылай кел, адал азамат болу әр - адамның парызы. Сондықтан біз, жас ұрпақ адалдықты ту етіп, еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етуіміз керек.

Тоқтарова Аяжан

№ 107 орта мектебі, 9 «А» сынып оқушысы

Адалдық - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Қай қоғамда болмасын, адал адам әрқашан құрметке ие болған. Қазақ халқы да ерте заманнан бері адалдықты ерекше бағалаған. Адал азамат болу - тек шыншыл болу ғана емес, елге, жерге, Отанға деген адалдықты білдіреді. Бұл - ұлттық құндылықтарымыздың бірі, халқымыздың ұрпағына аманат еткен рухани мұрасы.

Ата - бабаларымыз «Адалдық жүрген жерде амандық жүреді» деп бекер айтпаған. Мысалы, қазақтың батырлары мен билері ел намысы үшін жанын берген. Олар ешқашан сатқындық жасамаған, елге, жұртқа адал қызмет еткен. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды дана тұлғалар әділдігімен, адалдығымен ел есінде қалды. Олар үшін халық мүддесі - бәрінен биік болды.

Бүгінгі күнде де нағыз адал азамат болу - үлкен жауапкершілік. Ол - отбасына, достарына, мектебіне, туған еліне адал болу деген сөз. Мектеп оқушысы үшін адалдық - сабағына жауапкершілікпен қарап, шындықты айту, өз ісіне тиянақты болу. Ал ертең өскенде, әркім өз саласында адал еңбек етсе, еліміз де көркейе түсері анық.

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі - еңбекқорлық. Адал азамат еңбекқор келеді. Ол ешкімнің ала жібін аттамай, өз еңбегімен жетістікке жетеді. Осындай азаматтар елдің тірегі болмақ.

Қорыта айтқанда, адалдық - ұлттың жаны. Әр адам адал болуға ұмтылса, қоғамымыз да әділ әрі мейірімді болар еді. Мен болашақта елімнің адал азаматы болып, халқымның сенімін ақтағым келеді.

Арынов Асанали

№111 орта мектебі, 10 «Ә» сынып оқушысы

Адалдық деген не? Кім оның байыбына барды? Сұрақ көп, алайда жауабы да табылатыны анық. Бауыржан Момышұлының «Адал болмай азаматпын демегін...» сөзінің астарында үлкен мағына жатыр. Ол - оқиғалар мен ережелердің нәтижесінен пайда болған ұғым.

Кез - келген қоғамның немесе дамыған елдің әлеуметтік құрылымына қатысты тұтастық кез-келген ұлттың әлеуметтік динамикасын қалыптастыруға көмектеседі. Тұтастық құндылық ретінде адалдыққа, сондай-ақ белгілі бір қауымдастық құндылығының маңыздылығын қалпына келтіруге көмектесетін тарихи дұрыстыққа мүмкіндік береді. Осы эссе қоғамның дамуындағы адалдықтың әсерін және оның өркениеттің дамуындағы маңызды рөлін қамтиды.

Адалдық кез келген әлеуметтік орта үшін маңызды сенім мен қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектеседі. Егер белгілі бір адам немесе топ қоғамда адалдықты ұстанатын болса, онда бұл жұмыс орнындағы өнімді бірлестіктермен қатар адамдардың жеке деңгейде көбірек қатысуына әкеледі. Бұл әлеуметтік тұрғыдан тиімді екенін дәлелдейді, өйткені адамдар проблемаларды бір - бірінің сөзі мен ісіне тәуелді бола алатындығына деген сенім мен сенімнің жоғары деңгейімен шешуге тырысады.

Мысалы, адалдық бизнестің тұрақты жұмыс істеуіне көмектеседі, өйткені этикалық бұзушылықтар азайып, тәжірибелер ашық бола бастайды. Сонымен қатар, адалдық жеке тұлғаның әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуіне әкеледі, өйткені барлығына бірдей қарым-қатынас жасалады, бұл әлеуметтік езгіні жеңілдетуге көмектеседі. Бұл жалпы мысалдар қоғамдағы құбылыстармен байланыс тапса, бүгін мен оқитын Астанадағы №111 орта мектебіндегі өз сыныбымда да адалдық деген ұғымның аясын тарылтатын, жауапкершілікке бой алдырмайтын қатарластарыма қайран қаламын. Бір қадамнан кейін олар маман болуға талпынатын түлектер атанады. Ертең елдің тұтқасын ұстайды. Сонда өзінің қарапайым әрекетіне адал болмаса, қалай өзгеден ақиқатты талап етеді? Күнделікті сабаққа кешігетін, себепсіз қалатын адам өзінің адалдық деген ұстанымынан ада деп есептеймін. Сол азаматтарға ұстазымның тәрбие сағатында қолданған әдіс - тәсілі мен рухани сөздері әсер еткенде, адамгершілікті адам қалыптасады деп ойлаймын.

Азаматтар заң күшінде қалып, көшбасшылар өздерінің моральдық әрекеттері үшін жауапқа тартылған кезде үкіметтің бастамаларын қолдауға дайын болады, бұл саяси бірлік пен әлеуметтік бірлікке әкеледі.

Қорытындылай келе, адамгершілік мінездің қоғамның өсуіне әсері өте маңызды. Шындық пен теңдікке негізделген қоғам үнемі әлеуметтік-экономикалық өсу мен саяси бейбітшіліктің куәсі болады. Адалдық - бұл арманнан немесе ұмтылыстан гөрі көп нәрсе; бұл кез - келген елде мемлекеттік құрылысқа деген ұмтылыстың дамуына ықпал ететін негізгі талап. Сол талап мені, сені жалпы адам баласын адами құндылықтан ажыратпай, абыройлы болуға жетелесе болғаны деп түсінемін.

Нартайқызы Нұрай

№ 111 орта мектебі, 10 «Б» сынып оқушысы

Адам баласының бойында түрлі қасиеттер болады. Олардың бірі жақсы болса, екіншісі жаман. Солардың ішіндегі асыл қасиеттердің бірі – адалдық. Қазіргі өтірік пен өзімшілдіктің заманында бұл мінезді ерекше құрметтеу керек. Өрине адам өз мүддесін ойлап, өзін бірінші орынға қойғаны орынды шығар, бірақ соның кесірінен қоғам жайлы ойлайтындардың саны азайып кетті.

Адал азамат деген кім, ол қандай болуы керек? Адалдық, шындық пен әділдік, ар - ұят пен таза ниеттің үйлесімі. Адал азаматтың бойында осы қасиеттер шоғырланған болуы тиіс. Мұндай адамдар көбінесе өз қара басының емес, қоғамның жағдайын, өз ар - ожданының таза болуын өмірлік ұстаным ретінде алады. Олар жеке пайдасынан гөрі ортақ игіліктерді жоғары қояды. Адал адам -тек шындықты айтып, заңға бағынатын адам ғана емес, сонымен қатар өз кінәсін мойындай алатын, моральдік қағидаларды ұстанатын, өз нәпсісін жеңе алатын жан. Қазіргі таңда адамдар оңай ақша табудың, біреуден пайда көрудің, қолының ұшын қимылдатпай жетістікке жетудің амалын іздеп, өзгенің еңбегін

иемденіп алуға құмар. Біреулерді осындай әрекеттен заң ғана тыйып тұрса, екіншілерді ұяты жібермейді. Адал азамат – екінші топқа жатады. Ол заңнан, жазадан емес, өз арынан қорқады. Себебі ол өзінің әрбір ісі үшін ожданының алдында жауап береді.

Адалдық – қоғамдағы сенім мен тұрақтылықтың іргетасы. Егер әр азамат өз өміріне осы қасиетті енгізе алса, әділетсіздік пен екіжүзділік азаяды. Еңбектің қадірі артып, өтірік пен көзбояушылық жоғалатын еді. Қоғамға осындай өзгерістер енгізгіміз келсе, өзгеруді өзімізден бастауымыз керек. Адам бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру оңайға түспейді, сол үшін әрекет етуді қазірден бастап, адал адамзат болуға талпынуымыз керек деп ойлаймын. Нағыз өзгеріс бір адамның шешімінен басталады. Ал ондай адамдар неғұрлым көп болса, болашақ та соғұрлым жарқын, әрі әділетті болмақ!

Ертіс Айзада

№112 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адамның жүрегіндегі ең асыл қасиет. Мен үшін «адал азамат» деген – ішкі жан дүниесімен таза, әділдік жолынан таймайтын, өз ары мен намысын бәрінен биік қоятын адам. Ондай жан өтірікке жаны қас, паракорлыққа жол бермейді, халқының қамын ойлап, елі үшін еңбек етеді.

Қоғамның дамуы да осы адал адамдарға тікелей байланысты. Егер әр адам өз ісіне адал қарап, шындықты ту етіп ұстаса, еліміз де биік белестерді бағындырары сөзсіз. «Адалдық – ардың ісі» дейді қазақ. Біреу арсыздық жасап, пара алып жатса, екінші біреу үндемей қарап тұрса – ол да адалдыққа жатпайды. Себебі үнсіздік те кейде қылмыспен тең.

Жақында сауда орталығында орындық астынан телефон тауып, жоғалған заттар бюросына тапсырдым. Жарты сағаттан соң көзі жасаураған жетінші сынып оқушысы келіп, телефонын алды. «Жаз бойы ақша жинап, сол ақшаға алған телефоным еді» деп алғыс айтып кетті. Сол сәтте адал ісін біреудің үлкен уайымын жеңілдететінін түсіндім.

Ар - ұждан мен намыс – адамның ішкі шамшырағы. Олар адалдықтың өлшемі сияқты. Ар алдында жауап бере алатын адам ғана шынайы адал. Кейде өмірде «әттеген-ай» дейтін сәттер болады – бір рет үнсіз қалдым ба, әлде шындықты айтудан қорықтым ба деп. Бірақ дәл сол сәтте ар мен ұждан оянып, жүректі тырнап өтеді. Сол үшін де адам баласы күнде таңертең ұжданымен оянып, кешке ар алдындағы есебін беріп жатса, қоғам да, адам да түзеледі. Адалдықпен өмір сүру – жеңіл жол емес, бірақ ең дұрыс жол. Себебі адалдық кешіріммен, сабырмен, әділ шешіммен астасып жатады.

Кейде айналаңда әділетсіздік көріп, үнсіз қалғың келмейді. Бірақ көпшілікпен келіспей, шындықты айтсаң – саған басқаша қарайды. Сонда да «Шындық – шыңға шығарады» дегенді ұмытпау керек. Шындықты қорғау – жүрекке салмақ салады, бірақ дәл сол жүрек тазарып, биіктейді.

Адал адам – жарығы сөнбейтін шырақ секілді. Қай жерде жүрсе де, әділдіктің алауын алып жүреді. Мен де дәл сондай шырақ болғым келеді – кішкентай болсам да, айналамды жарық қыла алатын.

Құрал Елдана

№112 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Мен үшін адал азамат - сөзі мен ісі бір жерден шығатын, шыншыл, әділ, адамгершілігі мол, халқының болашағына бейжай қарамайтын жан. Адал адам әрқашан өз жүрегінің үніне құлақ асады, өтірікке жол бермейді, тура жолдан таймайды. Қазақ халқы әрдайым адалдықты жоғары бағалаған. «Адалдық – адамдықтың белгісі» дейді дана халқымыз. Қоғамның дамуы үшін де әр азаматтың ішкі тазалығы, ар - ұяты маңызды рөл атқарады

Адал азамат – ел тірегі. Менің ағам – әскери қызметкер. Ол үшін Отан – ең қымбат құндылық. Отанды қорғау – тек міндет емес, жүрекпен сезінетін қасиетті борыш. Ол «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген қағиданы берік ұстанады. Бұл сөз оның әрбір әрекетінен көрінеді. Ағам ел тыныштығы үшін күн - түн демей еңбек етеді. Оның бойындағы ар - ұждан мен намыс – оны адал жолдан тайдырмайтын ішкі күш. Ар – адамның күзетшісі, ал намыс – оның ішкі оты. Олар бар жерде сатқындық, жалғандық болмайды.

Адалдық – қоғамның іргетасы. Егер әр адам өз ісіне адал қараса, мемлекет дамиды, ел гүлденеді. Адал адам заңды бұзбайды, шыншыл болады, ешкімге зиян келтірмейді. Қазақта: «Адалдықты ардақта, арамдықтан арыл», – деген сөз бекер айтылмаған. Адалдық жүрген жерде сенім, тыныштық, әділеттілік болады.

Қорыта айтқанда, адал азамат болу – әр адамның парызы. Адалдық – адамның көркі, қоғамның тірегі. Мен де болашақта еліне қалтқысыз қызмет ететін, жүрегі таза, адал азамат болғым келеді. Себебі елімнің болашағы – ар-ұятын биік қоятын жастардың қолында.

Фазил Мөлдір

№112 орта мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, бұл бақ пен бақыттың белгісі деп ойлаймын, ол жақсы қасиеттердің біріне адалдық кіреді. Адалдық - адам мінезіндегі бағалы қасиет. Адалдық адамдықтың белгісі. Сол себепті бұл қасиет әр адамда болуы керек.

Адалдық адамда туыла пайда болмайды, өсе келе қоғамға байланысты пайда болатын қасиет, яғни ата - ананың тәрбиесі өте маңызды болып келеді. Ата - ана кішкентайынан баласын дұрыс іс-әрекеттерге үйрете алуы қажет. Мысал ретінде Бауыржан Момышұлының «Ұшқан Ұя» шығармасында Бауыржанға әжесі айтқан «Адал бол, балам. Жаның қиналса да ардан аттама» деген сөздерін келтіре аламын, яғни бұл баланы дұрыс жолға тәрбиелеуші сөздер болып келеді.

Ал атасының «Адал адам ешкімге жалтақтамайды, себебі оның ары таза» деген өмірлік ұстанымы Бауыржан үшін үлгі болатын, ал қазір «Ұшқан ұя» шығармасының арқасында біз де біліп үлгі тұтудамыз.

Қоғамда адал адамдардың көп болуы елдің дамуына кепіл береді. «Адал ұл - елінің тірегі» деген мақал жай айтылмаған, оның түп мағынасы - еліне жеріне адал қызмет ете алатын азамат, халықтың болашағын жақсартуға кепіл болып, сенімді тірегі бола алады, сол себепті әр адамның бойында адалдық болу керек. Қоғамда адалдықтың маңызын түрлі оқиғалардан байқауға болады, мысалы жұмысшы өз міндетін дұрыс ниетпен жасай білсе «адал еңбек - алға бастар» дегендей ол үлкен жетістіктерге жетеді. Сол себепті қызметкер өз міндетін жауапкершілікпен, жақсы ниетпен орындаса ұйымда сенімділік пен сыйластық орнайды. Осыны ескере жүріп адалдық уақытша зат емес, ол өмір бойы бізбен жүретін құндылық екенін ұмытпау керек.

Қорытындылай келе, адалдық тек бізді ғана емес, елді де дамытып, гүлдендіру үшін керек құндылық. Ол өмірдің қиындықтарынан тайып қалмай, дұрыс жолмен жүруге көмектеседі. Әр адамзат адал бола білуі керек.

Даумбекова Нұрзада

Дарынды қыз балаларға арналған «Білім - Инновация» лицей-интернаты, 10 «А» сынып оқушысы

Әрбір адамның адамгершілік қасиеті қоғамның өсіп - өркендеуіне, болашағына тікелей әсер етеді. Бұл қасиеттердің ең маңыздысы – адалдық. «Адалдық ойласаң, бал жұтасың, Арамдық ойласаң, қан жұтасың» - деп Самет Оқанұлы бекер айтпаған, себебі адал жол әрқашан тыныш өмір мен абыройға жеткізеді. Адал азамат – тек заң мен тәртіпке бағынатын емес, ішкі ар-ұжданына қарсы шықпайтын, ешкімге қиянат жасамайтын, әділеттілікті ту еткен адам.

Мен үшін адал азамат – ар - ұжданын бәрінен биік қоятын, өтірік пен айлаға жаны қас, әділет жолынан таймайтын тұлға. Ондай адам тек өз өміріне емес, айналасына да оң ықпал ете алатын шынайы тұлға болып қалыптасады.

Қоғамның дамуы да дәл осындай адал жандарға тікелей байланысты. Әрбір маман өз ісіне адал болса, ел ішінде сенім күшейіп, әділет салтанат құрады. Адал мұғалім – шәкіртке өнеге, адал дәрігер – адам өмірінің сақшысы, ал адал басшы – елдің тірегі. Мұндай адамдар көп болған қоғамда жемқорлық пен әділетсіздікке орын жоқ.

Халқымызда «Адал адамның аты арып, тоны тозбас» деген дана сөз бар. Бұл – адалдықпен өмір сүрген жан рухани байлыққа кенеліп, ел сеніміне ие болады дегенді білдіреді. Адалдық адамның ар-ұжданы мен намысынан туындайды. Ар - ұжданы таза адам өтірікке жоламайды, намысты азамат ешқашан арамдыққа бас ұрмайды. Олар үшін абырой – ең қымбат құндылық.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорыта келе айтатын болсақ, адалдық – бұл тек сөз емес, өмірлік ұстаным, адамгершіліктің бастауы. Менің ойымша, әр

адам өз жүрегіне үңіліп, адалдықты басты мақсат етуі тиіс. Өйткені адал адам ғана өзіне де, өзгеге де құрметпен қарайды, қоғамға сенім мен тұрақтылық әкеледі. Егер біз әрқайсымыз адал болсақ, елімізде әділет пен татулық орнап, болашағымыз жарқын болары сөзсіз. Сондықтан адал болу – өзіміздің де, еліміздің де амандығы деп білемін.

Сатыбалды Әділ

Дарынды ер балаларға арналаған «Білім - инновация» лицей-интернаты, 10 «В» сынып оқушысы

Адалдық – ардың ісі. Адам бойындағы осы қасиет – тек жеке бастың емес, бүкіл қоғамның өсуіне ықпал ететін үлкен күш. Адалдық бар жерде әділет орнайды, сенім қалыптасады, даму жүреді.

Адал қоғам – тұрақты, тату, өркендеген қоғам. Мұндай қоғамда әр адам өз құндылығын сезініп, ортақ мақсатқа ұмтылады. Қоғамның тірегі – қарапайым еңбек етуші адам. Адал еңбек – ел болашағының іргетасы. Әрбір адал қадам – келешекке салынған берік көпір. Адал адам – өз ісіне жауапкершілікпен қарап, өзгелерге үлгі бола алады. Ол өз өмірінде жақсы мен жаманды, әділдік пен әділетсіздікті, қателік пен дұрыс әрекетті таңдай алады. Сондықтан да ол өзінің жауапкершілігін түсінген, қоршаған ортаға әсер ететін, өзіне және өзгелерге адал болуға тырысатын, рухани және моральдық тұрғыдан жетілген тұлға. Тек өзінің жеке басы мен мүддесімен шектелмей, айналасындағы адамдармен, табиғатпен және қоғаммен үйлесімділік тапқан тіршілік иесі. Осындай адамдар қоғамда көбейсе, ортада сенім мен татулық нығая түседі. Иә, кейде адал болу қиын. Айналада әділетсіздік пен жалғандық белең алған кезде шындықты ұстану – ерлікпен пара-пар. Бірақ тек шындық қана ұзақ өмір сүреді.

Сонымен, адалдық – адамның ар-намысы, ал арын сатқан адамнан дұрыс қоғам шықпайды. Адал адам – жарық шам секілді. Ол айналасын да дәл солай жарыққа бөлейді. Осындай жандар көп болса, қоғам алға басады, сенім артады, мемлекет нығаяды. Адалдық – ұлттың рухани тірегі әрі болашақтың басты кепілі.

Мақсұт Нұрмұхаммад

Дарынды ер балаларға арналаған «Білім-инновация» лицей-интернаты, 11 «В» сынып оқушысы

Адалдық – адамдар арасындағы қарым - қатынастың негізі. Мемлекет пен халық, кәсіпкерлер мен тұтынушылар, басшылық пен қызметкерлер арасындағы сенім мен әділдік артқан сайын қоғам тұрақтылығы, дамуы және ауызбіршілігі жақсарады. Адал ортада мемлекеттік, кәсіби және жалпы кез келген жүйе дұрыс, ақаусыз жұмыс жасайды деп ойлаймын.

Азаматтардың адалдығы қоғамды артқа тартатын факторларды жояды әрі дамитын, көтерілетін іргетас қалайды. Адал кісі пара алудан, әділетсіз шешім қабылдаудан, өтірік айту мен ұрлықтан бойын аулақ ұстайды. Бұл қоғамдағы әділдік деңгейін көтеріп, дамуды тежеп тұрған мәселелерді шешеді әрі заң тәртібі сақталуын қамтамасыз етеді. Мәселен, мектептерде академиялық адалдық сақталғандықтан, оқушылар емтихан кезінде көшірмей, алдын ала дайындалып, шынайы білімін көрсетеді. Нәтижесінде нағыз шебер мамандар пайда болады. Адал табыс іздеген адамның еңбегі жемісті де пайдалы. Кәсіпкерлер мен қызметкерлер әділ бәсекелестікті сақтап, экономикалық өсімді орнатады. Алдау - арбау жоқ, ашық кәсіптер, әріптестік, келісімшарттар нарықты көтеріп, мемлекетті дамытады. Сондай-ақ әділдік моральдық құндылықтарды нығайтады. Қиянатсыз пайда іздеген адам қоғам мүддесін жоғары қояды. Бұл халық арасындағы өзара көмек, құрмет пен қолдауға негізделген ынтымақтастықты орнатады. Осымен қатар, адалдықтың бағалануы жас ұрпаққа оң тәрбие береді.

Егер мемлекеттік қызметкер өз жауапкершілігіне адал болса, халықтың үкіметке деген сенімі артады, ал наразылық тез шешіледі не мүлдем туындамайды. Жалпы, қоғам толығымен адал болуы үшін кісіге бала күнінен сай тәрбие берілуі тиіс. Жастайынан нық ұстанымы қалыптасқан адам өзгенің құқығы мен мүлкін жемейді. Заң сақталып, тәртіп, тыныштық, бейбітшілік орнайды. Зұлымдық пен опасыздық азайып, жауапкершілік пен кішіпейілділік артады.

Қорытындылай келе, қоғам адалдықты өмір салтына айналдырса, болашағы жарқын, халқы тату болмақ. Адалдық – қоғам негізі. Ал даму мен тұрақтылық адалдықтың ажырамас салдары болады. Сондықтан, әр адамның өзінен бастап адалдыққа ұмтылуы – барша қоғамға жасалған үлкен игілік.

Нұржігіт Аружан

«Zerdeli international School» халықаралық мектебі, 10 «А» сынып оқушысы

Адалдық – адамның ішкі дүниесінің тазалығын, шыншылдығын, әділдікке деген ұмтылысын көрсететін асыл қасиет.

Бұл қасиет тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Адалдық бар жерде сенім, тұрақтылық және әділеттілік орнайды.

Қоғам мүшелері бір-біріне, мемлекетке, заңға адал болса, онда ел ішінде бірлік пен тыныштық сақталады. Мысалы, кәсіпкер адал жолмен табыс тапса, ол сапалы өнім ұсынады, тұтынушы да разы болады. Дәрігерлердің, мұғалімдердің, шенеуніктердің адалдығы - халықтың оларға деген сенімін арттырады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы тұрақтылықты және дамуды қамтамасыз етеді. «Адалдыққа бой ұрсаң, өмірлік бақыт тапқаның», – демекші, адал болсаң, тек жақсылыққа жолығасың.

Өмірде көптеген адалдыққа қатысты жағдайлар болып тұрады. Мысалы, көшеде кетіп бара жатқан адамның әмияны түсіп қалғанын көре тұра, қайтармайтын адамдар да бар. Егер қоғамда адалдық үстемдік етсе, онда алаяқтық, жемқорлық, өтірік сияқты жаман әрекеттер азаяды. Мұндай ортада адамдар еркін өмір сүріп, өз еңбегімен табыс табуға тырысады. Бұл экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға тікелей әсер етеді.

Қорытындылай келе, адалдық — қоғамның рухани тірегі. Азаматтары адал елдің болашағы жарқын, халқы бақытты болары сөзсіз.

Божекова Іңкәр

«Zerdeli international School» халықаралық мектебі, 11 «Г» сынып оқушысы

Қоғамның өркендеуі мен тұрақты дамуы тек материалдық жетістіктерге ғана емес, рухани құндылықтарға да байланысты. Сол рухани тіректердің бірі — адалдық. Адал адам — сенімді, әділ, жауапкершілігі жоғары тұлға. Ал адал қоғам — тәртіпке негізделген, ынтымағы жарасқан әділетті орта.

Адалдық — адамдар арасындағы сенімді нығайтатын, қоғамның тұтастығын сақтайтын қасиет. Заңға бағынатын, ел мүддесін жеке басының пайдасынан жоғары қоятын азамат — адалдықтың үлгісі. Мысалы, мемлекеттік қызметкердің адалдығы — сыбайлас жемқорлықтың азаюына, халықтың билікке деген сенімінің артуына себеп болады. Оқушы мен студент емтихан кезінде адал әрекет етсе, бұл — білім сапасының артуына, әділетті бағалауға және бәсекеге қабілетті мамандардың қалыптасуына жол ашады.

Сондай-ақ, кәсіпкерлер мен саудагерлер адал еңбек етсе, тұтынушылардың құқығы қорғалып, әділ нарық жүйесі дамиды. Адалдық — тек кәсіби салада ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да маңызды. Бір-біріне сенім арта алатын қоғамда ынтымақ пен түсіністік бекиді, ал бұл — елдің тұрақты дамуының кепілі.

Мажит Аружан

«Zerdeli international School» халықаралық мектебі, 11 «Б» сынып оқушысы

Адалдық — адам бойындағы ең маңызды қасиеттердің бірі.

Ол адамның ішкі тазалығын, шынайылығын және әділеттілікке ұмтылысын білдіреді. Қоғамда адал адамдар көп болса, сол қоғамда сенім, тұрақтылық және әділдік орнығады. Осы тұрғыдан алғанда, адалдық — қоғам дамуының негізі.

Адалдықтың қоғам өміріне тигізер әсері мол. Ең алдымен, адал адам өз міндетіне жауапкершілікпен қарайды, заң мен тәртіпті сақтайды. Мұндай адамдар мемлекеттік қызметте, бизнесте, білім мен медицинада әділ әрі тиімді жұмыс атқарады. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлықты азайтып, халықтың мемлекетке және бір-біріне деген сенімін арттырады. Адалдық, сонымен қатар,

жастардың бойына үлгі болып, болашақ буынның тәрбиесіне оң әсер етеді. Әрбір азамат өз ісіне адал болса, қоғамда әділеттілік пен тәртіп орнайды.

Қорытындылай келе, адалдық – тек жеке адамның қасиеті емес, бүкіл қоғамның дамуына тікелей әсер ететін маңызды құндылық. Адал адамдардан құралған қоғам – өркениетті, тұрақты және әділетті қоғам. Сондықтан әр адам өзінен бастап, адал болуға ұмтылуы тиіс.

Болатқызы Асылайым

«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 10 сынып оқушысы

Әрбір қоғамның іргетасы – оның адал азаматтары. Мен үшін «адал азамат» – шыншылдықты, әділеттілікті және жауапкершілікті өмірлік ұстаным еткен, сөзі мен ісі үйлескен адам. Адал адам ешқашан өтірік айтпайды, біреуге қиянат жасамайды, өз пайдасын ғана көздемей, қоғамның игілігі үшін әрекет етеді. Қоғамның дамуы адалдыққа тікелей байланысты.

Ар - ұждан мен намыс – адалдықтың ішкі тіректері. Адам ар - ұжданын тыңдай білсе, ол өтірікке жоламайды, әділетсіздікке қарсы тұрады. Намысты азамат өз елінің беделін биік қойып, әрқашан ұят пен абыройды алдыңғы орынға шығарады. Мұндай азамат ел үшін аянбай еңбек етеді, қажет болса, елі үшін жанын да қияды.

Қорытындылай келе, адал азамат – қоғамның шамшырағы. Ол тек өзін ғана емес, айналасындағы адамдарды да жақсылыққа жетелейді. Осындай азаматтар көбейсе, болашағымыз да жарқын болмақ.